

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Ж.З. Оралбаева
А.З. Арыстамбаева

ҰЙЫМНЫҢ ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ
ҚЫЗМЕТІН ТАЛДАУ

Оқу құралы

Алматы
«Қазақ университеті»
2019

ӘОЖ 658 (075)
КБЖ 65.290-2я73
О-65

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
экономика және бизнес жоғары мектебінің Ғылыми кеңесі
және Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған
(№3 хаттама 6 ақпан 2019 жыл)*

Пікір жазғандар:

экономика ғылымдарының кандидаты, доцент м.а. **А.К. Бейсенбаева**
экономика ғылымдарының кандидаты **Ж.А. Аскарова**

Оралбаева Ж.З.

О-65 Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін талдау:
оқу құралы / Ж.З. Оралбаева, А.З. Арыстамбаева. – Ал-
маты: Қазақ университеті, 2019. – 186 б.

ISBN 978-601-04-3899-6

Кітап теориялық материалдарды толық түсініп меңгеруге, нақты тәжірибеде қолдануға, талдауға және бағалауға, соның негізінде дұрыс таңдау жасауға, ұтымды шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Оқу құралы экономикалық талдаудың теориялық және тәжірибелік сұрақтарын қамтиды, әрбір тақырыптар бойынша қысқаша дәрістер, өзін-өзі бақылау сұрақтары, тест тапсырмалары түрінде жинақталған.

Бұл еңбек жоғары оқу орындары мен колледждердің студенттеріне, өз бетінше талдау негіздерін меңгеруге талпынған көпшілікке арналады.

ӘОЖ 658 (075)
КБЖ 65.290-2я73

ISBN 978-601-04-3899-6

© Оралбаева Ж.З., Арыстамбаева А.З., 2019
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2019

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	5
1. ҰЙЫМНЫҢ ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ТАЛДАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ	7
1.1. Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін талдау туралы түсінік	7
1.2. Қаржы-шаруашылық қызметті талдаудың өндірісті басқарудағы және оның тиімділігін жоғарылатудағы рөлі.....	9
1.3. Қаржы-шаруашылық қызметті талдау пәні және объектілері.....	11
1.4. Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін талдаудың мазмұны	12
1.5. Қаржы-шаруашылық қызметті талдау қағидалары	13
1.6. Өзара байланысты аналитикалық көрсеткіштер жүйесін дайындау.....	15
2. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ МЕН ҚОЛДАНЫЛУЫН ТАЛДАУ	18
2.1. Негізгі құралдарды талдаудың мақсаты, міндеттері мен ақпарат көздері	18
2.2. Негізгі құралдардың құрылымы мен қозғалысын талдау	19
2.3. Негізгі құралдардың техникалық жағдайын талдау	22
2.4. Ұйымның негізгі құралдармен қамтамасыз етілуін және оларды пайдалану тиімділігін талдау.....	23
3. ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫН ҚОЛДАНУДЫ ТАЛДАУ	29
3.1. Еңбек ресурстарын талдаудың мақсаты, міндеттері және ақпарат көздері	29
3.2. Ұйымның еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуін талдау.....	30
3.3. Еңбек өнімділігін талдау.....	35
3.4. Еңбекақы қорын пайдалануды талдау	39
4. МАТЕРИАЛДЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ҚОЛДАНУДЫ ТАЛДАУ	46
4.1. Материалдық ресурстарды талдаудың міндеттері және ақпарат көздері	46
4.2. Ұйымның материалдық ресурстармен қамтамасыз етілуін талдау.....	46
4.3. Материалдық ресурстарды қолдану тиімділігінің көрсеткіштері: материал сыйымдылығы және материал қайтарымдылығы	53
5. ӨНІМДЕРДІ ӨНДІРУ ЖӘНЕ САТУ КӨЛЕМІН ТАЛДАУ	59
5.1. Өнімдерді өндіру және сатуды талдаудың міндеттері мен ақпарат көздері	59
5.2. Өнімдерді өндіру динамикасы мен жоспарлардың орындалуын жалпы сипаттау	61

6. ӨНІМНІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫН ТАЛДАУ	71
6.1. Өнімнің өзіндік құнын талдаудың маңызы және міндеттері	71
6.2. Өнімнің жеке түрлерінің өзіндік құнын талдау	73
6.3. Жанама шығындарды талдау	78
6.4. Өнімнің өзіндік құнын төмендету резервтерін анықтау әдістемесі	80
7. ҰЙЫМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ	86
7.1. Қаржылық жағдайды талдаудың маңыздылығы мен міндеттері	86
7.2. Қаржылық жағдайды экспресс-талдау және оның кезеңдері	87
7.3. Ұйым активтерін қалыптастыру көздерін талдау	91
7.4. Ұйым активтерін орналастыру көздерін талдау	98
7.5. Баланс өтімділігін талдау	106
7.6. Ұйымның төлем қабілеттілігін талдау	111
8. ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ	118
8.1. Қаржылық тұрақтылық түсінігінің экономикалық мәні	118
8.2. Ұйымның қаржылық тұрақтылығына әсер ететін факторлар	122
8.3. Қаржылық тұрақтылықты меншікті және қарыздық капитал арақатынастарын талдау негізінде бағалау	130
9. ҰЙЫМНЫҢ БАНКРОТ БОЛУ ЫҚТИМАЛДЫЛЫҒЫН ДИАГНОСТИКАЛАУ ӘДІСТЕРІ	140
9.1. Банкроттық және оның негізгі пайда болу себептері	140
9.2. Банкрот болу ықтималдылығын бағалау әдістері	143
9.3. Ұйымның қаржылық жағдайын сауықтыру шаралары	149
ҚАРАСТЫРЫЛҒАН ТАҚЫРЫПТАРДЫ БЕКІТУГЕ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ	154
БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ	182
ГЛОССАРИЙ	183

КІРІСПЕ

Ұйымның экономикалық ұстанымының күрделілігі мен серпінділігін жоғарылататын нарықтық қатынастар шаруашылық субъектісінің экономикасын басқарудың стилі мен әдістерінің айтарлықтай өзгеруін талап етеді.

Тиімді ағымдық және перспективалық басқару шешімдерін дайындауды қамтамасыз ететін жоспарлау, бухгалтерлік есеп және экономикалық талдауды интеграциялауда көрініс табатын жаңа тұжырымдамалар өзекті болып табылады.

Қазіргі уақытта экономикалық талдау экономикалық ғылымдар арасында маңызды орын алады. Оны өндірісті басқару қызметтерінің бірі ретінде қарастырады. Себебі ұйымдардың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету олардың қызметін экономикалық жағынан сауатты басқаруды талап етеді, бұл көбінесе оны талдау жұмыстарын жүргізу қабілетімен анықталады. Талдаудың көмегімен ұйымның даму тенденциялары мен қызметінің нәтижелерінің өзгеруіне әсер еткен факторлар терең және жүйелі түрде зерттеледі, жоспарлар мен басқару шешімдері негізделеді, олардың орындалуына бақылау жасалынады, өндірістің тиімділігін арттыру резервтері анықталады, ұйымның экономикалық даму стратегиясы жасалады.

Талдау барысында бастапқы ақпараттар аналитикалық өңдеулерден өтеді: қол жеткізілген өндірістік нәтижелерді өткен кезеңдердегі деректермен, басқа ұйымдардың көрсеткіштерімен салыстыру; әртүрлі факторлардың нәтижелік көрсеткіштің өзгеруіне әсері анықталды; кемшіліктер, қателер, пайдаланылмаған мүмкіндіктер, перспективалар және т.б. анықталады.

Өндірісті басқару құралы ретінде талдаудың рөлі жыл сайын артып келеді. Бұл ең алдымен, шикізат ресурстарының тапшылығы мен олардың құндарының жоғарылауына байланысты өндірістің тиімділігін және өнімдердің, жұмыстардың, қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажеттілігіне негізделеді.

Басқару шешімдері мен іс-әрекеттері нақты есептеулерге, терең және жан-жақты экономикалық талдауға негізделуі керек, оның экономикалық негізділігі дәлелденбейінше ешқандай

ұйымдастырушылық, техникалық және технологиялық шаралар жүзеге асырылмауы керек.

Қаржы-шаруашылық қызметті талдау бизнесте басқару шешімдерін қабылдауға ғылыми негіз болып табылады. Оларды негіздеу үшін, ең алдымен шешілуі қажетті мәселелерді, өндірістік және қаржылық тәуекелдерді анықтау және болжау қажет, қабылданатын шешімдердің тәуекелдер мен ұйым табысына әсерін анықтау керек. Сондықтан менеджерлердің барлық деңгейлері үшін микроэкономикалық талдау әдістемелерін меңгеру оларды кәсіби тұрғыдан дайындаудың құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады.

Білікті экономист, қаржыгер, бухгалтер, аудитор және басқа да экономика саласындағы мамандар экономикалық зерттеулердің заманауи әдістері мен жүйелі кешенді микроэкономикалық талдау шеберлігін меңгеруі тиіс. Талдаудың техникасы мен технологияларын меңгеру арқылы олар нарық жағдайындағы өзгерістерге оңай бейімделіп, дұрыс шешімдер қабылдай алады. Сондықтан да экономикалық талдау негіздерін меңгеру шешімдерді қабылдауға қатысатын немесе оларды қабылдауға қатысты ұсыныстар беретін кез келген тұлғалар үшін пайдалы.

Қаржы-шаруашылық қызметті талдау экономикалық мамандықтардың студенттері оқыған барлық пәндерді біріктіретін білім саласы болып табылады. Ол ұйымның өндірістік-қаржылық қызметтерін кешенді түрде түсінуді қамтамасыз етеді. Сондықтан осы оқу құралы экономикалық теория, кәсіпорын экономикасы, кәсіпорындарда өндірісті ұйымдастыру, бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік және статистика негіздерімен таныс адамдарға арналған. Материалды таныстыру ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін талдаудың теориялық негіздерінен, яғни оның пәні, әдістері, міндеттері, әдістемесі және ұйымда экономикалық талдауды ұйымдастыру туралы білімдер жүйесінен басталады. Ұйым қызметінің негізгі экономикалық көрсеткіштерін кешенді жүйелік талдау әдістемелері отандық және шетелдік тәжірибелерді ескере отырып қарастырылған. Оқу құралында қаржылық және басқарушылық талдаулардың үйлесіміне негізделген материалдар берілген.

Оқу құралы магистранттарға, жоғары оқу орындары мен колледждердің студенттеріне арналған.

1. ҰЙЫМНЫҢ ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ТАЛДАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

1.1. Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін талдау туралы түсінік

Табиғат құбылыстары мен әлеуметтік өмірді зерттеу талдаусыз болуы мүмкін емес. «Талдау» термині грек тіліндегі «analysis» сөзінен шыққан, яғни «бөлу», «бөлшектеу» деген мағынаны білдіреді. Сондықтан талдау – объектіні зерттеу үшін оның құрамдас бөліктерге бөлу, бөлшектеу дегенді білдіреді. Бұл бөлшектеу зерттелетін объектінің ішкі мәнін түсінуге, зерттелетін құбылыстардағы әрбір элементтің рөлін анықтауға мүмкіндіктер береді. Мысалы, пайданың мәнін түсіну үшін, ең алдымен оны алудың негізгі көздерін, оның көлеміне әсер ететін факторларды білуді талап етеді. Ал өнімнің өзіндік құнының мәнін түсіну үшін оның қандай элементтерден тұратынын біліп қана қоймай, сонымен бірге оның шығынның әрбір баптарына тәуелділігін зерттеу керек. Себебі өнімнің өзіндік құнының өзгеруіне әсер ететін факторларды неғұрлым егжей-тегжейлі бөлшектеп көрсететін болсақ, соғұрлым осы экономикалық құбылыстар туралы көп білеміз және өнімнің өзіндік құнын қалыптастыру процесін неғұрлым тиімді басқарамыз.

Сонымен бірге қоршаған ортаның көптеген құбылыстары мен процестерін талдау арқылы ғана түсінуге болмайтынын атап өту керек. Адам ойлауына сәйкес келетін басқа да әдістерді жиі қолдану қажеттіліктері пайда болады. Зерттелген объектінің жеке бөліктері арасындағы байланыстар мен тәуелділіктерді анықтайтын талдау түсінігіне неғұрлым жақын түсінік синтез болып табылады.

Синтез дегеніміз – зерттелетін объектілердің бөлшектелген бөліктерін (элементтерін) біртұтас бөлікке біріктіру. Мысалы, пайданы зерттеу кезінде оның көлемін қалыптастыратын факторлардың өзара байланысын ескеру керек.

Талдау мен синтез біріккен кезде ғана белгілі бір құбылыстарды ғылыми тұрғыдан зерттеу қамтамасыз етіледі.

Ғылым мен практикада әртүрлі талдау түрлері пайдаланылатыны белгілі, олар: физикалық, химиялық, математикалық, статистикалық, экономикалық және т.б. аталған талдау түрлері бір-бірлерінен объектілерімен, мақсаттарымен, зерттеу әдістерімен ерекшеленеді. Экономикалық талдау физикалық, химиялық және басқа да талдау түрлерінен экономикалық құбылыстарды зерттеудің абстрактілі-логикалық әдісімен ерекшеленеді, яғни мұнда микроскоптарды немесе химиялық реактивтерді қолдануға болмайды.

Қоршаған ортаға өзінің іс-әрекеттерінің әсерін үнемі бағалап отыратын объективті қажеттіліктерге байланысты адамның аналитикалық мүмкіндіктері пайда болды және жетілдірілді. Бұл ресурстарды пайдаланудың ең тиімді жолдарын іздестіруге әкелді.

Халық санының өсуіне, өндіріс құралдарының жетілдіруіне, адамның материалдық және рухани қажеттіліктерінің өсуіне байланысты талдау бірте-бірте өркениетті қоғамның өмірлік маңызды қажеттілігі бола бастады. Бүгінгі күні адамдардың саналы қызмет етуі талдаусыз болуы мүлдем мүмкін емес. Талдаудың пайда болу тарихын сипаттай отырып, Ф. Энгельс былай деп жазды: «Жаңақты шағудың өзі талдаудың басталуы». Адамзат қоғамының дамуымен шағылған жаңақтардың саны артып, шағу, бұзу әдістері жетілдіріліп келеді. Талдау объектілерінің шеңбері кеңейіп, ол өзі дамып келеді.

Адамдардың саналы іс-әрекеттерінің нәтижесінде олардың табиғи ортамен қарым-қатынастары біртіндеп кеңейіп, өздерінің әртүрлі объектілер мен құбылыстар туралы түсініктерін байытты. Осы объектілер мен құбылыстарды талдамалық зерттеулермен байланысты біртіндеп жеткілікті деңгейде ерекшеленетін зерттеу түрі қажет болды. Осылайша, математикада, химияда, медицинада және басқа да ғылымдарда талдау пайда болды.

Осындай процестер экономикалық қызметте де болды. Өндіруші күштер мен өндірістік қатынастардың дамуы, өндіріс көлемінің өсуі мен айырбастың кеңеюі ғылымның тәуелсіз саласы ретінде экономикалық талдаудың пайда болуына әсерін тигізді.

Экономикалық талдау – экономикалық құбылыстар мен процестердің мәнін танып білу үшін оларды құрамдас бөліктерге бөлу арқылы әралуан байланыстар мен тәуелділіктерді зерттеуге негізделген ғылыми тәсіл.

Экономикалық талдаудың құбылыстар мен процестерді әлемдік және ұлттық экономика деңгейінде және оның жеке салаларын зерттейтін макроэкономикалық талдау, сонымен бірге осы процестер мен құбылыстарды жеке экономикалық субъектілер деңгейінде зерттейтін микроэкономикалық талдау деген түрлері бар. Микроэкономикалық талдауды ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін талдау деп те атайды.

1.2. Қаржы-шаруашылық қызметті талдаудың өндірісті басқарудағы және оның тиімділігін жоғарылатудағы рөлі

Қазіргі уақытта ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін талдау экономикалық ғылымдар арасында маңызды орын алады. Оны өндірісті басқару қызметтерінің бірі ретінде қарастырады. Басқару жүйесіндегі талдаудың орнын басқару жүйесі бір-бірімен өзара байланысты келесідей қызметтер атқаратандығымен негіздеуге болады: жоспарлау, есеп, талдау және басқару шешімдерін қабылдау.

Жоспарлау ұйымдағы өндірісті басқару жүйесінде өте маңызды қызмет болып табылады. Оның көмегімен ұйым қызметінің, оның құрылымдық бөлімшелері мен жеке қызметкерлерінің қызмет ету бағыттары мен мазмұны анықталады. Жоспарлаудың негізгі міндеті – ұйым экономикасы мен оның әрбір қатысушысының жоспарланған дамуын қамтамасыз ету және өндірістің жақсы нәтижелерге қол жеткізу жолдарын анықтау.

Өндірісті басқару үшін өндірістік процестің барысы және жоспарлардың орындалуы туралы толық және нақты ақпараттар қажет.

Сондықтан өндірісті басқару қызметтерінің бірі – есеп. Есеп өндірісті басқару және өндірістік процестер мен жоспарлардың орындалуына бақылау жасау үшін мәліметтерді жинау, жүйелеу мен жалпылауды қамтамасыз етеді.

Дегенмен өндірісті басқару үшін жоспардың орындалу барысы мен экономикалық қызметтің нәтижелері туралы ғана емес, сондай-ақ ұйым экономикасында болған өзгерістердің тенденциялары мен сипаты туралы да ақпараттар қажет болып табылады.

Ақпараттардың мәнін түсінуге экономикалық талдау арқылы ғана қол жеткізіледі. Ол есеп пен басқару шешімдерін қабылдау арасындағы байланыстырушы звено болып саналады.

Талдау барысында алғашқы ақпараттар аналитикалық өңдеуден өтеді: қол жеткізілген көрсеткіштер алдыңғы кезеңдердегі деректермен, басқа ұйымдардың көрсеткіштерімен және саланың орташа көрсеткіштерімен салыстырылады; нәтижелік көрсеткіштерге әртүрлі факторлардың әсері анықталды.

Талдау нәтижелері негізінде басқару шешімдері әзірленеді және негізделеді. Экономикалық талдау шешімдерді негіздейді және өндірісті ғылыми басқаруға негіз болып табылады, оның объективтілігі мен тиімділігін қамтамасыз етеді. Демек, экономикалық талдауды басқару шешімдерін ғылыми негіздеуге және оңтайландыруға қажетті деректерді дайындау бойынша қызмет ретінде қарастыруға болады.

Басқару қызметі ретінде қаржы-шаруашылық қызметті талдау өндірісті жоспарлаумен және болжаумен тығыз байланысты, өйткені терең талдаусыз бұл қызметтерді жүзеге асыру мүмкін емес. Жоспарлардың орындалуын тексеруде және объективті түрде бағалауда жоспарлау, сапаны бағалау және жоспарлық көрсеткіштерді негіздеу үшін ақпараттарды дайындауда қаржы-шаруашылық қызметті талдау маңызды рөл атқарады. Ұйым үшін болашақта өндірістің дамуын қамтамасыз ететін жоспарларды әзірлеу мәні бойынша шешімдерді қабылдау болып саналады. Сонымен бірге алдыңғы жоспарларды іске асыру нәтижелері ескеріліп, ұйымның экономикасын дамыту тенденциялары зерттеледі және өндірістің қосымша резервтері ескеріледі.

Қаржы-шаруашылық қызметті талдау жоспарларды негіздеу құралы ғана емес, сондай-ақ олардың орындалуын бақылау құралы да болып табылады. Жоспарлау ұйымның қаржылық нәтижелерін талдаудан басталады және аяқталады.

Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін талдау жоспарлау деңгейін жоғарылатады, оны ғылыми түрғыдан негіздейді. Талдаудың өндірістің тиімділігін арттыру үшін резервтерді анықтау және пайдаланудағы атқаратын рөлі өте үлкен. Ол ресурстарды үнемді пайдалануға, озық тәжірибені, жаңа техникалар мен технологияларды қолдануға ықпал етеді.

Сонымен, ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін талдау өндірісті басқару жүйесіндегі маңызды элемент, ұйымшілік резерв-

терді анықтаудың тиімді құралы, ғылыми негізделген жоспарлар мен басқару шешімдерін әзірлеу үшін негіз болып табылады.

1.3. Қаржы-шаруашылық қызметті талдау пәні және объектілері

Әрбір ғылымның мақсаты мен өзіне ғана тән әдістері бар зерттеу пәні болады. Зерттеу пәні жоқ болса, ғылым да жоқ болады. Зерттеу пәнін анықтаудың қандай ғылым болмасын оның дербестілігін негіздеу үшін маңыздылығы жоғары.

Кез келген ғылымның пәні деп тек осы ғылыммен зерттелетін объективті шындықтың кейбір бөлігін немесе қандай да бір жағын түсінеді. Бір ғана объектіні әртүрлі ғылымдармен қарастыруға болады. Әрбір ғылым объектілердің әрқайсысына айрықша қатынастарды табады.

Қандай ғылымның болмасын пәні деп оны көптеген басқа ғылымдар арасында бөліп қарастыруға болатын ерекшелігі санауы керек.

Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін талдаудың пәні – экономикалық құбылыстар мен процестердің себеп-салдарлық байланыстары. Ұйымның шаруашылық қызметінің себеп-салдарлық байланыстарын түсіну экономикалық құбылыстар мен процестердің мәнін түсінуге және сол арқылы қол жеткізілген нәтижелерді дұрыс бағалауға, өндіріс тиімділігін жоғарылату резервтерін анықтауға, жоспарлар мен басқару шешімдерін негіздеуге мүмкіндіктер береді.

Қаржы-шаруашылық қызметті талдаудың объектісі ұйымның шаруашылық қызметінің экономикалық нәтижесі болып табылады. Мысалы, өндірістік ұйымдарда талдау объектісі өнімдерді өндіру мен сату, оның өзіндік құны, материалдық, еңбек және қаржылық ресурстарды пайдалану, өндірістің қаржылық нәтижесі, ұйымның қаржылық жағдайы болып табылады. Ал ауыл шаруашылығымен айналысатын ұйымдарда талдау объектілерінің қатарына жоғарыда аталғандармен қоса, ұйымның жер ресурстарын пайдалану (100 гектар егістік алқапқа келетін өнімділік, егіс алқаптарының сапасы, топырақтың сапасы, егістің құрамы және т.б.) деңгейі де жатады.

1.4. Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін талдаудың мазмұны

Қаржы-шаруашылық қызметті талдаудың ғылыми пән ретіндегі мазмұны, ең алдымен, оның басқа қолданбалы экономикалық ғылымдар жүйесінде атқаратын қызметтерінен туындайды.

Атқаратын осындай қызметтерінің бірі экономикалық заңдардың жұмыс істеу сипатын зерттеу, ұйымның нақты жағдайындағы экономикалық құбылыстар мен процестердің заңдылықтары мен тенденцияларын анықтау болып табылады.

Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін талдаудың маңызды қызметтерінің бірі – ағымдағы және болашақтағы жоспарларды ғылыми тұрғыдан негіздеу. Ұйым қызметінің нәтижелеріне жасалынған терең экономикалық талдау жұмыстарынсыз (соңғы 5-10 жылға), болашаққа жасалған негізделген болжамдарсыз, ұйым экономикасының даму заңдылықтарын зерттемей, орын алған кемшіліктер мен жіберілген қателерді анықтамай, ғылыми негізделінген жоспарлар жасау және басқару шешімдерінің оңтайлы нұсқасын таңдау мүмкін емес.

Талдаудың атқаратын қызметтерінің тағы бірі жоспарлар мен басқару шешімдерінің орындалуын, сондай-ақ ресурстардың үнемді пайдаланылуын бақылау болып табылады. Талдау қол жеткізілген нәтижелерді бағалау мақсатында ғана емес, сонымен қатар жіберілген кемшіліктер мен қателерді анықтау және экономикалық процестерге жедел әсер ету мақсатында жүзеге асырылады. Сондықтан да талдауды жүргізудің жеделділігін арттыру қажет.

Талдаудың негізгі қызметтерінің бірі ұйым қызметін объективті бағалауға, оның қаржылық жағдайын дұрыс диагностикалауға және болашақтағы дамуын дұрыс болжауға, ұйым қызметінің тиімділігін арттыру резервтерін іздестірудің негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндіктер беретін қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелеріне объективті және субъективті, ішкі және сыртқы факторлардың әсерін зерттеу болып табылады.

Талдаудың ұйымда атқаратын маңызды қызметтерінің бірі жұмыс ғылым мен практиканың озық тәжірибелері мен жетістіктерін зерделеу негізінде өндірістің тиімділігін арттыру үшін резервтерді іздестіру болып табылады.

Талдаудың келесі қызметі – жоспарлардың орындалуы, экономикалық дамудың қол жеткізілген деңгейлері, қолжетімді мүмкіндіктерді пайдалану бойынша және тауарлар мен қызметтер нарығындағы оның жағдайын диагностикалау арқылы ұйым қызметінің нәтижелерін бағалау. Ұйым қызметін объективті диагностикалау өндірістің өсуіне және оның тиімділігін арттыруға әсер етеді.

Талдаудың атқаратын қызметтерінің соңғысы шаруашылық қызметті жүргізу барысында анықталған резервтерді қолдану бойынша ұсыныстарды әзірлеу болып табылады.

Сонымен, ғылым ретінде қаржы-шаруашылық қызметті талдау – бұл шаруашылықтың даму тенденцияларын, жоспарлар мен басқару шешімдерінің ғылыми негізделуін зерттеумен, олардың жүзеге асырылуын бақылаумен, факторлардың әсерін өлшеу және қол жеткізілген нәтижелерді бағалаумен, өндірістің тиімділігін жоғарылату резервтерін анықтаумен, оларды пайдалану бойынша ұсыныстар әзірлеумен байланысты арнайы білім беру жүйесі.

1.5. Қаржы-шаруашылық қызметті талдау қағидалары

Аналитикалық зерттеулер, оның нәтижелері және оларды өндірісті басқаруда пайдалану белгілі бір әдіснамалық қағидаларға сәйкес келуі керек және ол қағидалар талдауды ұйымдастыруда, жүзеге асыруда, талдау нәтижелерін тәжірибеде қолдануда міндетті түрде орындалуы тиіс.

Қаржы-шаруашылық қызметті талдау қағидаларына тоқталайық:

1. Талдау экономикалық құбылыстарды, процестерді және шаруашылық нәтижелерін бағалау кезінде мемлекеттік көзқарасқа негізделуі керек. Басқаша айтқанда, экономикалық өмірдің белгілі бір көріністерін бағалау кезінде олардың мемлекеттік экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, халықаралық саясаттар мен заңнамаларға сәйкестігін ескеру қажет.

2. Талдау ғылыми сипаттағы болуы керек, яғни талдау диалектикалық таным теориясы ережелеріне негізделуі, өндірісті дамытудың экономикалық заңдарының талаптарын ескеруі, ғы-

лыми-техникалық прогрестің жетістіктерін және үздік тәжірибені, экономикалық зерттеулердің жаңа әдістерін қолдауы керек.

3. Талдау кешенді болуы керек. Зерттеудің кешенділігі ұйым экономикасындағы барлық звенолар мен қызметтің барлық аспектілерін қамтуды талап етеді.

4. Талдауға қойылатын талаптарының бірі жүйелік көзқарас болып табылады, мұнда әрбір зерттелетін объект бір-бірімен және сыртқы ортамен байланысты белгілі бір элементтерден тұратын күрделі динамикалық жүйе ретінде қарастырылады. Әр объектіні зерттеу барлық ішкі және сыртқы байланыстарды, оның жеке элементтерінің өзара тәуелділіктерін ескере отырып жүргізілуі керек.

5. Қаржы-шаруашылық қызметті талдау объективті, нақты, дәл болуы керек. Ол объективті шындықты нақты көрсететін сенімді, тексерілген ақпаратқа және оның қорытындылары жүргізілген аналитикалық есептеулермен негізделуі керек. Осы талаптан бухгалтерлік есепті ұйымдастыруды, ішкі және сыртқы аудитті, сонымен бірге есептеулердің дәлдігі мен сенімділігін арттыру мақсатымен талдау әдістемесін үнемі жетілдіріп отыру қажеттілігі туады.

6. Талдау нәтижесі ықпалды болуы, яғни өндірісті жүргізуге және оның нәтижелеріне белсенді түрде әсер етуі тиіс. Осы қағидадан ұйымды басқару, нақты шараларды әзірлеу, жоспарланған деректерді негіздеу, түзету және нақтылау үшін талдау материалдарын қолдану қажеттілігі туындайды. Олай болмаған жағдайда талдаудың мақсатына қол жеткізілмейді.

7. Талдау жоспарға сәйкес жүйелі түрде жүзеге асырылуы керек. Осы талаптан ұйымдардағы аналитикалық жұмыстарды жоспарлау, орындаушылар арасында оны жүзеге асыру үшін жауапкершіліктерді бөлу және оның орындалуына бақылау жасау қажеттілігі шығады.

8. Талдау жылдам және жедел түрде жүргізілуі керек. Жеделділік талдауды тез және анық жүргізу, басқару шешімдерін қабылдау және оларды іске асыру дегенді білдіреді.

9. Талдау қағидаларының бірі талдауды жүргізуге ұйым қызметкерлерінің көп қатысуы арқылы үздік тәжірибелерді анықтауды және қолда бар ішкі шаруашылық резервтерін қолдануы неғұрлым толық қамтамасыз ететін оның бұқарашылдығы болып табылады.

10. Талдау тиімді болуы керек, яғни оны жүргізуге кеткен шығындар бірнеше рет оң нәтиже әкелуі керек.

Сонымен, талдаудың негізгі қағидалары ғылымилық, кешенділік, жүйелілік, объективтілік, дәлдік, сенімділік, тиімділік, бұқарашылдық, нәтижелік және т.б. болып табылады. Олар қаржы-шаруашылық қызметке кез келген деңгейде талдау жүргізу кезінде басшылыққа алынуы тиіс.

1.6. Өзара байланысты аналитикалық көрсеткіштер жүйесін дайындау

Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін талдаудың барлық объектілері жоспар, есеп, есептілік және басқа ақпарат көздері көрсеткіштерінің жүйесінде көрінеді. Әрбір экономикалық құбылыс, әр процесс бір-бірімен өзара байланысты көрсеткіштер кешенімен анықталады. Талдауда қолданылатын көрсеткіштер саны өте көп болуына байланысты, оларды топтастыру және жүйелеу қажеттіліктері туады.

Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін талдауда қолданылатын көрсеткіштер мазмұны бойынша сандық және сапалық болып бөлінеді.

Сандық көрсеткіштерге, мысалы, өндірілетін өнімнің көлемі, жұмысшылардың саны, ауыл шаруашылығы дақылдары, мал шаруашылығы және т.б. жатады.

Сапалық көрсеткіштер зерттелген объектілердің маңызды ерекшеліктері мен қасиеттерін көрсетеді. Сапалық көрсеткіштерге мысал ретінде еңбек өнімділігі, өзіндік құн, рентабельділік, егістік өнімділігі және т.б. сияқты көрсеткіштерді жатқызуға болады.

Сандық көрсеткіштердің өзгеруі міндетті түрде сапалық көрсеткіштердің өзгеруіне әкеледі және керісінше де болады. Мысалы, өндіріс көлемінің өсуі өзіндік құнды төмендетуге әкеледі. Еңбек өнімділігінің өсуі өндіріс көлемінің ұлғаюын қамтамасыз етеді.

Кейбір көрсеткіштер ұлттық экономиканың барлық салаларының қызметін талдау кезінде қолданылады, ал кейбіреулері тек белгілі бір салаларға талдау жүргізу барысында пайдаланы-

лады. Осы негізде олар жалпы және ерекше көрсеткіштер деп бөлінеді. Жалпы көрсеткіштерге жалпы өндірілген өнім, еңбек өнімділігі, пайда, өзіндік күн сияқты көрсеткіштер жатады. Жеке салаларға ғана тән ерекше көрсеткіштерге тас көмірдің құнарлылығы, шымтезектің ылғалдығы, сүттің майлылығы, астықтың өнімділігі сияқты өзге де көрсеткіштер жатады.

Қаржы-шаруашылық қызметті талдауда қолданылатын көрсеткіштер жалпылау дәрежесі бойынша жалпылама, жеке және көмекші (жанама) болып бөлінеді. Олардың біріншісі күрделі экономикалық құбылыстардың сипаттамаларын жалпылау үшін пайдаланылады.

Жеке көрсеткіштер жеке аспектілерді, зерттелетін құбылыстар мен процестердің элементтерін көрсетеді. Мысалы, еңбек өнімділігінің жалпылама көрсеткіштеріне бір қызметкердің орташа жылдық, орташа күндік, орташа сағаттық өнімділік көрсеткіштері жатады. Еңбек өнімділігінің жеке көрсеткіштеріне белгілі бір өнім бірлігін немесе жұмыс уақытының бірлігіне есептелген өнім санын өндіруге жұмсалған уақыт шығындары жатады.

Көмекші (жанама) көрсеткіштер қандай да бір талдау объектілерін неғұрлым толық сипаттау үшін қолданылады. Мысалы, орындалған жұмыстың бірлігіне жұмсалған жұмыс уақытының мөлшері және т.б.

Аналитикалық көрсеткіштер абсолютті және қатысты болып бөлінеді. Абсолюттік көрсеткіштер ақшалай немесе натуралды көрсеткіштер арқылы көрінеді.

Қатысты көрсеткіштер екі абсолютті көрсеткіштің өзара қатынастарын көрсетеді. Олар пайызбен, коэффициенттермен немесе индекстермен анықталады.

Абсолюттік көрсеткіштер өз кезегінде натуралды, шартты-натуралды және құндық болып бөлінеді. Натуралды көрсеткіштер құбылыстардың мөлшерлерін физикалық бірліктермен (салмағы, ұзындығы, көлемі және т.б.) өлшейді.

Шартты-натуралды көрсеткіштер әртүрлі ассортименттегі өнімдерді өндіру және сату көлемдерін жалпылама сипаттау үшін пайдаланылады (мысалы, аяқ киім өнеркәсібінде аяқ киімдердің шартты жұбы, консерві өндірісінде мың шартты банкі, ауыл шаруашылығында шартты жем-шөп бірліктері).

Құндық көрсеткіштер құрамы бойынша күрделі құбылыстардың мөлшерлерін ақшалай өлшеммен көрсетеді.

Себеп-салдарлық қатынастарды зерттеу кезінде көрсеткіштер факторлық және нәтижелік болып бөлінеді.

Егер қандай да бір немесе басқа көрсеткіш бір немесе бірнеше себептердің әсерлерінің нәтижесі ретінде қаралса және зерттеу объектісі болып табылса, онда ол өзара байланыстарды зерттеу кезінде нәтижелік көрсеткіш деп аталады.

Нәтижелік көрсеткішті анықтайтын және оның мөлшерін өзгерту себептері ретінде қарастырылатын көрсеткіштер факторлық деп аталады.

Талдау кезінде пайдаланылатын барлық көрсеткіштер бір-бірімен өзара байланысты. Бұл олардың сипаттайтын экономикалық құбылыстар арасындағы нақты байланыстардан туындайды.

Ұйымдардың экономикасын жан-жақты зерделеу көрсеткіштерді жүйелендіруді көздейді, өйткені көрсеткіштердің жиынтығы қаншалықты толық болса да, олардың өзара қарым-қатынасын ескерместен ұйымның шаруашылық қызметінің тиімділігі туралы айту мүмкін емес.

Бақылау сұрақтары:

1. Ұйымды басқару жүйесіндегі қаржы-шаруашылық қызметті талдаудың рөлі, мақсаты мен міндеттері қандай?
2. Қаржы-шаруашылық қызметті талдаудың пәні не болып табылады?
3. Қаржы-шаруашылық қызметті талдаудың объектілері не болып табылады?
4. Қаржы-шаруашылық қызметті талдаудың басқа пәндермен қандай байланыстары бар?
5. Қаржы-шаруашылық қызметті талдауды ақпараттық қамтамасыз ету көздеріне және оларға қойылатын талаптарға сипаттама беріңіз.
6. Қаржы-шаруашылық қызметті талдауда ақпараттарды өндеудің қандай әдістері қолданылады?

2. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ МЕН ҚОЛДАНЫЛУЫН ТАЛДАУ

2.1. Негізгі құралдарды талдаудың мақсаты, міндеттері мен ақпарат көздері

Негізгі құралдарға талдау жасау ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін бағалауда маңызды болып табылады. Себебі негізгі құралдарды пайдалану тиімділігі ұйымның дамуына тікелей әсер ететіні белгілі. Демек, келесідей көрсеткіштерге:

- өндіріс және сату көлеміне;
- өндірістің өнімділігіне және еңбек сыйымдылығына;
- өнім бірлігінің өзіндік құнына;
- таза пайдаға;
- қызметтің рентабельділігіне,
- ұйымның іскерлік белсенділігіне;
- ұйымның қаржылық тұрақтылығына әсерін тигізеді.

Негізгі құралдарды талдаудың мақсаты – ұйымның негізгі құралдарының жағдайын объективті түрде бағалау және оларды неғұрлым тиімді пайдаланудың резервтерін іздестіру.

Негізгі құралдарға талдау жүргізудің негізгі міндеттері болып келесілер табылады:

- ұйымның және оның құрылымдық бөлімшелерінің негізгі құралдармен қамтамасыз етілуін анықтау;
- негізгі құралдардың құрылымында болған өзгерістерді анықтау;
- негізгі құралдардың техникалық жағдайын зерттеу;
- негізгі құралдарды пайдалану тиімділігін талдау;
- ұйым қызметінің экономикалық көрсеткіштеріне негізгі құралдарды пайдаланудың әсер етуін анықтау;
- қор қайтарымдылығын жоғарылату резервтерін анықтау;
- негізгі құралдарды тиімді пайдалану есебінен өндіріс немесе сату көлемін анықтау.

Негізгі құралдарға талдау жұмыстарын жүргізу үшін қолданылатын ақпараттардың құрамы, мазмұны мен сапасы талдау тиімділігін қамтамасыз етуде негізгі рөл атқарады.

Негізгі құралдарға талдау жүргізуде ақпараттық қамтамасыз етудегі маңызды рөлді бухгалтерлік есеп мәліметтері пен қаржылық есептілік нысандарындағы деректер алады. Онда барлық негізгі құралдармен жүргізілген шаруашылық құбылыстары, процестері және олардың нәтижелері көрініс табады. Алғашқы және жиынтық есеп регистрлері мен қаржылық есептілік нысандарындағы мәліметтерге дер кезінде жасалған талдау жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін қажетті шаралар қабылдауды қамтамасыз етеді.

Сандық сипаттағы статистикалық есеп мәліметтері негізгі құралдар бойынша экономикалық заңдылықтардың өзара байланыстарын терең зерттеу үшін пайдаланылады.

Оперативтік есеп статистикалық және бухгалтерлік есеп мәліметтерімен салыстырғанда негізгі құралдарда талдауды неғұрлым жедел мәліметтермен қамтамасыз етеді, мысалы, сатылған немесе сатып алынған негізгі құралдардың саны, олардың бағалары және т.б.

Негізгі құралдарға талдау жүргізу үшін есептік ақпарат көздері болып келесідей құжаттар табылады:

- бухгалтерлік баланс;
- бухгалтерлік балансқа қосымшалар;
- пайда мен зиян туралы есеп.

Ұйымда негізгі құралдардың құрылымын, өзгерісін және жағдайын оқып білуге ерекше көңіл бөлінеді. Себебі бұлар ұйымның ұзақ мерзімді активінің үлес салмағының көп бөлігін алады.

Негізгі құралдар кез келген өндірістің маңызды факторының бірі болып табылатындықтан, олардың жағдайы мен тиімді пайдаланылуы ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне тікелей әсер етеді.

2.2. Негізгі құралдардың құрылымы мен қозғалысын талдау

Негізгі құралдардың құрылымы мен қозғалысын талдау әдетте негізгі құралдардың көлемін, олардың құрылымы мен динамикасын бағалаудан басталады. Негізгі құралдарды бағалау келесідей нысандарда жүргізіледі:

Натуралды түрде бағалау – негізгі құралдардың техникалық құрамын, ұйымның өндірістік қуаттылығын және оларды пайдалану деңгейін анықтау мақсатында жүргізіледі.

Ақшалай бағалау – негізгі құралдардың тозу деңгейін және есептелген амортизация мөлшерін анықтау үшін жүргізіледі.

Негізгі құралдарды ақшалай бағалау мынадай түрлерде жүргізіледі:

1. Негізгі құралдарды бастапқы құны бойынша бағалау. Талдау мақсаты – негізгі құралдарға инвестиция жасаудың қажеттілігін негіздеу, сату-сатып алуға дайындау.

2. Қайта бағаланған құны бойынша. Талдау мақсаты – нарықтық құнды анықтау.

3. Қалдық құны бойынша. Талдау мақсаты – бұрын пайдалануда болған объектілердің құндарын негіздеу.

4. Жойылу құны бойынша. Талдау мақсаты – қасиеттері мен сапасын жартылай жоғалтқан, бұрын пайдалануда болған объектілердің құндарын анықтау.

5. Инвестициялық құны бойынша. Талдау мақсаты – инвестицияның тиімділігін анықтау.

Негізгі құралдар құндарының өзгеруін жалпы бағалаудан кейін олардың құрылымының динамикасын зерттеу қажет. Ол өндірістің сипаты мен ерекшеліктеріне, оны ұйымдастыру типтеріне, ұйым технологиясына байланысты болады.

Негізгі құралдардың құрылымы – негізгі құралдардың кейбір жеке түрлерінің олардың жалпы құнынан қатынасы.

Талдау жүргізу барысында өндіріске жаңа негізгі құралдарды енгізу, ескі негізгі құралдарды жаңарту, технологиялық процестерді жетілдіру нәтижесінде негізгі құралдар құрылымының қалай өзгергендігін анықтау керек. Ол үшін кезең соңындағы негізгі құралдардың жеке топтарының құндары мен үлес салмақтарын кезең басындағы сәйкес көрсеткіштермен салыстыру керек.

Осы бағыт бойынша талдау жүргізу үшін қажетті мәліметтерді бухгалтерлік есеп ақпараттарынан алуға болады. Онда ұйымның негізгі құралдары, яғни ғимараттары, құрылғылары, машиналары, көліктері және т.б. туралы кеңейтілген ақпараттар көрсетіледі.

Талдау жасау барысында негізгі құралдардың белсенді және белсенді емес бөліктерінің құндарының үлес салмақтары анық-

талады. Негізгі құралдардың жалпы құнындағы белсенді негізгі құралдардың үлестерінің біртіндеп ұлғаюы ұйымның қор қайтарымдылығының, еңбек өнімділігінің және өндіріс көлемінің ұлғаюын қамтамасыз ететін прогрессивті тенденция болып табылады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, негізгі құралдардың өсімі негізінен жаңа объектілердің енгізілуімен негізделеді. Сондықтан да талдау жүргізу барысында негізгі құралдарды өндіріске енгізу жоспарының орындалу деңгейін анықтау қажет және осы жоспардың орындалуының өндіріс көлеміне әсер етуін анықтау керек.

Негізгі құралдар қозғалысына талдау жүргізудің маңыздылығы өте жоғары, осы мақсат үшін келесідей көрсеткіштер есептеледі:

1. Жаңару коэффициенті ($K_{\text{жаңару}}$) жыл соңындағы жалпы құнның жаңа негізгі құралдар үлесін сипаттайды:

$$(K_{\text{жаңару}}) = \frac{\text{кезең ішінде келіп түскен НҚ сомасы}}{\text{кезең соңындағы НҚ сомасы}}$$

2. Негізгі құралдар жаңарудың мерзімі ($T_{\text{жаңару}}$):

$$T_{\text{жаңару}} = \frac{\text{кезең басындағы НҚ}}{\text{келіп түскен НҚ}}$$

3. Есептен шығару коэффициенті ($K_{\text{ш}}$):

$$K_{\text{ш}} = \frac{\text{кезең ішінде есептен шығарылған НҚ}}{\text{кезең басындағы НҚ}}$$

4. Өсу коэффициенті ($K_{\text{өсу}}$):

$$K_{\text{өсу}} = \frac{\text{кезең ішінде НҚ өсім сомасы}}{\text{кезең басындағы НҚ сомасы}}$$

Жаңа техниканы ендіру, жаңа объектілердің қозғалысын, негізгі құралдарды жаңарту және жөндеудің орындалу жоспарын тексеру. Ол кезде жабдықтар үдеуінің жалпы мөлшеріндегі

үлесі және автоматталған жабдықтардың әр тобы бойынша үлесі анықталады.

2.3. Негізгі құралдардың техникалық жағдайын талдау

Негізгі құралдардың техникалық жағдайының көрсеткіштеріне талдау жүргізудің де маңыздылығы жоғары.

Негізгі құралдардың техникалық жағдайына талдау жасай отырып, ең алдымен, олардың табиғи және моралдық жағынан тозу деңгейін анықтау қажет. Себебі барлық негізгі құралдардың қор қайтарымдылығы және құрылғылардың өнімділігі көп жағдайда осы көрсеткішке тәуелді болып табылады.

Негізгі құралдардың тозу деңгейінің көрсеткіші тозу коэффициенті болып саналады және ол келесі формуламен есептеледі:

$$K_{\text{тозу}} = \text{НҚ тозу сомасы} / \text{НҚ бастапқы құны.}$$

Талдауға қажетті мәліметтер бухгалтерлік есеп ақпараттарынан алынады. Ұйымның бухгалтерлік есеп мәліметтерін пайдалана отырып, тозу коэффициентін барлық негізгі құралдар бойынша ғана емес, сонымен бірге олардың жеке топтары бойынша да жүргізуге болады. Мұндай талдау ұйымдағы әртүрлі негізгі құралдардың техникалық жағдайларын неғұрлым толық сипаттауға мүмкіндіктер береді.

Кезең басындағы және кезең соңындағы тозу коэффициенттерін салыстыру арқылы зерттелген кезең аралығындағы негізгі құралдардың тозу деңгейлерінің өзгеруін қадағалап отыруға болады. Тозу деңгейінің жоғарылауы амортизациямен негізделінуі мүмкін. Бұл ұйымдағы негізгі құралдардың жанару қарқынының төмен екендігін көрсетеді.

Негізгі құралдар табиғи тозумен бірге моральдық жағынан да тозатындығы белгілі. Демек, олар толық табиғи тозғанға дейін ескіріп кетеді. Сондықтан да ұйымдар құрылғыларын дер кезінде заман талабына сай ауыстырып отыруға немесе жаңа техникалық құралдарды енгізуге ұмтылуы керек.

Негізгі құралдардың техникалық жағдайын талдау кезінде жарамдылық коэффициенті қолданылуы мүмкін. Бұл коэффициент келесі формула бойынша есептеледі:

$$K_{\text{жарамдылық}} = \text{НҚ қалдық құны} / \text{НҚ бастапқы құны}.$$

Жарамдылық коэффициенті бір мен тозу коэффициентінің айырмасы ретінде де есептелінуі мүмкін, яғни:

$$K_{\text{жарамдылық}} = 1 - K_{\text{тозу}}.$$

Негізгі құралдардың техникалық жағдайының маңызды сипаттамасы ретінде оларды пайдалану мүмкіндіктері мен айырбастау қажеттілігі туралы айтуға болады. Талдау жүргізу кезінде өндірістік құрылғылардың көптеген түрлерінің қызмет ету мерзімдерінің 10 жылдан аспау қажеттілігін ескеру керек. Осы мерзім аралығында негізгі құрал моральдық жағынан жаңа деп есептеледі, ал 10-20 жыл аралығында қызмет еткен негізгі құралдар жаңартуға немесе жетілдіруге жататын ескірген құрылғылар деп саналады. Қызмет ету мерзімі 20 жылдан асқан негізгі құралдар ерекше топқа жатқызылады, себебі олар қор қайтарымдылығының қажетті деңгейін қамтамасыз ете алмайтын ескірген құрылғылар болып табылады. Сондықтан оларды қысқа мерзім аралығында айырбастау қажеттілігі туындайды.

Негізгі құралдардың жас бойынша құрамына талдау жүргізу үшін оларды қызмет ету мерзімдері бойынша топтастырады және әрқайсысының ұйымдағы негізгі құралдардың жалпы санындағы үлес салмақтары анықталады. Сонымен бірге ұйым үшін маңыздылығы бар негізгі құралдардың нақты қызмет ету мерзімдерін нормативтік мерзімдермен салыстыру қажет, бұл ұйымдағы негізгі құралдардың моральдық жағынан тозу деңгейлері туралы қорытынды жасауға мүмкіндіктер береді.

2.4. Ұйымның негізгі құралдармен қамтамасыз етілуін және оларды пайдалану тиімділігін талдау

Негізгі құралдарға талдау жүргізудің негізгі бағыттарының бірі қамтамасыз етілуін талдау болып табылады. Негізгі құралдармен қамтамасыз етілуі олардың нақты сандарын жоспармен салыстыру арқылы анықталады. Осы көрсеткіш деңгейін салыстыру арқылы олардың даму тенденциясын анықтауға болады.

Негізгі құралдарды пайдалану тиімділігі жалпылама және жеке көрсеткіштер жүйесімен сипатталады.

Жалпылама көрсеткіштер ұйымның негізгі құралдарының жалпы жиынтығын пайдалану деңгейін көрсетеді.

Жеке көрсеткіштер негізгі құралдардың жеке түрлерінің қолданылуына баға береді.

Жалпы көрсеткіштерге келесілер жатады:

- негізгі құралдардың қор қайтарымдылығы;
- негізгі құралдардың қор сыйымдылығы;
- негізгі құралдардың қор рентабельділігі.

Жеке көрсеткіштерге келесі көрсеткіштер жатады:

– 1 смена ішінде бір құрылғымен шығарылған өнімдердің орташа саны;

– өндіріс көлемінің 1 шаршы метріне шығарылған өнімдер саны.

Қор қайтарымдылығы көрсеткіші талданып отырылған кезең аралығындағы өндірілген өнімдер (көрсетілген қызметтер, орындалған жұмыстар) көлемінің негізгі құралдардың орташа құнына қатысы арқылы анықталады. Бұл көрсеткіш ұйымның негізгі құралға салынған әрбір теңгеден (100 теңге, 1000 теңге) қанша өнім алатындығын көрсетеді. Қор қайтарымдылығы көрсеткіші ұйымда бірдей өнімдер шығарылған жағдайда натуралды өлшемдермен де есептелінуі мүмкін. Ол негізгі құралдарды пайдалану тиімділігін неғұрлым нақты сипаттайтын көрсеткіш болып саналады.

Қор қайтарымдылығы = есептік кезеңдегі өндірілген өнімдердің құны / НҚ орташа жылдық құны.

Қор қайтарымдылығы көрсеткішінің жоғарылауы дайын өнімнің 1 теңгесіне келетін амортизациялық аударымдардың төмендеуіне әкеледі.

Қор қайтарымдылығының жоғарылауы өндірілген өнім көлемінің интенсивті өсуінің негізгі факторларының бірі болып табылады. Осы байланыс бойынша келесідей факторлық модель құрастыруға болады:

$$\text{ӨК} = \text{НҚ} \cdot K_{\text{қайт.}}$$

Осы модель негізінде НҚ көбейту есебінен және қор қайтарымдылығын жоғарылату есебінен өнім көлемінің өсімі есептеледі.

$$\Delta \Theta K = \Delta \Theta K_{\text{нқ}} + \Delta \Theta K_{\text{қор қайт}}.$$

Қор қайтарымдылығы есебінен өнім көлемінің өсімін абсолюттік айырма әдісі бойынша есептеуге болады:

$$\begin{aligned} \Delta \Theta K_{\text{нқ}} &= \Delta \text{НҚ} \cdot K_{\text{қайт}0}; \text{ (сандық фактор);} \\ \Delta \Theta K_{\text{қор қайт}} &= \Delta K_{\text{қайт}} \cdot \text{НҚ}_1; \text{ (сапалық фактор)} \end{aligned}$$

немесе интегральдық әдіспен:

$$\begin{aligned} \Delta \Theta K_{\text{нқ}} &= \frac{1}{2} \cdot \Delta \text{НҚ} (K_{\text{қайт}0} + K_{\text{қайт}1}); \\ \Delta \Theta K_{\text{қор қайт}} &= \frac{1}{2} \cdot \Delta K_{\text{қайт}} (\text{НҚ}_0 + \text{НҚ}_1), \end{aligned}$$

мұндағы НҚ_0 , НҚ_1 – базистік және есептік кезеңдегі НҚ құны; $K_{\text{қайт}0}$, $K_{\text{қайт}1}$ – базистік және есептік кезеңдегі қор қайтарымдылығы.

НҚ пайдалану тиімділігін сипаттайтын негізгі көрсеткіштердің бірі қор сыйымдылығы болып табылады. Қор сыйымдылығы көрсеткіші негізгі құралдардың орташа құнының өндірілген өнім құнына қатынасы арқылы есептеледі.

Бұл көрсеткіш қор қайтарымдылығына кері көрсеткіш болып табылады. Ол өндірілген өнім құнының теңгесіне (100 теңге, 1000 теңге) келетін негізгі құралдар құнын көрсетеді.

$$\text{Қор сыйымдылығы} = \text{НҚ орташа жылдық құны} / \text{есептік кезеңдегі өндірілген өнімдердің құны}.$$

Динамика бойынша қор сыйымдылығының өзгеруі өнімнің 1 теңгесіне келетін НҚ құнының өзгеруін көрсетеді

НҚ ақша салуды үнемдеудегі жұмсалған артық шығындар сомасын анықтау кезінде қолданылады (Y).

$$Y = (K_{c1} - K_{c0}) \cdot Q_1,$$

мұндағы K_{c1} , K_{c0} – базистік және есептік кезеңдегі қор сыйымдылығы; Q_1 – есептік кезеңдегі натуралды өлшем түрінде көрсетілген өнім көлемі.

НҚ пайдаланудың неғұрлым жалпылама көрсеткіші қор рентабельділігі болып табылады. Қор рентабельділік көрсеткіші ұйымның өнімдерді сатудан алған пайдасының негізгі құралдардың орташа құнына қатынасы арқылы есептеледі.

$$\text{Қор рентабельділігі} = \text{негізгі қызметтен түскен пайда} / \text{НҚ орташа жылдық құны}.$$

Қор рентабельділігі қор қайтарымдылығына және өнімдердің рентабельділігіне тәуелді болады. Бұл байланыстарды келесідей түрде көрсетуге болады:

$$K_p = \Pi / \text{НҚ} = (\Theta K / \text{НҚ}) \cdot (\Pi / \Theta K) = K_{\text{кайт}} \cdot R_{\Theta K}$$

немесе

$$K_{p_{\text{нқ}}} = \Pi / \text{НҚ} = (C\Theta / \text{НҚ}) \cdot (\Pi / C\Theta) = K_{\text{кайт}} \cdot R_{C\Theta},$$

мұндағы Π – өнімдерді сатудан түскен пайда; НҚ – негізгі құралдардың орташа жылдық құны; ΘK және $C\Theta$ – өндірілген және сатылған өнім көлемі; $K_{\text{кайт}}$ – қор қайтарымдылығы; $R_{\Theta K}$, $R_{C\Theta}$ – өндірілген немесе сатылған өнімдердің рентабельділігі.

Егер өнімдер көлемінің немесе пайданың қатысты өсімі талдауға алынып отырылған кезең аралығындағы негізгі құралдар құндарының қатысты өсімінен жоғары болса, негізгі құралдарды пайдалану тиімді деп саналады.

Сонымен, ұйымның негізгі құралдарын барынша толық және ұтымды пайдалану оның бүкіл техника-экономикалық көрсеткішінің жақсаруына, яғни еңбек өнімділігінің өсуіне, қор қайтарымының артуына, өнім өндірудің ұлғаюына, оның өзіндік құнының төмендеуіне, қаржы салымдарының үнемделуіне ықпал етеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Негізгі құралдарды талдаудың мақсатына, міндеттеріне және ақпарат көздеріне сипаттама беріңіз.
2. Негізгі құралдардың қозғалысын талдау үшін қандай көрсеткіштер қолданылады?
3. Негізгі құралдарды пайдалану тиімділігін талдау үшін қандай көрсеткіштер қолданылады?

4. Негізгі құралдардың қозғалысын және техникалық жағдайын талдау үшін қандай көрсеткіштер қолданылады?

Тәжірибелік тапсырмалар

1-тапсырма.

Берілген мәліметтер бойынша қор қайтарымдылығын есептеңіз. Өндірілген өнім көлеміне сандық және сапалық көрсеткіштердің әсерін тізбектелген қойылымдар әдісімен анықтаңыз.

Көрсеткіштер	Жоспар	Нақты	Ауытқуы
Өндірілген өнімдер құны, мың теңге	77650	79877	
Негізгі құралдардың орташа жылдық құны, мың теңге	54300	54600	
Қор қайтарымдылығы			

2-тапсырма.

1. Берілген мәліметтер бойынша қор қайтарымдылығын есептеңіз.
2. Өндірілген өнім көлеміне сандық және сапалық көрсеткіштердің әсерін абсолюттік және қатысты айырма әдістерімен есептеңіз.

Көрсеткіштер	Жоспар	Нақты	Ауытқуы
Өнім көлемі, мың теңге	68510	67780	
Негізгі құралдардың орташа жылдық құны, мың теңге	42590	42500	
Қор қайтарымдылығы			

3-тапсырма.

Берілген мәліметтер негізінде «А» ЖШС негізгі құралдарының құрылымына талдау жасаңыз, қорытынды беріңіз.

Негізгі құралдардың түрлері	2017		2016		Ауытқуы (+/-)	
	Сомасы, мың теңге	Үлесі, %	Сомасы, мың теңге	Үлесі, %	Сомасы, мың теңге	Үлесі, %
Ғимараттар	4996		4738			
Құрылғылар	2221		2067			
Көліктер	7458		6942			
Өзге НҚ	5614		4527			
Барлығы						

4-тапсырма.

Берілген мәліметтер негізінде «А» ЖШС негізгі құралдардың қозғалысын сипаттайтын коэффициенттерді есептеңіз, қорытынды жасаңыз.

№	Көрсеткіштер	Жыл басында	Келіп түскені	Істен шыққаны	Жыл соңында
1	Ғимараттар	499	677	324	
2	Құрылғылар	225	340	188	
3	Көліктер	745	-	516	
4	Өзге НҚ	561	-	108	
5	Барлығы				

5-тапсырма.

Келесі берілгендер бойынша негізгі құралдардың тозу дәрежесін (коэффициентін) анықтап, сәйкес қорытындылар жасаңыз.

Көрсеткіштер	Жыл басында	Жыл соңында	Ауытқуы
Негізгі құралдардың бастапқы құны, мың теңге	32842	33060	
Негізгі құралдардың тозу құны, мың теңге	12437	12708	
Негізгі құралдардың тозу дәрежесі, %			

3. ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫН ҚОЛДАНУДЫ ТАЛДАУ

3.1. Еңбек ресурстарын талдаудың мақсаты, міндеттері және ақпарат көздері

Адамның жұмыс істей алатындығы мен оның еңбегінің нәтижесі көптеген бір-бірімен байланысқан факторлармен анықталады. Олардың бірі – еңбек шарттары, оның ауырлығы, ол өз кезегінде еңбектің нәтижесімен шығындарын қорытындылайды. Сондықтан еңбек ресурстарын оңтайлы қолдану оларды барынша аз жұмсауды қарастырады.

Еңбек ресурстарына сәйкес салада білім және еңбек дағдыларына ие, қажетті физикалық деректері бар тұрғын халықтың бөлігі кіреді.

Еңбекті талдаудың мақсаты – еңбек ресурстарының жағдайын және еңбекақы төлеу қорын бағалау, еңбек өнімділігін жоғарылату резервтерін іздестіру.

Еңбек ресурстарын талдаудың негізгі міндеттері:

– ұйымның және оның құрылымдық бөлімшелерінің еңбек ресурстарымен, сондай-ақ олардың категориялары мен кәсіптері бойынша қамтамасыз етілуін зерттеу мен бағалау;

– кадрлар ағымдылығы көрсеткіштерін анықтау мен зерттеу;

– еңбек ресурстарының резервтерін анықтау, оларды анағұрлым толық және тиімді пайдаланылуын талдау;

– ұйымның еңбек ресурстарымен және жеке бөлімдердің жұмысшылармен саны және сапасы жағынан қамтамасыз етілуін зерттеу;

– ұйым жұмысшыларының экстенсивті, интенсивті және тиімді пайдалануына баға беру;

– ұйымның еңбек ресурстарының толық және тиімді пайдалану резервін анықтау.

Еңбек ресурстарына талдау үшін қажетті ақпараттар:

– еңбек ресурстары бойынша жоспар;

– табель есебі мен кадрлар бөлімінің деректері.

3.2. Ұйымның еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуін талдау

Ұйымның еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуін талдаудың негізгі міндеттері:

- санын, құрамын және құрылымын зерттеу;
- персоналдың біліктілік деңгейін және сапалық құрамын зерттеу;
- жұмыс уақытын пайдалануды және еңбек тәртібін сақтауды талдау;
- жұмыс күші қозғалысының динамикасын және себептерін талдау;
- жұмысшылар санының өндірілген өнімдер көлеміне әсерін талдау.

Еңбек ресурстарымен ұйымның қамтамасыз етілуі жұмыскерлердің категориялар мен кәсіптер бойынша нақты санын оның жоспарлық қажетімен салыстыру арқылы есептеледі. Еңбек ресурстарының біліктілігі бойынша сапалық құрамын да талдау керек.

Әкімшілік-басқару персоналы әрбір жұмыскердің нақты білім деңгейінің оның лауазымына сәйкестігін тексереді және кадрларды іріктеу, оның дайындығымен және біліктілігінің жоғарылауымен байланысты сұрақтарды зерттейді.

Жұмыскерлердің біліктілік деңгейі көбіне олардың жасына, жұмыс өтілуіне, біліміне байланысты. Сондықтан талдау процесінде жұмысшылар құрамында жоспар бойынша жұмыс өтілуі, білімі бойынша өзгерістерін зерттейді. Олар жұмыс күшінің қозғалысы нәтижесінде болатындықтан талдау барысында бұған үлкен көңіл бөлу керек.

Ұйымның еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуі мен оны тиімді пайдалануына ұйым жұмысының көлемі және уақытылы орындалуы, құрал-жабдықтарды, машина, механизмдерді қолдану деңгейі, сонымен қатар өндірілген өнім көлемі, оның өзіндік құны, табыс және басқа да экономикалық көрсеткіштер тәуелді.

Ұйымның еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуі жоспарлық мұқтаждықпен байланысты жұмысшылардың категориясы мен мамандануын нақты жұмысшылар санымен салыстыру арқылы анықталады.

Ұйымның аса маңызды мамандармен қамтамасыз етілуіне ерекше көңіл аударылады.

1-кесте

Ұйымның еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуі

Жұмысшы категориясы	Саны		Қамтамасыз етілуі, %
	Жоспар бойынша	Нақты	
Әкімшілік бөлім	7	7	100
Тауар өткізу бөлімі	13	12	92,3

Жұмысшының квалификациялық деңгейі жұмысшының жасына, жұмыс істеу уақытына, біліміне, т.с.с. байланысты. Сондықтан талдау кезінде осындай көрсеткіштерді зерттеу керек.

Персонал құрамы сапасының өзгеруі оның қозғалысы нәтижесінде болатындықтан, талдау кезінде бұл мәселеге үлкен көңіл аударылады.

Сонымен бірге жұмыс күші қозғалысының келесідей көрсеткіштерін есептеп талдау қажет:

2-кесте

Ұйымның еңбек ресурстарының сапалық құрамы

Көрсеткіш	Жұмысшылар саны (жыл соңына)		Үлес салмағы, %	
	Өткен жыл	Есепті жыл	Өткен жыл	Есепті жыл
1	2	3	4	5
Жұмысшылар саны				
Жасы бойынша, жыл:				
20-30	6	6	33,3	31,6
30-40	5	6	27,8	31,6
40-50	3	3	16,7	15,8
50-60	4	4	22,2	21
Барлығы	18	19	100	100
Білім деңгейі:				
Орта	-	-	-	-
Орташа маманданған	3	3	16,7	15,8
Жоғары	15	16	83,3	84,2
Барлығы	18	19	100	100

1	2	3	4	5
Еңбек өтілі бойынша, жыл:				
5-ке дейін	2	2	11,1	10,5
5-10	5	5	27,8	26,35
10-15	3	4	16,7	21,05
15-20	4	4	22,2	21,05
20-дан жоғары	4	4	22,2	21,05
Барлығы	18	19	100	100

Кестеден көріп отырғанымыздай, өткен жылмен салыстырғанда есепті жылы жұмысшылар саны 1 адамға артқан. Ұйымда жас мамандар мен орта жастағы мамандардың саны басым екені көрсетілген.

Қызметкерлердің 84 пайыздан астамы жоғарғы білімді. Орта білімді қызметкерлер мүлдем жоқ. Орташа маманданған білімі бар қызметкерлер 16 пайыз. Бұл көрсеткіштен ұйымның қаншалықты маманданған деңгейін көреміз.

Ал еңбек өтілі бойынша 5 жылға дейінгі еңбек өтілі бар жұмысшылар ұйымның жұмысшыларының тек 10 пайыздан астамын құрайтынын, ал 5 пен 10 жыл арасындағы еңбек өтілі бар адамдар 26 пайыздан жоғары екенін көре аламыз. 15 және 20 жыл өтілі бар адамдар ұйымның жартысына жуық құрамын құрайтынын көреміз. Қорыта келгенде, ұйымның еңбек ресурстарының сапалық құрамының деңгейі жоғары. Себебі орта білімді қызметкерлер жоқ, жоғары білімді мамандар ұйым жұмысшыларының басым бөлігін құрайды, олар ұйымның жұмысына тікелей ықпалын тигізетін адмдар, ал орта білімді жұмысшылар ұйымның көмекші персоналын құрайды.

Жұмысшылардың біліктілігінің орындалатын жұмыстарға сәйкестігін бағалау үшін істелінген жұмыстар мен жұмысшылардың орташа тарифтік разрядтары есептеледі. Осы мақсат үшін келесі формулалар қолданылады.

$$T_p = (\sum T_{pi} \cdot Ж_{pi}) / \sum Ж_{pi},$$

$$T_p = (\sum T_{pi} \cdot V_{pi}) / \sum V_{pi},$$

мұндағы T_p – тарифтік разряд; $Ж_{pi}$ – жұмысшылар саны; V_{pi} – орындалған жұмыс көлемі.

Еңбек жағдайлары мен жұмысшылардың денсаулығын жақсарту бойынша шараларды бағалау үшін келесідей көрсеткіштер есептеледі:

1. Жұмысшылардың санитарлы-тұрмыстық ғимараттармен қамтамасыз етілуі.

2. Еңбектің санитарлы-гигиеналық деңгейі.

3. 100 адамға шаққанда жарақаттану жиілігінің деңгейі.

4. Кәсіби аурулары бар жұмысшылардың үлесі.

5. Жұмысшылардың науқастану деңгейі.

6. 100 адамға шаққандағы уақытша еңбекке жарамсыз болған күндер саны.

7. Өз денсаулықтарын санаторийлерде, демалыс орындарында, туристік жолдамалар бойынша емдеген жұмысшылар үлесі және т.б.

Ұйымның еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуін талдау барысында жұмыс күшінің қозғалысын сипаттаудың маңыздылығы жоғары. Осы мақсат үшін келесідей көрсеткіштер есептеледі және динамикасы бойынша талдаулар жасалады:

Жұмысқа қабылдау айналымының коэффициенті (K_k):

$$K_k = \frac{\text{Жұмысқа қабылданған адамдар саны}}{\text{Персоналдың орташа саны}}$$

Жұмыстан шығу айналымының коэффициенті ($K_{ш}$):

$$K_{ш} = \frac{\text{Жұмыстан шыққан адамдар саны}}{\text{Персоналдың орташа саны}}$$

Орнын басу (толтыру) коэффициенті ($K_{ор.б}$):

$$K_{ор.б} = \frac{\text{Жұмысқа қабылданған адам саны} - \text{Жұмыстан шыққан адам саны}}{\text{Персоналдың орташа саны}}$$

Кадр ағымының коэффициенті (K_a):

$$K_a = \frac{\text{Өз еркімен және әкімшіліктің бұйрығымен жұмыстан шыққан адам саны}}{\text{Жұмысшылардың орташа саны}}$$

Персонал құрамы тұрақтылығының коэффициенті (K_T):

$$K_T = \frac{\text{Жыл бойы жұмыс істеген адам саны}}{\text{Жұмысшылардың орташа саны}}$$

Жұмыс күшінің қозғалысын сипаттау келесі шартты мысал негізінде көрсетейік.

3-кесте

Ұйымдағы персонал қозғалысы туралы ақпарат

Көрсеткіш	Өткен жыл	Есепті жыл
Жұмысшылар саны (жыл басына)	18	19
Қабылданған жұмысшылар	1	1
Жұмыстан шыққаны, оның ішінде:		
– өз еркімен;	1	1
– еңбек тәртібін бұзғаны үшін	-	-
Жұмысшылар саны (жыл соңына)	18	19
Жұмысшылардың орташа саны	18	19
Жұмысқа қабылдау айналымының коэффициенті	0,05	0,05
Жұмыстан шығу айналымының коэффициенті	0,05	0,05
Кадр ағымының коэффициенті	0,05	0,05
Кадр тұрақтылығының коэффициенті	1	1
Орнын басу (толтыру) коэффициенті	0	0

Жұмысқа қабылдау айналымының коэффициенті (K_K):

$$K_K = \frac{\text{Жұмысқа қабылданған адамдар саны}}{\text{Персоналдың орташа саны}} = 1 / 19 = 0,05.$$

Жұмыстан шығу айналымының коэффициенті ($K_{Ш}$):

$$K_{Ш} = \frac{\text{Жұмыстан шыққан адамдар саны}}{\text{Персоналдың орташа саны}} = 1 / 19 = 0,05.$$

Орнын басу (толтыру) коэффициенті ($K_{Ор.б}$):

$$K_{Ор.б} = \frac{\text{Жұмысқа қабылданған адам саны} - \text{Жұмыстан шыққан адам саны}}{\text{Персоналдың орташа саны}} = (1 - 1) / 19 = 0.$$

Кадр ағымының коэффициенті (K_a):

$$K_a = \frac{\text{Өз еркімен және әкімшіліктің бұйрығымен жұмыстан шыққан адам саны}}{\text{Жұмысшылардың орташа саны}} = 1 / 19 = 0,05.$$

Персонал құрамының тұрақтылығының коэффициенті (K_T):

$$K_T = \frac{\text{Жыл бойы жұмыс істеген адам саны}}{\text{Жұмысшылардың орташа саны}} = 19/19 = 1.$$

Талдау кезінде жұмысшылардың жұмыстан шығу себептерін зерттеу қажет (өз еркімен, кадрлар санының қысқаруы салдарынан, жұмысшының еңбек тәртібін бұзғаны үшін).

Егер ұйым өз жұмыс аумағын кеңейтіп, өндіріс қуатын ұлғайтып, жаңа жұмыс орындарын ашса, онда еңбек ресурстарының қосымша қажеттілігін (категориясы және мамандануы бойынша) және оларды тарту көздерін анықтап алу қажет.

3.3. Еңбек өнімділігін талдау

Еңбек өнімділігі деңгейін бағалау барысында жалпылама, жеке және көмекші көрсеткіштер жүйесі пайдаланылады.

Жалпылама көрсеткіштерге бір жұмысшының орташа жылдық, орташа күндік, орташа сағаттық өнім өнімділігі, сондай-ақ бір жұмыскердің орташа жылдық өнім өнімділігі құндық мағынада кіреді.

Жеке көрсеткіштерге белгілі бір түрдегі өнім бірлігі өндірісінің уақыт шығындары немесе бір адам-күндегі немесе бір адам-сағаттағы натуралдық бірліктегі өнімнің белгілі бір түрінің шығысы жатады.

Көмекші көрсеткіштер – жұмыстардың белгілі бір түрінің бірлігін орындауға қажетті уақыт шығындары немесе уақыт бірлігіндегі орындалған жұмыстар көлемі.

Еңбек өнімділігінің анағұрлым жалпылама көрсеткіші ретінде бір жұмыскердің орташа жылдық өнім өнімділігі алынады. Оның шамасы – жұмысшылар өнімділігіне ғана емес, сондай-ақ

өнеркәсіптік-өндірістік персонал құрамындағы жұмысшылардың үлес салмағы, олардың істеген күндер санына, жұмыс күн ұзақтығына байланысты.

Енді нақты мысал түрінде көрсетейік. Ол үшін төмендегі кесте мәліметтерін пайдаланайық.

4-кесте

«А» ЖШС еңбек өнімділігін талдау үшін керекті мәліметтер

Көрсеткіштер	Жоспар	Нақты	Ауытқулар
Өнім өндірісінің көлемі, мың теңге	333660	501859	+168199
Орташа тізімдік сан:			
1. Әкімшілік қызметкерлер	15	16	+1
2. Жұмысшылар (ЖС)	3	3	-
3. Жалпы әкімшілік қызметкерлер санының ішіндегі барлық жұмысшылардың үлес салмағы, (ҮС) %	20	18,75	-1,25
4. Бір жұмысшымен жыл ішінде істеген күнінің саны (К)	220	210	-10
5. Жұмыс күнінің орташа созылуы (С), сағ.	7,95	7,8	-0,15
Істелген уақыттың жалпы көлемі:			
6. Жыл ішінде барлық жұмысшылармен (Т), адам-сағ.	31482	31122	-360
7. Соның ішінде бір жұмысшымен (адам-сағ.)	1749	1683	-66
Орташа жылдық өнімділік, мың тг			
8. Бір қызметкердің (ЖӨ)	22244	31366	+9122
9. Бір жұмысшының (ЖӨ')	111220	167286	+56066
10. Орташа күндік өнімділігі (КӨ), мың тг	1516	2389	+873
11. Орташа сағаттық өнімділігі (СӨ), мың тг	190,69	306,28	+115,59

Осы көрсеткіштерді пайдалана отырып, бір жұмыскердің орташа жылдық өнімділік көлеміне әсер ететін факторларды анықтаймыз. Ол үшін төмендегідей формуланы қолданамыз:

$$ЖӨ = ҮС \cdot К \cdot С \cdot СӨ.$$

Бұл факторлардың әкімшілік қызметкерлер өнімділігінің өзгерісіне әсер етуін есептеу үшін абсолютті айырма әдісін қолданамыз.

Жоғарыда келтірілген кесте деректері бойынша нақты орташа жылдық өнімділіктің көлемі жоспармен салыстырғанда 9122 мың теңгеге өскендігін байқалады. Сол үшін осы бағыттағы талдауды тереңдету керек.

Ұйым жұмысшыларының орташа жылдық өнімділік деңгейіне факторлардың әсер етуін абсолютті айырма әдісін қолдану арқылы есептеудің нәтижесінде төмендегідей өзгерістерді байқаймыз.

5-кесте

Орташа жылдық өнімділіктің өзгерістері

Фактор	Есептеу алгоритмі
Әкімшілік қызметкерлердің жалпы сан ішіндегі жұмысшылар	$\Delta Ж\Theta_{\gamma c} = \Delta YC \cdot Ж\Theta'_{жос} = 0,18 \cdot 19 = + 3,42$
Бір жұмысшының жыл ішінде істеген күнінің саны	$\Delta Ж\Theta_{к} = YC_{н} \cdot \Delta K \cdot K\Theta_{жос} = 0,18 \cdot (-10) \cdot 1516 = -3032$
Жұмыс күнінің орташа созылуы	$\Delta Ж\Theta_{жос} = YC_{н} \cdot K_{н} \cdot \Delta C \cdot C\Theta_{жосп} = 0,18 \cdot 210 \cdot (-15) \cdot 190,69 = -8,83$
Орташа сағаттық өнімділік	$\Delta Ж\Theta_{сө} = YC_{н} \cdot K_{н} \cdot C_{н} \cdot \Delta C\Theta_{жосп} = 0,18 \cdot 210 \cdot 7,8 \cdot 0,02991 = +115,59$

Содан соң жұмысшының орташа жылдық өнімділігінің өзгерісін талдаймыз. Ол бір жұмысшының жыл ішінде істеген күнінің санымен, жұмыс күнінің созылуымен және орташа сағаттық өнімділікпен өрнектеледі:

$$Ж\Theta = C \cdot K \cdot C\Theta.$$

Абсолютті айырма әдісі арқылы осы факторлардың әсер етуін жоғарыда келтірілген кесте бойынша төмендегідей түрде есептейміз:

$$\begin{aligned} \Delta Ж\Theta_{к} &= \Delta K \cdot C_{жосп} \cdot C\Theta_{жосп} = -10 \cdot 7,95 \cdot 190,69 = -15159 \text{ мың тг;} \\ \Delta Ж\Theta_{жосп} &= K_{н} \cdot \Delta C \cdot C\Theta_{жосп} = 210 \cdot (-0,15) \cdot 190,69 = -6006 \text{ мың тг;} \\ \Delta Ж\Theta_{сө} &= K_{н} \cdot C_{н} \cdot \Delta C\Theta = 210 \cdot 7,8 \cdot 115,59 = 189336 \text{ мың тг.} \end{aligned}$$

Орташа сағаттық өнімділіктің өзгерісі міндетті түрде еңбек өнімділігі мен факторының негізгі көрсеткіші ретінде талданады

және оған тәуелді болады. Орташа жылдық және орташа күндік жұмысшылардың өнімділік деңгейі тәуелді болады.

Сонымен, еңбек өнімділігін келесі жолдар арқылы ұлғайтуға болады:

– ұйымның өндірістік күшті толығымен пайдалану арқасында өнімді өндіру көлемін өсіреді, себебі өндіріс көлемінің өсуі кезінде тек қана жұмыс уақыт шығынының ауыспалы бөлігі өседі. Сөйтіп өнім бірлігін өндіруге кететін уақыт көлемі азаяды;

– өндіріске кететін еңбек шығынын өндіріс қарқынын күшейту, өнімнің сапасын өсіру, өндіріс нышанын автоматтандыру, өндірісті жетілген техникамен, технологиямен жабдықтау арқылы төмендетеді. Бұл кезде өнім өндіру көлемінің өзгеруі және еңбек шығынының арақатынасы болуы мүмкін.

Олар қазіргі экономикалық жағдайлар және еңбек өнімділігінің өсуін қамтамасыз ететін басқару стратегиясын жасау кезінде ескерілуі тиіс;

1) өнім өндірісінде еңбек шығыны төмендетілсе, онда өнім өндіру көлемі өседі;

2) өнім көлемі еңбек шығынына қарағанда тезірек өседі;

3) еңбек шығыны өзгермесе, өнім көлемі өседі;

4) Еңбек шығыны төмендесе, өнім көлемі өзгермейді;

5) Еңбек шығынына қарағанда, өнім көлемі жай қарқынмен азаяды.

Еңбек өнімділігін талдау кезінде есептелінетін негізгі көрсеткіштердің бірі – еңбек сыйымдылығы.

Еңбек сыйымдылығы өндірілген өнім бірлігіне немесе өндірілген өнімнің жалпы көлеміне жұмсалған жұмыс уақытының шығынын білдіреді.

Өнім бірлігінің еңбек сыйымдылығы келесі формула бойынша есептелінеді:

1 өнім түрін дайындауға жұмсалған жұмыс
уақытының қоры / өндірілген өнімдер көлемі.

Сонымен, еңбек өнімділігін талдау барысында:

– еңбек өнімділігінің артуына байланысты тапсырмалардың орындалу деңгейі;

– еңбек өнімділігінің артуына байланысты және осы фактор негізінде өнімнің көбеюі

- еңбек өнімділігінің артуына әсер еткен факторлар;
- еңбек өнімділігінің арттыру резервтері мен оларды қолдану шаралары ескеріледі.

3.4. Еңбекақы қорын пайдалануды талдау

Еңбекақы қорын пайдалануды талдауға кірісе отырып, бірінші кезекте оның нақты көлемінің жоспардан абсолютті және қатысты ауытқуын есептеу қажет.

Еңбекақы төлеу қорының абсолюттік ауытқуы (ΔETK_{abc}) еңбекақы төлеуге жұмсалған қаражаттардың нақты пайдаланылуы мен жалпы ұйым, өндірістік бөлімше және қызметкерлердің категориялары бойынша базалық еңбекақы қорының арасындағы айырма ретінде есептеледі:

$$\Delta ETK_{abc} = ETK_1 - ETK_0.$$

Еңбекақы қорының абсолюттік ауытқуы өнім өндіру көлемінің өзгеруін ескермей анықталатындықтан, еңбекақы қорын үнемдеу немесе оны артық пайдалану туралы айта алмаймыз.

Еңбекақы төлеу қорының қатысты ауытқуы ($\Delta ETK_{кат}$) өндірілген өнім көлемінің индексіне түзетілген нақты есептелінген еңбекақы сомасы мен базалық еңбекақы қорының арасындағы айырма ретінде анықталады. Бұл жағдайда тек өндірілген өнім көлеміне пропорционалды түрде ғана өзгертін еңбекақы төлеу қорының ауыспалы бөлігі ғана түзетілетінін ескеру керек. Бұл келісімді баға бойынша қызметкерлердің еңбекақысы, қызметкерлерге және өндірістік нәтижеге жауапты басқару персоналдарына берілетін сыйақы, сонымен бірге ауыспалы еңбекақыдағы кезекті демалыс үшін берілетін сома жатады.

Еңбекақының тұрақты бөлігі өндіріс көлемінің өсуі немесе құлдырауы жағдайында өзгермейді. Оған тарифтік ставкалар бойынша еңбекақы, окладтар бойынша қызметкерлердің еңбекақысы, қосымша төленетін еңбекақының барлық түрлері жатады.

$$\Delta ETK_{кат} = ETK_1 - ETK_{түз} = ETK_1 - (ETK_{ауыс 0} \cdot I_ө + ETK_{түр 0}),$$

мұндағы $\Delta ETK_{кат}$ – еңбекақы қоры бойынша қатысты ауытқу; ETK_1 – есептік кезеңдегі еңбекақы қоры; $ETK_{түз}$ – өндірілген

өнім көлемінің индексіне түзетілген базалық еңбекақы қоры; $ETK_{\text{ауыс } 0}$ және $ETK_{\text{түр } 0}$ – базалық еңбекақы қорының сәйкесінше ауыспалы және тұрақты сомасы; I_0 – өндірілген өнім көлемінің индексі.

Мысалды келесі кесте мәліметтері түрінде көрсетейік.

6-кесте

Еңбекақы қорын пайдалануды талдау

Көрсеткіштер	t_0	t_1
Еңбекақы төлеу қоры, мың теңге	13 500	15 800
оның ішінде:		
– ауыспалы бөлігі	9440	11 600
– тұрақты бөлігі	4060	4200
Өндірілген өнім көлемі, мың теңге	80 000	100 320
Ескерту: кесте шартты ұйым мәліметтерінен алынған.		

Кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, өнімді өндіру индексі 1,254-ті құрап отыр, яғни: $100\,320 / 80\,000$.

Еңбекақы төлеу қоры бойынша абсолютті және қатысты ауытқуларды есептейік:

$$\begin{aligned} \Delta ETK_{\text{абс}} &= 15\,800 - 13\,500 = +2\,300 \text{ мың теңге;} \\ \Delta ETK_{\text{кат}} &= 15\,800 - (9440 \cdot 1,254 + 4060) = \\ &= 15\,800 - 15\,898 = -98 \text{ мың теңге.} \end{aligned}$$

Есептеулерден көріп отырғанымыздай, ұйымдағы еңбекақы төлеу қорын пайдалануда 98 мың теңгеге үнемделгендігін көруге болады.

Детерменді факторлық талдауды жүргізу үшін еңбекақы төлеу қоры бойынша абсолюттік ауытқуда келесідей үлгілер қолданылуы мүмкін:

- 1) $ETQ = ЖС \cdot ЖЕ$;
- 2) $ETQ = ЖС \cdot К \cdot КЕ$;
- 3) $ETQ = ЖС \cdot К \cdot Y \cdot СЕ$,

мұндағы ЖС – қызметкерлердің орташа жылдық саны; ЖЕ – бір қызметкердің орташа жылдық еңбекақысы; К – бір жыл ішінде

бір қызметкердің жұмыс істеген күндерінің саны; KE – бір қызметкердің орташа күндік еңбекақысы; Y – жұмыс күнінің орташа ұзақтығы; CE – бір қызметкердің орташа сағаттық еңбекақысы.

Осы үлгі бойынша факторлардың әсер етуін есептеуді абсолюттік айырма әдісі бойынша көрсетуге болады:

$$\Delta ETK_{жс} = (ЖС_1 - ЖС_0) \cdot K_0 \cdot Y_0 \cdot CE_0;$$

$$\Delta ETK_K = ЖС_1 \cdot (K_1 - K_0) \cdot Y_0 \cdot CE_0;$$

$$\Delta ETK_Y = ЖС_1 \cdot K_1 \cdot (Y_1 - Y_0) \cdot CE_0;$$

$$\Delta ETK_{ce} = ЖС_1 \cdot K_1 \cdot Y_1 (CE_1 - CE_0).$$

Еңбекақы төлеу қорын пайдалануды талдау кезінде қызметкерлердің орташа еңбекақысы туралы, оның өзгеруін, сонымен қатар оның деңгейін анықтайтын факторлар туралы мәліметтердің үлкен маңыздылығы бар. Сондықтан да одан әрі қарай ұйым, бөлімшелер, категориялар мен мамандықтар бойынша қызметкерлердің орташа еңбекақысының өзгеру себептері талдануы керек.

Бұл жағдайда қызметкерлердің орташа жылдық еңбекақысы әрбір қызметкердің жұмыс істеген күндерінің санына, жұмыс күнінің орташа ұзақтығына және еңбекақының орташа сағатына тәуелді болатынын ескеру қажет:

$$ЖЕ = K \cdot Y \cdot CE.$$

Ал орташа күндік еңбекақы жұмыс күнінің ұзақтығы мен орташа сағаттық еңбекақыға тәуелді екенін ескеру керек:

$$KE = Y \cdot CE.$$

Қызметкердің орташа жылдық еңбекақысының өзгеруіне факторлардың әсер етуін есептеуді жалпы ұйым бойынша немесе жекеленген категориялар бойынша жүргізуге болады.

Талдау барысында орташа еңбекақының өсу қарқыны мен еңбек өнімділігінің арасындағы сәйкестікті анықтау керек. Ұлғаймалы ұдайы өндіріс үшін, қажетті пайда деңгейін алу мен рентабельділікке қол жеткізу үшін еңбек өнімділігінің өсу қар-

қынының оны төлеудің өсу қарқынынан асып кетуі маңызды болып табылады. Егер осы қағида сақталмаса, онда еңбекақы қорының артық пайдаланылуы, өнімнің өзіндік құнының жоғарылауы және пайда сомасының азаюы байқалады.

Белгілі бір уақыт аралығындағы (жыл, ай, күн, сағат) қызметкерлердің орташа еңбекақысының өзгеруі есептік кезеңдегі орташа еңбекақының (E_1) базистік кезеңдегі орташа еңбекақыға (E_0) қатынасы арқылы анықталатын оның индексімен (I_e) сипатталады.

$$I_e = JE_1 / JE_0.$$

Осылайша, еңбек өнімділігінің индексі де есептелінеді I_o :

$$I_o = E\Theta_1 / E\Theta_0.$$

Еңбек өнімділігінің өсу қарқыны еңбекақы төлеудің өсу қарқынынан асып кету коэффициенті келесідей түрде есептелінеді:

$$K = I_e / I_o.$$

Еңбекақы төлеу қорының үнемдеу немесе артық жұмсау сомасын анықтау үшін келесі формуланы пайдалануға болады:

$$Y_{\text{етк}} = ETK_1 \cdot (I_e - I_o) / I_e.$$

Сонымен қатар орташа еңбекақы мен ең төменгі тұтынушылық бюджетінің арасындағы ($OE / TTБ$) және ұйым қызметкерлерінің орташа еңбекақысының өсу индексі мен ең төменгі тұтынушылық бюджет арасындағы ($I_{oe} / I_{тб}$) қатынастарды зерттеудің де маңыздылығы бар.

Еңбекақы төлеуге жұмсалынатын ақша қаражаттарының тиімді пайдаланылуын бағалау үшін келесідей көрсеткіштерді қолдану керек:

- ағымдағы баға бойынша өндірілген өнімдердің көлемі;
- еңбекақының бір теңгесіне келетін түсім сомасы;
- еңбекақының бір теңгесіне келетін пайда сомасы және

т.б.

Талдау жасау барысында осы көрсеткіштердің динамикасын, жоспардың орындалуын зерттеу қажет. Бұл жағдайда қандай ұйымның неғұрлым тиімді жұмыс істеп отырғандығын көрсететін ұйымаралық салыстырмалы талдау болып табылады.

Еңбекақы төлеу қорын пайдаланудың тиімділігін көрсететін келесідей көрсеткіштерге талдау жасайық.

7-кесте

Еңбекақы төлеу қорын пайдаланудың тиімділігін талдау

Көрсеткіштер	Өткен жыл	Есептік жыл		Бәсекелес ұйым
		жоспар	нақты	
Еңбекақының бір теңгесіне келетін өндірілген өнімдер, теңге	6,5	5,9	6,35	6,50
Еңбекақының бір теңгесіне келетін түсім, теңге	6,15	6,17	6,15	5,90
Еңбекақының бір теңгесіне келетін брутто-пайда сомасы, теңге	1,33	1,35	1,40	1,40
Еңбекақының бір теңгесіне келетін таза пайда сомасы, теңге	0,85	0,88	0,93	0,95
Еңбекақының бір теңгесіне келетін капитализацияланған пайда, теңге	0,45	0,48	0,45	0,50

Кесте мәліметтеріне қарай отырып, талдау жүргізілген ұйым еңбекақы төлеу қорындағы қаражаттарды пайдалану тиімділігін жоғарылатуға қол жеткізгендігін байқаймыз. Есептік жылда еңбекақының бір теңгесіне көп өнім өндірудің әсерінен ұйым көп мөлшерде жиынтық және таза пайда сомасын алған. Алғашқы екі көрсеткіштің деңгейі бәсекелес ұйымға қарағанда жоғары. Бірақ бәсекелес ұйымда таза пайда мөлшері жоғары екендігін көруге болады.

Осындай жұмыстар жүргізілгеннен кейін еңбекақы қорын пайдалану тиімділігін сипаттайтын әрбір көрсеткіштің өзгеруіне әсер еткен факторларды анықтаудың қажеттілігі бар.

Еңбекақының бір теңгесіне келетін өндірілген өнімдер көлемін факторлық талдау үшін келесі үлгіні қолдануға болады:

$$\Theta / \text{ЕТҚ} = \text{ЖӨ} \cdot \text{Ү} \cdot \text{К} \cdot \text{Ү} / \text{ЖЕ},$$

мұндағы ЖӨ – ағымдағы баға бойынша өндірілген өнім; Ү – жұмыс күнінің орташа ұзақтығы; К – жұмыс істелінген күндер саны; Ү – өндірістік персоналдың жалпы санындағы жұмысшылардың үлес салмағы; ЖЕ – бір жұмысшының орташа жылдық еңбекақысы.

Еңбекақының бір теңгесіне келетін түсім сомасына жоғарыда аталған факторлардан басқа сатылған және өндірілген өнімдердің өзара қатынастары да әсер етеді.

Еңбекақының бір теңгесіне келетін сатылған өнімдерден түскен пайда сомасына аталған факторлардан басқа сату рентабельділігінің деңгейі де әсер етеді.

Еңбекақы қорына жүргізілген талдау еңбекақы төлеуге жұмсалатын қаражаттарды пайдалану тиімділігін жоғарылату резервтерін іздестіруге мүмкіндіктер береді.

Бакылау сұрақтары:

1. Еңбек ресурстарын талдау үшін қандай ақпарат көздері қолданылады?
2. Ұйымның қажетті еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуін талдау үшін қандай көрсеткіштер жүйесі қолданылады?
3. Жұмыс күшінің қозғалысын сипаттау үшін қандай көрсеткіштер жүйесі қолданылады?
4. Ұйымның еңбек ресурстарын тиімді пайдаланылуын сипаттау үшін қандай көрсеткіштер пайдаланылады?
5. Еңбекақы қорына қандай факторлар әсер етеді?

Тәжірибелік тапсырмалар

1-тапсырма.

Ұйымдағы жұмысшы күшінің қозғалысын жұмысқа қабылдау, босату, ағымдылық коэффициенттері арқылы бағалаңыз.

Көрсеткіштер	Өткен жыл	Есепті жыл
1	2	3
Жұмысшылардың орташа тізімдік саны, адам	1620	1520
Қабылданғандар саны, адам	319	240
Босатылғандар саны, оның ішінде:		
– басқа ұйымға ауысқандар	36	39
– келісім мерзімінің аяқталуына байланысты	53	58

1	2	3
– оқуға, әскери қызметке, зейнеткерлікке шығуына байланысы босатылғандар	78	76
– өз еркімен босатылғандар	20	19
– еңбек тәртібін бұзғаны үшін босатылғандар	5	3

2-тапсырма.

Кестеде берілгендер бойынша факторлардың ықпалын айырмалар әдісі арқылы анықтап, сәйкес қорытындылар жасаңыз.

Көрсеткіштер	Өткен жыл	Есепті жыл	Ауытқуы (+,-)
Шығарылған өнім көлемі, мың тонна	3800	3960	
Жұмысшылардың орташа тізімдік саны, адам	320	322	
Еңбек өнімділігі, тг			

3-тапсырма.

3.1. Жұмысшы күшінің ағымдылығын анықтаңыз, егер ұйымда жыл басында 300 жұмысшы болған болса, жыл соңында 320 жұмысшы қалған, ал жыл бойы 15 жұмысшы жұмыстан босатылған.

3.2. Егер жыл басында 1 000 жұмысшы болса, жыл бойында 180 жұмысшы жұмысқа қабылданып, 80 жұмысшы босатылатын болса, онда кадрлар ағымдылығы неге тең болады?

3.3. Егер компанияда жыл соңында 3450 жұмысшы қалған болса, ал жыл бойы 364 жұмысшы жұмысқа қабылданған, 430 жұмысшы жұмыстан босатылған болса, кадрлар ағымдылығы қалай анықталады?

4-тапсырма.

Ұйымдағы еңбеккерлер құрамына қатысты талдау жасап, қорытындылаңыз.

Көрсеткіштер	Өткен жыл	Есепті жыл	Өткен жылға пайыз есебінде, %
Жұмысшылардың тізімдік саны, оның ішінде:	362	356	
Жұмысшылар	289	284	
Қызметкерлер	29	26	
Басшылар мен мамандар	44	44	

4. МАТЕРИАЛДЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ҚОЛДАНУДЫ ТАЛДАУ

4.1. Материалдық ресурстарды талдаудың міндеттері және ақпарат көздері

Материалдық ресурстар – өнімдерді өндіру мақсатымен шаруашылық қызметте пайдалану үшін ұйым сатып алатын шикізаттардың, материалдардың, отынның, жартылай фабрикаттардың әртүрлі түрлері.

Материалдық ресурстарды талдаудың мақсаты ресурстарды үнемді (рационалды) пайдалану есебінен өндіріс тиімділігін жоғарылату болып табылады.

Талдаудың міндеттері:

- материалдық-техникалық жабдықтау жоспарының нақтылығын, орындалу деңгейін және өндірілген өнім көлеміне әсерін бағалау;
- материалдық ресурстарды қолдану тиімділігін бағалау;
- материалдық ресурстарды үнемдеудің ішкі өндірістік резервтерін анықтау және оларды пайдалану бойынша шаралар кешенін жасау.

Материалдық ресурстарды талдау үшін қажетті ақпарат көздеріне келесілер жатады:

- материалды-техникалық жабдықтау жоспары;
- шикізаттар мен материалдарды жеткізу келісімшарттары мен өтініштер;
- материалдық ресурстардың бар екендігі, олардың қолданылуы және өндіріске жұмсалған шығындар туралы статистикалық есеп;
- материалды-техникалық жабдықтау бөлімінің жедел мәліметтері;
- материалдық ресурстардың келіп түсуі, жұмсалуды және қалдықтары туралы аналитикалық есеп мәліметтері.

4.2. Ұйымның материалдық ресурстармен қамтамасыз етілуін талдау

Өндіріс процесінің үздіксіздігін қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі – өндірістік бағдарламаларды орындауға

қажетті материалдық қорлардың жеткіліктілігі. Материалдық қорлардың жетіспеушілігі өндіріс процесінің үзілуіне, ал мөлшерден тыс артық болуы оларды сақтау мен қосымша қойманы ұйымдастыру шығындарын талап ететін еді, ал бұл өз кезегінде өндіріс тиімділігін төмендетеді.

Ұйымдағы материалдық қорларды басқару келесі талаптардың орындалуын қамтамасыз етуі қажет:

– қорлар көлемі ұйымның өндірістік қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ететін көлемде болуы қажет;

– қорларды сақтаумен байланысты шығындардың аз болуы үшін қорлардың тек қажетті мөлшерде болуын қадағалау қажет.

Материалдық қорларды басқарудың негізгі мақсаты қорларды сатып алу мен ұстауға аз шығындар жұмсай отырып, үздіксіз өндіріс процесін қамтамасыз ету болып табылады.

Осы мақсатқа сәйкес материалдық қорларды басқарудың негізгі міндеттері келесідей:

1) өндірістік бағдарламаны орындауға қажетті қорларға деген қажеттілікті жоспарлау негізінің болуы;

2) материалдық айналым активтерінің пайдаланылуын бақылау;

3) материалдарды сатып алу мен сақтау барысындағы негізсіз шығындарды азайту;

4) материалдық қорлар тапшылығы, қорлардың бұзылуы, ескіруі әсерінен орын алатын шығындарды азайту;

5) материалдық айналым активтерінің айналымдылығын арттыру.

Материалдық қорларға деген қажеттілік көптеген факторларға:

– өнімдерді (жұмыстар, қызметтерді) өндіру және сату көлеміне;

– ұйым бизнесінің түріне (қызметінің сипатына) және масштабына;

– өндіріс циклінің ұзақтығына;

– ұйым капиталының құрылымына;

– есеп саясаты мен есеп айырысулар жүйесіне;

– ұйымның шаруашылық қызметін несиелендіру шарттары мен тәжірибесіне;

- материалдық-техникалық жабдықтау деңгейіне;
- тұтынылатын шикізаттар түрлеріне және құрылымына;
- өндіріс және сату көлемдерінің өсу қарқынына;
- менеджерлер мен бухгалтерлердің кәсіби шеберлігіне және өзге факторларға тәуелді.

Кез келген ұйым қызметінің мақсаты оның ырғақтылығын қамтамасыз ету болып табылады. Ырғақтылық, әдетте, материалдар мен шикізаттардың жеткіліктілік дәрежесімен сипатталады. Жеткіліктілік дәрежесі өндірістік процестің үздіксіздігін қамтамасыз етуге қажетті материалдар мен шикізаттар мөлшерін жоспарлау арқылы анықталады. Осы мақсатта ұйым қызметіне қажетті қорлармен қамтамасыз етілу коэффициентін анықтайды. Ол келесі формула арқылы анықталады:

$$K_{\text{қорлармен қамтамасыз етілу}} = S_t / Z_p,$$

мұндағы S_t – талдау жүргізу мерзіміндегі қорлар мөлшері; Z_p – жоспар бойынша материалдар мен шикізаттарға деген күндік қажеттілік.

Қорлар мөлшерін көрсететін басты ақпарат көзі есептілік болып табылады, бірақ онда тек құндық өлшемді аламыз. Ал қорлармен қамтамасыз етілу коэффициенті арқылы қолда бар қорлар мөлшерінің қанша күнге жететіндігін есептей аламыз. Бұл көрсеткіштің ең төменгі мөлшері талдау барысында анықталуы қажет, ол ішкі өндірістік талдау, жоспарлау және бақылау жүйесінің маңызды көрсеткіші болып табылады.

Ұйымның материалдық ресурстарға деген қажеттілігін толық қамтамасыз ету ішкі және сыртқы көздер есебінен жүзеге асырылады.

Ішкі көздер: шикізаттардың қалдықтарын азайту, шикізаттардың қалдықтарын пайдалану, өздері шығарған материалдар мен жартылай фабрикаттарды қолдану, ФТП жетістіктерін өндіріске енгізу нәтижесінде материалдарды үнемдеу.

Сыртқы көздер: бекітілген келісімшарттарға сәйкес жеткізушілерден келіп түскен материалдық ресурстар.

Материалдық ресурстарға деген қажеттілік үш түрлі бағалау бойынша анықталады:

1) натуралды өлшем бірлігі бойынша: қойма қажеттіліктерін анықтау үшін;

2) ақшалай бағалау: айналым қаражаттарына деген қажеттіліктерді жоспармен байланыстыру үшін;

3) қамтамасыз ету күндері бойынша: жеткізу графигінің орындалуын жоспарлау және оған бақылау жасау үшін.

Ұйымның шикізаттармен және материалдармен қамтамасыз етілу деңгейі нақты сатылып алынған материалдар саны мен олардың жоспарлық қажеттіліктерін салыстыру арқылы анықталады.

Материалдық ресурстарды жеткізу бойынша бекітілген келісімшарттардың нақты орындалуын тексеру.

Жеткізушілерден алынған материалдардың сапасын, стандарттарға, келісімшарттарда көрсетілген шарттарға, техникалық шарттарға сәйкестігін тексеру.

Талдау жүргізу барысында материалдық ресурстарға деген қажеттіліктерді оларды жеткізу келісімшарттарымен қамтамасыз етілуін және олардың нақты орындалуын анықтау керек.

Ұйымның материалдық ресурстармен қамтамасыз етілу деңгейі келесідей коэффициенттердің көмегімен бағаланады:

– бекітілген жеткізу келісімшарттары бойынша қамтамасыз етілу коэффициенті:

$$K_{\text{к-шарт}} = (MP_{\text{ішкі}} + MP_{\text{сыртқы к-шарт}}) / MP_{\text{жоспар}};$$

– жеткізу келісімшарттарының нақты орындалуы бойынша қамтамасыз етілу коэффициенті:

$$K_{\text{нақты}} = (MP_{\text{ішкі}} + MP_{\text{сыртқы нақты}}) / MP_{\text{жоспар}}.$$

Келесі кестеде көрсетілген мәліметтер негізінде ұйымның материалдық ресурстармен қамтамасыз етілуіне талдау жасайық.

Материалдық ресурстармен қамтамасыз етілуі

Материал түрі	Жоспарлық қажеттілік, тонна	Қажеттіліктерді жабу көздері, тонна		Бекітілген келісімшарттар, тонна	Қажеттіліктің келісімшарттармен қамтамасыз етілуі, %	Жеткізушілерден келіп түсті, тонна	Келісімшарттардың орындалуы, %
		ішкі	сыртқы				
А	4700	50	4650	4420	95,0	4190	94,8

– бекітілген жеткізу келісімшарттары бойынша қамтамасыз етілу коэффициенті:

$$K_{\text{к-шарт}} = (MP_{\text{ішкі}} + MP_{\text{сыртқы к-шарт}}) / MP_{\text{жоспар}} = (50 + 4420) / 4700 = 0,951 \cdot 100 = 95,0 \%$$

– жеткізу келісімшарттарының нақты орындалуы бойынша қамтамасыз етілу коэффициенті:

$$K_{\text{нақты}} = (MP_{\text{ішкі}} + MP_{\text{сыртқы нақты}}) / MP_{\text{жоспар}} = (50 + 4190) / 4700 = 0,90 \cdot 100 = 90,0 \%$$

Ұйымның МР қамтамасыз етілу коэффициентін талдау

Материал түрлері	$K_{\text{к-шарт}}$	$K_{\text{нақты}}$
А	1,00 [(50 + 4650) / 4700]	0,902 [(50 + 4190) / 4700]

Кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, ұйым материалдық ресурстарға деген қажеттіліктерді жеткізу келісімшарттарын бекіту есебінен жабуға тырысқан, бірақ жеткізушінің жеткізу келісімшарттарын орындамауы олардың тапшылығын тудырды.

Жүргізілген талдау жеткізушілерді таңдау үшін қажетті ақпараттар береді.

Ұйымның келісімшарттар бекіту жұмыстарының өткен кезеңдегі тиімділігі келесідей көрсеткіштермен бағаланады:

– өтініштерді қанағаттандыру коэффициенті:

$$K_1 = \frac{\text{Бекітілген келісімшарттар саны}}{\text{Келісімшарттарды бекітуге берілген өтініштер саны}};$$

– келісімшарттардың орындалу коэффициенті:

$$K_2 = \frac{\text{Орындалған келісімшарттар саны}}{\text{Бекітілген келісімшарттар саны}};$$

– жеткізу сапасының коэффициенті:

$$K_3 = \frac{\text{Сапалы орындалған келісімшарттар саны}}{\text{Орындалған келісімшарттар саны}};$$

– сыртқы жеткізудің жиынтық коэффициенті:

$$K_4 = \frac{\text{Сапалы орындалған келісімшарттар саны}}{\text{Келісімшарттарды бекітуге берілген өтініштер саны}}.$$

Ұйымның келісімшарттарды бекіту жұмыстарының сипатын келесі кесте мәліметтерінен көруге болады.

10-кесте

Материалды-техникалық жабдықтау келісімшарттары бойынша жұмыстарды талдау

Көрсеткіштер атауы	Саны
1. Келісімшарттарды бекітуге берілген өтініштер	78
2. Бекітілген келісімшарттар	72
3. Орындалған келісімшарттар	69
4. Сапалы орындалған келісімшарттар	63
Өтініштерді қанағаттандыру коэффициенті (K_1) (2/1)	0,923
Келісімшарттардың орындалу коэффициенті (K_2) (3/2)	0,958
Жеткізу сапасының коэффициенті (K_3) (4/3)	0,913
Сыртқы жеткізудің жиынтық коэффициенті (K_4) (4/1)	0,807

K_4 коэффициентінің (K_1 , K_2 және K_3) жеке көрсеткіштермен өзара байланысын келесідей түрде көрсетуге болады:

$$K_4 = K_1 \cdot K_2 \cdot K_3 = 0,923 \cdot 0,958 \cdot 0,913 = 0,807.$$

Талдау барысында жеткізу бойынша ұйым белгілі бір қиыншылықтарға кездесіп отырған МР негізгі түрлері, сонымен бірге жеткізу бойынша бекітілген келісімшарттарды орындамаған жеткізушілер анықталады.

МР жеткізу жоспарларының орындалуын талдау келесідей көрсеткіштердің көмегімен жүзеге асырылады:

– жеткізу жоспарының келісімшарттарды бекіту есебінен қамтамасыз етілу коэффициенті:

$$K_{\text{к-шарт жоспар}} = \frac{\text{Бекітілген келісімшарттар бойынша МР құны}}{\text{Жоспарлық қажеттілік}};$$

– жеткізу келісімшарттарының нақты орындалуын қамтамасыз ету коэффициенті:

$$K_{\text{к-шарт нақты}} = \frac{\text{Нақты жеткізілген МР құны}}{\text{Жоспарлық қажеттілік}}.$$

Осы коэффициенттерді есептеу МР әрбір түрлері бойынша жүргізіледі.

11-кесте

Көлемі мен сапасы бойынша материалды-техникалық жабдықтау жоспарының орындалуы туралы мәліметтер

Жеткізілетін МР түрлері	Жеткізу көлемі		Оның ішінде				
	жоспар	нақты	Жеткізу келісімшарттарын толық орындаған	Келісімшарттарды бұзғаны үшін есепке алынбады			
				Жеткізу мерзімі	саны	көлемі	номенклатурасы
Темір	110176	111644	108976	800	400	-	-
Мыс	290164	294188	288844	800	-	520	-
.....
Жиыны	1894584	1994940	1849244	29624	12800	1716	1200

Кесте мәліметтері бойынша МР қамтамасыз етілу 5,29 пайызға артық орындалған $[(1994940 / 1894584) \cdot 100 - 100]$, ал жоспар бойынша қамтамасыз етілу коэффициенті $K_{\text{к-шарт жоспар}} = 1,052$ $(1994940 / 1894584)$.

Келісімшарттардағы міндеттемелердің орындалуын ескерсек, онда жоспардың орындалу пайызы – 97,61 $[(1849244 / 1894584) \cdot 100]$, нақты қамтамасыз етілу коэффициенті $K_{\text{к-шарт нақты}} = 0,976$ $(1849244 / 1994940)$.

МР толық жеткізбеу пайызы: $100 - 97,61 = 2,39$, оның ішінде:

- жеткізу мерзімдерін бұзумен байланысты: 1,56 % $[(29624 / 1894584) \cdot 100]$
- сапаға байланысты: 0,67 % $[(12800 / 1894584) \cdot 100]$;
- көлемі бойынша: 0,09 % $[(1716 / 1894584) \cdot 100]$;
- номенклатурасы бойынша: 0,06 % $[(1200 / 1894584) \cdot 100]$.

4.3. Материалдық ресурстарды қолдану тиімділігінің көрсеткіштері: материал сыйымдылығы және материал қайтарымдылығы

МР пайдалану тиімділігін талдау арқылы әртүрлі факторлардың өндіріс көлемінің өзгеруіне әсерін анықтауға болады.

МР пайдалану тиімділігін талдау үшін қолданылатын көрсеткіштер 2-ге бөлінеді:

- жалпылама көрсеткіштер;
- жеке көрсеткіштер.

12-кесте

МР-ны пайдалану тиімділігін сипаттайтын жалпылама және жеке көрсеткіштер

Көрсеткіштер	Есептеу формуласы	Көрсеткіштің мәні
1	2	3
<i>1. Жалпылама көрсеткіштер</i>		
Материал сыйымдылығы (МС)	$МС = \text{Материалдық шығындар сомасы} / \text{Өндірілген өнімдер құны}$	Өндірілген өнімнің 1 теңгесіне келетін материалдық шығындар сомасын көрсетеді
Материал қайтарымдылығы (МҚ)	$МҚ = \text{Өндірілген өнімдер құны} / \text{Материалдық шығындар сомасы}$	Жұмсалған МР 1 теңгесіне келетін өнімдер көлемі

1	2	3
Өнімнің өзіндік құнындағы материалдық шығындардың үлесі (M_{γ})	M_{γ} = Материалдық шығындар сомасы / Өнімнің толық өзіндік құны	MP пайдалану деңгейін көрсетеді
Материалдарды пайдалану коэффициенті (K_m)	K_m = Нақты материалдық шығындар сомасы / өндірілген өнімдердің нақты көлеміне қайта есептелген жоспарлық материалдық шығындар сомасы	Өндіріс процесінде MP қаншалықты үнемді пайдаланылғандығын көрсетеді. Егер осы коэффициент 1-ден жоғары болса, онда өнімдерді өндіруге кеткен MP артық шығындалғандығы, ал 1-ден төмен болса, онда MP неғұрлым үнемді айдаланылғандығын білдіреді
<i>2. Жеке көрсеткіштер</i>		
Шикізат сыйымдылығы (ШС) Металл сыйымдылығы (МС) Отын сыйымдылығы (ОС)	ШС = Тұтынылған шикізаттар құны / Өнім құны МС = Тұтынылған металл құны / Өнім құны ОС = Тұтынылған отын құны / Өнім құны	Өндірілген өнімнің 1 тенгесіне келетін материалдардың жеке түрлерін тұтыну тиімділігін көрсетеді
Материал сыйымдылығының үлесі (U_{Mc})	U_{Mc} = Өнімге жұмсалған материалдардың құны / Өнім бағасы	Бір өнімге жұмсалған материалдық шығындардың көлемін сипаттайды

Материал сыйымдылығы көрсеткіші келесілерге тәуелді:

- өндірілген өнім көлемі;
- оның құрылымы;
- өнім бірлігіне кеткен материал шығындарының нормасы;
- материалдық ресурстардың бағасы;
- дайын өнімдерді сату құны;
- тұрақты материалдық шығындар.

13-кесте

Материал сыйымдылығын талдауға арналған мәліметтер

Көрсеткіштер	Жоспар	Нақты	Ауытқу (+, -)	
			абсолюттік	%
1	2	3	4	5
Өнім көлемі, мың теңге	135800	136500	+700	0,52

1	2	3	4	5
Материалдық шығындар сомасы, мың теңге	78700	79172	+472	0,60
Материал қайтарымдылығы, теңге	1,726	1,724	-0,002	99,9
Материал сыйымдылығы, теңге	0,579	0,580	0,001	100,2

Кесте мәліметтерін пайдалана отырып, тізбектелген қойылымдар әдісімен өнім көлемі мен материалдық шығындар сомасының материал сыйымдылығына әсерін анықтайық:

$$MC = MШ / \text{ӨК}.$$

1. Материалдық шығындардың өзгеру әсерін анықтайық: $MШ_1 / \text{ӨК}_0$.

$$79\ 172 / 135\ 800 = 0,583;$$

$$0,583 - 0,579 = 0,004.$$

Есептеу көрсетіп отырғандай материалдық шығындардың көбеюі есебінен материал сыйымдылығы 0,004 теңгеге өскен.

2. Өндіріс көлемінің өзгеруінің әсерін анықтайық: $MШ_1 / \text{ӨК}_1$.

$$79\ 172 / 136\ 500 = 0,580;$$

$$0,580 - 0,583 = -0,003.$$

Есептеу көрсетіп отырғандай, материал сыйымдылығы өндіріс көлемін ұлғайту есебінен 0,003 теңгеге азайған.

Өндірісті ұйымдастырудың басты шарттарының бірі – материалдық ресурстардың бар болуы, материалдық ресурстарды пайдалану арқылы материалдық шығындар мөлшері анықталады.

Материалдық шығындар деп өндіріліп шығарылатын өнімнің құрамына кіретін, оның материалдық негізін қалайтын материалдық ресурстарды сатып алуға кеткен шығындар жиынтығын айтамыз. Қаншалықты аз ресурстарды тұтына отырып көп

өнім көлеміне қол жеткізе алатын болсақ, соншалықты өндірілген өнімнің өзіндік құны төмендей түседі. Ал өзіндік құнның төмендігі қойылатын сату бағасының қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Ал сату көлемі артқан сайын сатудан түсетін түсім, сәйкесінше нәтижесінде алынатын пайда сомасы да арта түседі.

Материал сыйымдылығы материалдық шығындар мөлшерін анықтайды, материал сыйымдылығының артуы материалдық шығындар мөлшерін арттырады және керісінше материал сыйымдылығының кемуі шығындар мөлшерін азайтады. Өнімнің өзіндік құнын калькуляциялауда «Шикізаттар мен материалдар» бабы бойынша тікелей материалдық шығындар және жанама шығындар есепке алынады.

Материалдық шығындардың материалдық ресурстардың пайдалану тиімділігіне тәуелділігі келесі факторлармен анықталады:

1. Бірінші деңгейдегі факторлар: өнімнің материал сыйымдылығының өзгеруі, өндіріс көлемінің өзгеруі материалдық шығын мөлшеріне тура пропорционалды ықпал етеді.

2. Екінші деңгейлі факторлар: тікелей материалдық шығындар бойынша материал сыйымдылығының өзгеруі, барлық материалдық және тікелей материалдық шығындардың өзара қатынасының өзгеруі.

3. Үшінші деңгейлі факторлар: өнім құрылымының өзгеруі, өнімнің ең шекті материал сыйымдылығының өзгеруі, материалдық ресурстар бағасының өзгеруі, өнімдерді сату бағасының өзгеруі.

Материалдық ресурстардың үнемділік мөлшері (немесе артық жұмсау) екі кезеңдегі материал сыйымдылығы көрсеткіштерінің айырмасын есепті кезеңдегі нақты шығарылған өнім көлеміне көбейту арқылы анықталады:

$$Y (AЖ) = \Delta M_c \cdot N_1.$$

Материалдық шығындар мөлшеріне инновациялық қызметтің шаралары да ықпал етеді. Олардың ең бастылары: өнімді ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрастыру жұмыстары барысында жетілдіру; жоғары технологиялық құралдарды пайдалану; шикізаттар мен материалдардың, отынның жаңа, прогрессивті

түрлерін пайдалану; жұмысшылардың біліктілік деңгейін көтеру және басқалары.

Материалдық шығындарды талдау нәтижелері өнімді дайындауға жұмсалатын шикізаттар мен материалдардың нормасын анықтауда, өндірістік бағдарламаны орындауға қажетті өндірістік бағдарлама бойынша материалдық ресурстарға деген қажеттілікті анықтауда қолданылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Материалдық ресурстарды талдаудың міндеттері мен ақпарат көздері қандай?
2. Ұйымның материалдық ресурстармен қамтамасыз етілуінің қандай көздерін білесіз?
3. Ұйымның материалдық ресурстармен қамтамасыз етілуін талдау үшін қандай көрсеткіштер қолданылады?
4. Материалдық ресурстарды пайдалану тиімділігі қандай жалпылама көрсеткіштермен сипатталады?
5. Материалдық ресурстарды пайдалану тиімділігін сипаттайтын жеке келеген көрсеткіштерді атаңыз.

Тәжірибелік тапсырмалар

1-тапсырма.

Материал сыйымдылығын және оның өнім көлеміне әсерін анықтаңыз.

Көрсеткіштер	Жоспар	Нақты	Ауытқуы
Тауарлық өнім, мың теңге	57200	58300	
Материалдық шығындар, мың теңге	44250	43115	
Материал сыйымдылығы			

2-тапсырма.

Материал қайтарымдылығын және оның тауарлық өнім көлеміне әсерін анықтаңыз.

Көрсеткіштер	Жоспар	Нақты	Ауытқуы
Тауарлық өнім, мың теңге	57200	58300	
Материалдық шығындар, мың теңге	44250	43115	
Материал қайтарымдылығы			

3-тапсырма.

Материалдарды жеткізудің жоспарлы мөлшері – 1840 мың теңге. Нақты ұйымға жеткізілген материалдық ресурстар мөлшері – 1560 мың теңге. Өндірілетін өнімнің 1 теңгесіне келетін материалдық шығын мөлшері 0,58 теңге болса, онда ұйымның материалдық ресурстармен толық қамтамасыз етілмеуі себебінен өндіріс көлемінің қаншалықты азаятынын анықтаңыз, сәйкес қорытынды жасаңыз.

4-тапсырма.

Кесте мәліметтері негізінде ұйымның қорлармен қамтамасыз етілуіне қатысты қорытындылар жасаңыз.

Көрсеткіштер атауы	Саны
1. Келісімшарттарды бекітуге берілген өтініштер	96
2. Бекітілген келісімшарттар	88
3. Орындалған келісімшарттар	75
4. Сапалы орындалған келісімшарттар	68
Өтініштерді қанағаттандыру коэффициенті (K_1) (2/1)	
Келісімшарттардың орындалу коэффициенті (K_2) (3/2)	
Жеткізу сапасының коэффициенті (K_3) (4/3)	
Сыртқы жеткізудің жиынтық коэффициенті (K_4) (4/1)	

5-тапсырма.

Компания ай сайын өнім өндіруге 4000 бірлік шикізат жұмсайды. Өнім өндіруге қажетті компонентті жабдықтаушыдан бірлігіне 10 а.б. сатып алады. Тапсырыс циклі 3 күн, яғни тапсырыс бергеннен оны қабылдап алғанға дейінгі уақыт. Тапсырысты орындау құны, бір тапсырысқа 0,60 а.б., ал сақтау шығындары жылына 10 пайыз. Тапсырыстың қолайлы мөлшерін анықтаңыз.

5. ӨНІМДЕРДІ ӨНДІРУ ЖӘНЕ САТУ КӨЛЕМІН ТАЛДАУ

5.1. Өнімдерді өндіруді және сатуды талдаудың міндеттері мен ақпарат көздері

Әрбір ұйым өндіріс көлемін жоспарлау, өндірістік қуаттылығын қалыптастыру алдында қандай өнімді, қандай көлемде, қандай бағамен сататындығын білуі керек.

Өнімдерді өндіру және сату көлемі – ұйым қызметін сипаттайтын негізгі көрсеткіштердің бірі. Бұл көрсеткіштер ұйымның қаржылық нәтижесін қалыптастырады.

Экономикалық мәні бойынша сатылған өнімдердің көлемі ұйым қызметінің соңғы нәтижесін, тұтынушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындауын, нарық қажеттіліктерін қанағаттандыруға қатысу деңгейін сипаттайды.

Өнімдерді өндіру және сату көлемінің өсу қарқыны, олардың сапасының жоғарылауы ұйым қызметінің рентабельділігіне әсерін тигізеді. Сондықтан да осы көрсеткіштерді талдаудың маңыздылығы жоғары.

Өндіру және сату көлемінің негізгі көрсеткіштері:

– *жалпы өнім* (ЖӨ) – аяқталмаған өндірісті қоса алғандағы барлық өндірілген өнімдер құны;

– *тауарлық өнім* (ТӨ) – аяқталмаған өндіріс пен шаруашылық ішілік айналым қосылмайтын өнім;

– *сатылған өнім* (СӨ) – меншік құқығы өткен жөнелтілген өнімдер құны үшін сатып алушылардан алынған түсім.

Аталған көрсеткіштер бір-бірімен өзара байланысты:

$$ЖӨ = ТӨ + (АӨ_{кб} + АӨ_{кс}),$$

мұндағы $АӨ_{кб}$ және $АӨ_{кс}$ – кезең басы мен соңындағы аяқталмаған өндіріс.

$$СӨ = ТӨ + (ДӨ_{кб} - ДӨ_{кс}),$$

мұндағы $ДӨ_{кб}$ және $ДӨ_{кс}$ – кезең басы және соңындағы қоймадағы дайын өнім.

Талдаудың мақсаты – өнімдерді өндіру және сату көлемін ұлғайтудың, олардың сапасын жақсартудың, сату нарықтарын кеңейтудің неғұрлым тиімді жолдарын анықтау.

Өнімдерді (қызметтерді) өндіруді және сатуды талдаудың негізгі міндеттері:

- өнімдерді өндірудің және сатудың динамикасын, жоспардың орындалу деңгейін бағалау;
- осы көрсеткіштерге әсер ететін факторларды анықтау;
- өнімдерді шығару мен сатуды жоғарылатудың ішкі резервтерін анықтау;
- анықталған резервтерді игеру бойынша шаралар жасау.

Талдау объектілері:

- өнімдерді өндірудің және сатудың жалпы және ассортимент бойынша көлемі;
- өнімдердің сапасы;
- өнімдерді өндіру және сату құрылымы;
- өнімдерді өндіру және сату ырғақтылығы.

Өндіріс көлемін зерттеу белгілі бір іскерлік аумағында, яғни уақытпен шектелген мінтах шеңберінде жүзеге асырылады. Өнім өндіріс мен сату көлемінің ең төменгі және ең жоғарғы мөлшеріне, сонымен қатар тиімді және нақты мөлшері үшін қажетті уақытты анықтау қажет.

Ең төменгі (залалсыз) сату көлемі – қалыптасқан өндіріс жағдайы мен бағаны ескере отырып, шығындардың табыстарға теңесуіне қол жеткізілетін көлем.

Ең жоғарғы сату көлемі – өндіріс қуатын толық іске қосқан жағдайда қол жеткізілетін сату деңгейі.

Тиімді сату көлемі қалыптасқан өндіріс жағдайы мен белгілі бір баға диапазонындағы ең жоғарғы пайдаға қол жеткізуге мүмкіндік беретін сату көлемі болып табылады.

Өнімдерді өндіру мен сатуды талдау үшін ақпараттар көздеріне:

- ұйымның бизнес-жоспары және оның орындалуы туралы есеп;
- жедел жоспарлар;
- №2 қаржылық есептілік нысаны «Жылдық жиынтық табыс туралы есеп» жатады.

Өнімдерді өндіру мен сату көрсеткіштерінің жүйесі:

- өнімдерді өндіру көлемі натуралды және құндық көрсеткіштердің көмегімен бағаланады;
- өндіріс көлемі жиынтық және таза өнімдермен сипатталады;
- шығару көлемі дайын және тауарлық өнімдермен сипатталады;
- сату көлемі жөнелтілген және сатылған өнімдермен сипатталады.

5.2. Өнімдерді өндіру динамикасы мен жоспарлардың орындалуын жалпы сипаттау

Өндірілген дайын өнім көлемі мен құрылымын ретроспективті талдау бірнеше кезеңнен тұрады:

- 1) жалпы және тауарлық өнім көлемін сату көлемімен салыстыру;
- 2) ассортименті бойынша өндірістік бағдарламаның орындалуын бағалау;
- 3) өнім құрылымын және құрылымдық өзгерістердің өндірістік бағдарламаның орындалуына ықпалын талдау;
- 4) ұйымның залалсыздық нүктесін және қаржылық қауіпсіздігін талдау.

Бірінші кезеңде өндірілген өнім көлемінің және сату көлемінің динамикасын талдау базистік, тізбектелген, орташа жылдық өсу қарқыны көрсеткіштері негізінде жүзеге асырылады. Талдау объектілері ретінде жалпы өнім, тауарлық өнім, сатылған өнім мөлшері күн өлшемінде де, натуралды өлшемде де алынады.

Екінші кезеңде өндірістік бағдарламаның ассортименті бойынша орындалуына баға беріледі. Бүгінгі ұйымдар мемлекеттік тапсырысты, тауарларды жеткізуді, нарық конъюнктурасын зерттеуді өз бетімен жүзеге асыратын кезеңде жоспардың орындалуын талдау жоспардың сапасын, келісім бойынша міндеттемелердің орындалу дәрежесін, менеджмент сапасын бағалауға мүмкіндік береді.

Үшінші кезеңде өнім құрылымы бойынша жоспардың қаншалықты орындалғанын талдау, яғни өнімдердің жеке түрлеріне қатысты жоспардың орындалу дәрежесін бағалау жүзеге асырылады.

Базистік өсу қарқыны талдауға алынған базистік кезеңге қатысты ғана алынады:

$$K_б = (\Theta K_j / \Theta K_0) \cdot 100 \%$$

Тізбектік өсу қарқыны өткен кезеңге ғана қатысты алынады:

$$K_т = (\Theta K_j / \Theta K_{j-1}) \cdot 100 \%$$

мұндағы ΘK_0 – салыстыру базасы ретінде алынған кезең; ΘK_{j-1} , $\Theta K_j - j - 1$ және j кезеңдегі өндіріс көлемі.

14-кесте

Өнімдерді өндіру және сату көлемінің динамикасы

Жылдар	Өндірілген өнім көлемі, мың теңге	Өсу қарқыны		Сатылған өнім көлемі, мың теңге	Өсу қарқыны	
		Базистік	Тізбектік		Базистік	Тізбектік
1-жыл	74440	100,0	100,0	74000	100,0	100,0
2-жыл	72952	98,0	98,0	72576	98,0	98,0
3-жыл	69677	93,6	95,5	69560	94,0	95,8
4-жыл	70372	94,5	101,0	70860	95,7	101,8
5-жыл	72530	97,4	103,1	72580	98,1	102,4
6-жыл	76888	103,3	106,0	76072	102,8	104,8

Кестеде келтірілген мәліметтерден бірінші жылы өндіріс және сату көлемдерінің өзара тепе-тендікте болғанын, 2-4 жылдарда өндірістің де, сату көлемінің де төмендегенін, ал 5-жылы қайта жанданып, тек 6-жылы ғана жоспардың артығымен орындалғаны анықталды. 6-жылы өндіріс көлемі 3,3 пайызға, ал сату көлемі бойынша жоспардың 2,8 пайызға артығымен орындалғанын анықтадық. Сату көлемінің жоспарлы деңгейден төмендеуі ұйым үшін дайын өнім қорының сатылмай, жиналып қалуымен қауіп төндіреді, себебі бұл өз кезегінде жоғалтулардың орын алуына әкеледі, сондықтан осы мәселені шешу жолдарын қарастыру қажет.

**Өнімдерді өндіру және сату көлемі бойынша
жоспардың орындалуын талдау**

№	Көрсеткіштер	Өткен кезең, мың теңге	Есептік кезең, мың теңге			Өткен кезеңге қатысты өсу қарқыны, %		Жоспардың орындалуы, %
			жоспар	нақты	ауытқу	жоспар	нақты	
1	Өндірілген өнім	980000	1128000	1313200	+185200	115,10	134,00	116,42
2	Сатылған өнім	1004000	1160000	1327200	+167200	115,54	132,19	114,41

Талдау нәтижелері бойынша өндірілген және сатылған өнім көлеміне қатысты жоспардың артығымен орындалғандығы анықталды: өндірілген өнім көлемі 16,42 пайыз артығымен орындалған болса, сату көлеміне қатысты жоспар 14,11 пайыз артығымен орындалып отыр.

Сату көлемі динамикасы мен жоспардың орындалу деңгейін анықтайтын негізгі факторлар келесідей:

– өнім өндірісі бойынша жоспардың орындалу дәрежесі. Бұл фактор сату көлеміне тура пропорционалды ықпал етеді: өндірілген өнім көлемі қаншалықты жоғары болса, сату көлемі де соншалықты жоғары болады және керісінше;

– есепті кезең басында қоймадағы дайын өнім қалдығы мөлшерінің жоспардан ауытқуы. Бұл фактор сату көлеміне тікелей әсер етеді: есепті кезең басында қоймадағы дайын өнімдер қалдығының артуы сату көлемі бойынша жоспарды артығымен орындауға қосымша мүмкіндіктер береді және керісінше;

– есепті кезең соңындағы қоймадағы дайын өнім қалдығы мөлшерінің жоспардан ауытқуы. Бұл фактор сату көлеміне кері әсер етеді: есепті кезең соңында қоймадағы дайын өнімдер қалдығының артуы есепті кезеңдегі сату көлемінің төмендеуіне әсер етеді және керісінше.

Ассортименті бойынша өндірістік бағдарламаның орындалуын бағалау мақсатында ассортиментті толық топталған және топ ішілік деп бөледі. Ассортимент дегеніміздің өзі өнім атауларының тізімі, онда әрқайсысының саны көрсетіледі. Егер бұл ті-

зімді өнім атауларының жүйелендірілген тізімі бойынша өндірістік өнімдер классификаторы бойынша кодтарын, олардың шифрларын көрсете отырып құрастыратын болсақ, оны номенклатура деп атаймыз.

Ассортименті бойынша талдау ассортименттілік коэффициентін және жоспардың орындалу пайызын анықтау арқылы жүргізіледі.

Ассортименттілік коэффициентін анықтау мақсатында келесі кестені құрастырамыз.

16-кесте

**«А» ЖШС өнім түрлері бойынша
ассортименттілік коэффициентін талдау**

Номенклатура	Сату көлемі, нақты (тенге)	Сату көлемі, жоспарлы (тг)	Жоспарлы ассортимент, тенге
Табиғи тас	973 440	970 000	970 000
Келісімшарт №1 бойынша төлем	100 300	100 250	100 250
Келісімшарт №2 бойынша төлем	89704	89 704	89 704
Келісімшарт №3 бойынша төлем	1 234 810	1 234 000	1 234 000
Құрылыс материалдары	44 294 297	45 125 124	44 294 297
Жиыны	46 692 551	47 519 078	46 688 251

Кесте мәліметтері бойынша жалпы ассортименттілік коэффициентін анықтаймыз.

Жоспарлы ассортимент ретінде жоспарлы және нақты мәліметтердің ең төменгі мәні алынады. Ассортименттілік коэффициенті жоспарлы ассортимент бойынша сату көлемінің жоспарлы сату көлеміне қатынасы түрінде анықталады:

$$K_{\text{ассорт}} = \frac{\text{Сату көлемі}_{\text{жоспарлы ассортимент бойынша}}}{\text{Сату көлемі}_{\text{жоспарлы}}}$$

Біздің ұйым бойынша:

$$K_{\text{ассорт}} = 46\,688\,251 / 47\,519\,078 = 0,9825 \cdot 100 = 98,25 \%$$

Дәл осылайша жекелеген сату бағыттары бойынша да ассортименттілік коэффициенттері анықталады:

$$K_{\text{ассорт табиғи тас}} = 970\,000 / 970\,000 = 100 \%$$

$$K_{\text{ассорт КШ №1}} = 100\,250 / 100\,250 = 100 \%$$

$$K_{\text{ассорт КШ №2}} = 89\,704 / 89\,704 = 100 \%$$

$$K_{\text{ассорт КШ №3}} = 1\,234\,000 / 1\,234\,000 = 100 \%$$

$$K_{\text{ассорт ҚМ}} = 44\,294\,297 / 47\,519\,078 = 0,9321 \cdot 100 = 93,21 \%$$

Осы есептеулерден де жалпы ассортименттілік коэффициентінің орындалмағанын, оның 98,25 пайыз құрағанын көреміз. Сату жоспарының алғашқы төрт бағыты бойынша ассортименттілік коэффициенттерінің 100 пайыз толық орындалғанын, ал соңғы негізгі тауар түрі құрылыс материалдары бойынша ассортименттілік жоспар 93,21 пайыз көлемінде ғана орындалған.

Ассортименті бойынша жоспардың орындалмауына келесі жағдайлар себеп болуы мүмкін:

– еңбек сыйымдылығы төмен, бірақ қымбат бағалы өнім шығару;

– материалдық-техникалық жабдықтау жүйесінің кемшіліктері және басқалары.

Ендігі кезекте сату жоспарының өнім құрылымына қатысты орындалу дәрежесін анықтаймыз. Осы мақсатта келесі кестені құрастырамыз.

17-кесте

«А» ЖШС өнім құрылымы бойынша жоспардың орындалуын талдау

Номенклатура	Сату көлемі, нақты (тенге)	Сату көлемі, жоспарлы (тенге)	Жоспар бойынша құрылымға есептеледі, тенге	Құрылымдық жоспардың орындалуы, %
1	2	3	4	5
Табиғи тас	973 440	970 000	953 122	98,26

1	2	3	4	5
Келісімшарт №1 бойынша төлем	100 300	100 250	98505,65	98,26
Келісімшарт №2 бойынша төлем	89704	89 704	88143,15	98,25
Келісімшарт №3 бойынша төлем	1 234 810	1 234 000	1212528,4	98,26
Құрылыс материалдары	44 294 297	45 125 124	44294297	98,15
Жиыны	46 692 551	47 519 078	46646596,2	98,16

Өнім құрылымы бойынша жоспардың орындалуын талдау келесі қадамдар арқылы жүзеге асырылады:

1. Жоспардың орындалуының жалпы пайызы анықталады.
2. Әр өнім түрі бойынша жоспарлы мәндерді анықталған жоспардың орындалу пайызына көбейтеміз.
3. Қайта есептелген мәндерді нақты көрсеткіштермен салыстыра отырып олардың ең төменгі мәнін жоспарлы құрылым ретінде аламыз.

Жоғарыдағы кесте мәліметтері негізінде аталған қадамдарды орындауға көшеміз.

1. Жоспардың орындалу пайызын анықтаймыз:

$$\text{ЖО} = 46692551 / 47519078 \cdot 100 = 98,26 \%$$

2. Әр өнім түрі бойынша анықтаймыз:

$$\text{Өнім}_1 = 970\,000 \cdot 98,26 / 100 = 953122 \text{ теңге.}$$

Осы шыққан соманы нақты сату көлемімен салыстырып ($953122 < 973440$), ең төменгісін (953122) аламыз да кестедегі 4-бағанға жазамыз. Осылайша барлық өнім түрлері бойынша анықтаймыз.

$$\text{Өнім}_2 = 100250 \cdot 98,26 / 100 = 98505,65 \text{ теңге;}$$

$$98505,65 < 100\ 300, \text{ яғни } 98505,65 \text{ аламыз.}$$

$$\text{Өнім}_3 = 89704 \cdot 98,26 / 100 = 88143,15 \text{ теңге;}$$

$$88143,15 < 89704, \text{ яғни } 88143,15 \text{ аламыз.}$$

$$\text{Өнім}_4 = 1234000 \cdot 98,26 / 100 = 1212528,4 \text{ теңге;}$$

$$1212528,4 < 1234810, \text{ яғни } 1212528,4 \text{ аламыз.}$$

$$\text{Өнім}_5 = 45125124 \cdot 98,26 / 100 = 44339946,84 \text{ теңге;}$$

$$44339946,84 > 44294297, \text{ яғни } 44294297 \text{ аламыз.}$$

3. Әр өнім түрі бойынша және жалпы алғанда құрылымдық жоспардың орындалу пайызын есептейміз:

$$\text{ЖО}_{\text{табиғи тас}} = 953122 / 970\ 000 \cdot 100 = 98,26 \%;$$

$$\text{ЖО}_{\text{КШ №1}} = 98505,65 / 100\ 250 \cdot 100 = 98,26 \%;$$

$$\text{ЖО}_{\text{КШ №2}} = 88143,15 / 89\ 704 \cdot 100 = 98,25 \%;$$

$$\text{ЖО}_{\text{КШ №3}} = 1212528,4 / 1\ 234\ 000 \cdot 100 = 98,26 \%;$$

$$\text{ЖО}_{\text{ҚМ}} = 44\ 294\ 297 / 45125124 \cdot 100 = 98,15 \%.$$

Кестеден жалпы өнімдер құрылымы бойынша жоспардың 98,16 пайыз көлемінде орындалғанын көреміз.

Өндірілген өнімдерге қатысты құрылымдық өзгерістердің орын алуы барлық экономикалық көрсеткіштерге: тауарлық өнімнің өзіндік құнына, рентабельділікке, құндық өлшемдегі тауарлық өнім көлеміне ықпал етеді. Натуралдық өлшемдегі өнім санын арттырмай, тауарлық және сатылған өнім көлемін арттыру мүмкін емес, ол үшін жалпы өнім көлеміндегі қымбат бағалы өнімнің үлес салмағын арттыруымыз қажет.

Құрылымдық өзгерістердің ықпалын есептеу және оның экономикалық көрсеткіштерге ықпалын жою мақсатында бірнеше әдістер қолданылады.

1. Жалпы шығарылған өнім көлеміндегі әр өнім түрі бойынша әр өнімнің үлес салмағын өзгертумен байланысты тікелей есептеу әдісі:

$$\Delta N(D) = [\sum_i (Q_i \cdot D_{ii}) - \sum_i (Q_i \cdot D_{0i})] \cdot p_{0i},$$

мұндағы N – күн өлшеміндегі өнім көлемі; Q – натуралдық өлшемдегі өнім көлемі; D – i -ші әр өнімнің үлес салмағы; p – бірліктің бағасы.

2. Барлық өнімдерге қатысты жоспардың орындалу пайызы бойынша тікелей есептеу әдісі:

$$\Delta N (D) = \Sigma_i (Q_i \cdot p_{0i}) - \Sigma_i (Q_0 \cdot \text{ЖО} \cdot p_{0i}),$$

мұндағы ЖО – жоспардың орындалу пайызы.

3. Орташа бағалар әдісі. Жоспарлы және нақты құрылымға орташа келтірілген бағаны анықтап, олардың айырмасын нақты өндіріс көлеміне көбейту арқылы есептеледі.

$$\Delta N (D) = \Sigma_{i=1}^k (p_{0i} \cdot \Delta D_i) - Q_i.$$

Сату көлемі – ұйымның негізгі нәтижелік көрсеткіштерінің бірі. Сату көлемі қаржылық-шаруашылық қызмет нәтижелеріне, айналымдылық және рентабельділік көрсеткіштеріне ықпал етеді.

Өнім көлемін арттыру ұйымның техникалық-ұйымдастырушылық деңгейіне тікелей байланысты. Өндіріс көлемін арттыру резервтері – бұл ұйымның өз ресурстарын пайдалануды жақсарту арқылы өнім көлемінің мүмкін болатын артуын бағалаудың сандық өлшемі. Өндіріс көлемін арттыруға мүмкіндік беретін ішкі өндірістік резервтерді келесі түрде жіктеуге болады:

1. Еңбекті пайдалануды жақсарту, яғни қосымша жұмыс орындарын қалыптастыру; жұмыс уақытының жоғалтуларына жол бермеу; еңбек өнімділігін арттыру; персоналдың құрылымын жақсарту және біліктілігін көтеру.

2. Еңбек заттарын (жабдықтарды) пайдалануды жақсарту, яғни жаңа жұмыс орындарын жабдықтармен қамтамасыз ету; жабдықтардың жұмыс уақытының жоғалтуларына жол бермеу; жабдықтардың өнімділігін арттыру; негізгі құралдардың құрылымын жақсарту.

3. Еңбек заттарын (шикізаттарды) пайдалануды жақсарту, яғни материалдық шығындар нормасын төмендету; шикізаттар мен материалдардың прогрессивті түрлерін өндіріске енгізу.

Бақылау сұрақтары:

1. Өнімдерді өндіру мен өткізуді талдаудың міндеттері мен ақпарат көздері қандай?

2. Өнімдерді өндіру мен өткізу бойынша жоспардың орындалуын талдау әдістемесі қалай жүзеге асырылады?
3. Өнімдердің ассортименттілік коэффициенті қалай есептеледі?
4. Өнім құрылымы бойынша талдау әдістемесі қалай жүзеге асырылады?
5. Өнімдердің ассортименттілігін талдаудың міндеттері мен реті қандай?
6. Шығарылған өнім көлеміне қандай факторлар әсер етеді?

Тәжірибелік тапсырмалар

1-тапсырма.

Өнімдердің ассортимент бойынша жоспарының орындалуын есептеңіз, қорытынды жасаңыз.

Өнімдер түрлері	Жоспарлы көлемі, тонна	Нақты көлемі, тонна	Жоспардың орындалу пайызы	Ассортимент бойынша жоспардың орындалуында есепке алынған өнімдердің көлемі
А	1670	1720		
Б	1512	1526		
В	1920	1810		
Жиыны				

2-тапсырма.

Келесі берілгендер бойынша өнім көлеміне сандық фактордың әсерін анықтаңыз.

Көрсеткіштер	Жоспар	Нақты	Ауытқуы
Тауарлық өнім, мың теңге	7840	7925	
Жұмысшылар саны, адам	376	373	
Бір жұмысшыға келетін өнім шығарылымы, теңге			

3-тапсырма.

Келесі берілгендер бойынша өнім көлеміне сапалық фактордың әсерін анықтаңыз.

Көрсеткіштер	Жоспар	Нақты	Ауытқуы
Тауарлық өнім, мың теңге	7840	7925	
Жұмысшылар саны, адам	376	373	
Бір жұмысшыға келетін өнім шығарылымы, теңге			

4-тапсырма.

Жоспардың орындалу пайызы мен ассортименттілік коэффициентін анықтаңыз.

Өнім түрлері	Жоспар бойынша, т	Нақты, т	Жоспарлы ассортимент, т
А	1200	1400	1200
Б	1800	1750	1750
В	440	-	-
Г	-	500	-
Жиыны	3440	3650	2950

5-тапсырма.

Өндіріс және сату динамикасына талдау жасап, өз қорытындыларыңызды көрсетіңіз.

Жыл	Өндіріс көлемі, млн а.б.	Өсу қарқыны, %		Сату көлемі, млн а.б.	Өсу қарқыны, %	
		базистік	тізбектелген		базистік	тізбектелген
1	90 000			89 500		
2	92 400			92 600		
3	95 800			94 300		
4	94 100			93 500		
5	100 800			96 600		

6. ӨНІМНІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫН ТАЛДАУ

6.1. Өнімнің өзіндік құнын талдаудың маңызы және міндеттері

Өнімдерді өндірудің экономикалық тиімділігінің маңызды көрсеткіштерінің бірі өнімнің өзіндік құны болып табылады. Онда барлық өндірістік ресурстарды пайдалану нәтижесі көрініс табады. Өнімнің өзіндік құнына ұйым қызметінің қаржылық нәтижесі, өндіріс қарқыны және ұйымның қаржылық жағдайы тәуелді болады.

Өнімнің өзіндік құнын талдаудың шығындарды басқару жүйесінде үлкен маңыздылығы бар. Ол оның деңгейінің өзгеру тенденцияларын зерттеуге, нақты шығындардың нормативтен ауытқуын және олардың себептерін, өнімнің өзіндік құнын төмендету резервтерін іздестіруге және ұйымның жұмысын бағалауға мүмкіндіктер береді.

Бүгінгі таңда өзіндік құн мөлшерін азайту өте өзекті мәселе саналуда. Өзіндік құнды кеміту факторларын анықтау ұйымдарға бәсекеге қабілеттілікті көтеруге, күйреуге ұшырамауға, нарықтық қатынастар жағдайында өз қызметін жалғастыруға мүмкіндік береді. Талдаудың негізгі міндеттерін келесі түрде анықтауға болады:

- 1) өнімнің өзіндік құнын кеміту жоспарының орындалуын жүйелі түрде бақылау;
- 2) оның деңгейінің өзгеруіне әсер ететін факторларды зерттеу;
- 3) өзіндік құнды кеміту факторларын анықтау;
- 4) өзіндік құнды азайту мүмкіндіктерін ұйымның тиімді пайдалануын бағалау.

Өнімнің өзіндік құнын талдау үшін қажетті ақпараттар көздеріне: «Өнімдерді өндіруге және сатуға жұмсалған шығындар туралы есеп», өнімнің өзіндік құнын жоспарлы және есептік калькуляциялау, негізгі және көмекші өндірістер бойынша синтетикалық және аналитикалық есеп мәліметтері және т.б. жатады.

Өнімнің өзіндік құнын талдау объекті:

- 1) өнімнің жалпы және шығындардың элементтері бойынша толық өзіндік құны;

- 2) шығарылған өнімнің 1 теңгесіне келетін шығындар деңгейі;
- 3) жеке өнімдердің өзіндік құны;
- 4) шығындардың жеке баптары және т.б.

Өзіндік құнды талдау объектілерін талдау кезеңдері мен мақсаттарын жинақтап келесі кестеде көрсетуге болады.

18-кесте

Өзіндік құнды талдаудың жалпы кестесі

Талдау объектілері	Талдау кезеңдері	Талдау мақсаттары
Өнім өндірісіне жұмсалған жалпы шығындар сомасы	Өнімнің өзіндік құнының динамикасын талдау	Өзіндік құн динамикасын зерттеу және бағалау
Өндіріс салалары бойынша	Өзіндік құн деңгейіне қатысты жоспардың орындалуын талдау	Жоспардың орындалуын бағалау
Жалпы өнімнің 1 теңгесіне келетін шығындар	Салааралық салыстырмалы талдау	Өнімнің өзіндік құнының деңгейін бағалау
Өнім түрлерінің өзіндік құндары	Өнімнің өзіндік құнын төмендету резервтерін анықтау	Өзіндік құнның өзгеру себептерін зерттеу
Баптар бойынша өнім бірлігінің шығындары	Өнімнің өзіндік құнын жалпы, өнім түрлері бойынша, шығындар баптары бойынша талдау	Өнім өндірісі шығындарын үнемдеу резервтерін іздеу
Жауапкершілік орталықтары бойынша шығындар		Шаруашылық нәтижесін бағалау
		Болашаққа болжамдар мен жоспарларды негіздеу

Өнімнің өзіндік құнын талдау жалпы шығындар сомасын және оның негізгі элементтері бойынша зерттеуден басталады.

Өнімдерді өндіруге кеткен шығындардың жалпы сомасы:

- 1) өнімдерді өндіру көлеміне;
- 2) өнімдердің құрылымына;

3) 1 өнім бірлігін өндіруге кететін ауыспалы шығындар деңгейіне;

4) тұрақты шығындар сомасына байланысты өзгеруі мүмкін.

Өнімдерді өндіру көлемі өзгерген кезде тек қана ауыспалы шығындар (өндірістік жұмысшылардың кесімді жалақысы, тікелей материалдық шығындар) ұлғаяды. Ал тұрақты шығындар (амортизация, жал төлемдері, жұмысшылар мен әкімшілік-басқару персоналының мерзімді жалақылары, жалпы шаруашылық шығындары) ұйымның бұрынғы өндірістік қуаттылығы сақталған жағдайда өзгермейді.

Кез келген шығындардың түрлерін 2 фактордың әсер етуімен көрсетуге болады:

1) тұтынылған ресурстардың саны (шикізаттар, материалдар, отындар, энергия және т.б.);

2) ресурстардың бағасы.

6.2. Өнімнің жеке түрлерінің өзіндік құнын талдау

Өзіндік құнды талдауды өнім өндірісінің жалпы шығындар сомасын зерттеуден бастаймыз, себебі бұл көрсеткіш өндіріс көлемі мен құрылымына, өнім бірлігіне келетін айнымалы шығындар деңгейіне, тұрақты шығындар сомасына қатысты өзгеруі мүмкін. Тұрақты және айнымалы шығындар болған жағдайдағы өндірістік шығындар сомасы келесі формула арқылы анықталады:

$$Ш = \sum b_i x_i + a_i,$$

мұндағы Ш – өнім өндірісінің жалпы шығындары; a_i – тұрақты шығындардың абсолютті сомасы; b_i – өнім бірлігіне келетін айнымалы шығындар сомасы; x_i – өндіріс көлемі.

Келесі кестеден жалпы өндіріске қатысты өзіндік құн мен өнім бірлігіне келетін өзіндік құнның арасындағы өзара тәуелділікті анықтаймыз.

Жалпы және өнім бірлігіне келетін шығындардың өндіріс көлеміне тәуелділігі

Өндіріс көлемі	Барлық өнімдердің өзіндік құны, мың теңге			Өнім бірлігінің өзіндік құны, мың теңге		
	Тұрақты шығындар	Айнымалы шығындар	Жалпы шығындар	Тұрақты шығындар	Айнымалы шығындар	Жалпы шығындар
1000	25000	12500	37500	25,00	12,50	37,5
2000	25000	25000	50000	12,50	12,50	25,0
3000	25000	37500	62500	8,33	12,50	20,8
4000	25000	50000	75000	6,25	12,50	18,7
5000	25000	62500	87500	5,00	12,50	17,5

Осы кестеден тұрақты шығындардың жалпы сомасының өндірістің қандай көлемі болса да өзгеріссіз қалғанын, ал өнім бірлігіне қатысты тұрақты шығын сомасы өндіріс көлемі артқан сайын кеміп отырғанын көреміз. Өндіріс көлемі бастапқы деңгеймен салыстырғанда 5 есе артты, соған сәйкес өнім бірлігіне қатысты тұрақты шығын сомасы да 5 есе кеміді. Ал айнымалы шығындарды қарастыратын болсақ, жалпы өндіріс көлемі артқан сайын жалпы айнымалы шығындар сомасы да арта түседі, ал өнім бірлігіне қатысты айнымалы шығын сомасы қандай өндіріс көлемі болса да өзгеріссіз қалады.

Өзіндік құнның өзгеру себептерін неғұрлым терең зерттеу үшін жеке өнім түрлері бойынша есептік калькуляция талданады, бір өнімді өндіруге кеткен шығындардың нақты деңгейі жоспарлық және өткен кезең мәліметтерімен салыстырылады.

Бір өнім бірлігінің өзіндік құнының деңгейі келесі факторлық модель арқылы зерттеледі:

$$C_i = A_i / \Theta K_i + v_i,$$

мұндағы C_i – өнімнің i түрі бірлігінің өзіндік құны; A_i – өнімнің i түріне жұмсалған тұрақты шығындар; ΘK_i – өнімнің i түрін

шығару көлемі; v_i – өнімнің i түріне жұмсалған ауыспалы шығындар.

Осы үлгіні пайдалана отырып, өнімнің өзіндік құнының өзгеруіне әсер ететін факторлардың есебін тізбектелген қойылымдар әдісімен есептейік.

20-кесте

Өнімнің өзіндік құнын факторлық талдау

Көрсеткіштер	Жоспар бойынша	Нақты	Жоспардан ауытқу
Өнімді шығару көлемі (ӨК), дана	10 000	13 300	+3300
Тұрақты шығындар сомасы (А), мың теңге	12 000	20 482	+8482
1 өнімге кеткен ауыспалы шығындар сомасы (в), теңге	2800	3260	+460
1 өнімнің өзіндік құны (С), теңге	4000	4800	+800

Тізбектелген қойылымдар әдісі бойынша:

$$C_0 = A_0 / \Theta K_0 + v_0 = 12\,000\,000 / 10\,000 + 2800 = 4800 \text{ теңге}$$

$$C_{\text{шартты } 1} = A_0 / \Theta K_1 + v_0 =$$

$$= 12\,000\,000 / 13\,300 + 2800 = 3700 \text{ теңге}$$

$$C_{\text{шартты } 2} = A_1 / \Theta K_1 + v_0 =$$

$$= 20\,482\,000 / 13\,300 + 2800 = 4340 \text{ теңге}$$

$$C_1 = A_1 / \Theta K_1 + v_1 = 20\,482\,000 / 13\,300 + 3260 =$$

$$= 4800 \text{ теңге.}$$

Өнім бірлігінің өзіндік құнының жалпы өзгеруі келесідей болады:

$$\Delta C_{\text{жалпы}} = C_1 - C_0 = 4800 - 4000 = + 800 \text{ теңге.}$$

Оның ішінде келесілердің өзгеруі есебінен:

1) өнім өндірісінің көлемі есебінен:

$$\Delta C_{\text{өк}} = C_{\text{шартты 1}} - C_0 = 3700 - 4000 = - 300 \text{ теңге};$$

2) тұрақты шығындар сомасы есебінен:

$$\Delta C_A = C_{\text{шартты 2}} - C_{\text{шартты 1}} = 4340 - 3700 = + 640 \text{ теңге};$$

3) ауыспалы шығындардың сомасы есебінен:

$$\Delta C_B = C_1 - C_{\text{шартты 2}} = 4800 - 4340 = + 460 \text{ теңге}.$$

Осындай есептеулер өнімдердің әрбір түрлері бойынша жүргізіледі және келесі кестені құрастыруға болады.

21-кесте

Өнімнің өзіндік құнының өзгеруін талдау

Өнім түрлері	Өнімдердің өзіндік құны, теңге				Өзіндік құнның өзгеруі, теңге			
	to	Шартты 1	Шартты 2	t 1	Жалпы	Оның ішінде		
						Шығару көлемі	Тұрақты шығындар	Ауыспалы шығындар
Д	4000	3700	4340	4800	+800	-300	+640	+460
.....								

Ұйым қызметінің маңызды көрсеткіші өнім сапасы болып табылады. Оның жоғары болуы – бәсеке күресінің бір түрі, нарықта өз ұстанымының болуы. Өнім сапасының жоғары болуы сұраныстың көбеюіне әкеледі, тек сату көлеміне емес, бағаның жоғары болуынан пайда сапасы көп болады.

Барлық өндіріс өнімінің сапасын сипаттайтын көрсеткіштер оның түрі мен тағайындалуына байланысты емес:

- жаңа өнімнің жалпы шығарылымдағы салмағы;
- жоғары сапалы өнімнің салмағы;
- өнімнің ортаөлшемді балы;
- орташа сорттық коэффициенті (өндірілген өнім құнының бірінші сортты баға құнына қатынасы);

- тексерілген және тексерілмеген өнімнің салмағы;
- сертификатталған өнім салмағы;
- әлемдік стандартқа сәйкес өнім салмағы;
- экспортталатын өнім салмағы, оған өнеркәсібі жоғары дамыған елдер де жатады.

Өнім сапасының жеке көрсеткіштері оның қасиеттерінің бірін сипаттайды:

- пайдалылық;
- сенімділік (ұзақ мерзімді жұмыстан бас тартпау);
- технологиялық;
- өнім эстетикасы.

Талдаудың бірінші тапсырмасы – аталған көрсеткіштер динамикасын зерттеу, жоспарды олардың деңгейі бойынша орындау, олардың өзгеру себептері және кәсіпорынның өнім сапасының деңгейіне баға беру.

Талдаудың екінші тапсырмасы – өнім сапасының кәсіпорын жұмысының құндық көрсеткішіне әсер етуін анықтау: өнім шығарылымының ағымдағы бағасы ($\Delta \text{ШӨ}$), өнімді өткізуден түсім (ΔT) және пайда ($\Delta \text{П}$) деп алып, есеп келесідей жүргізіледі:

$$\Delta \text{ШӨ} = (B_1 - B_0) \cdot V\text{ШӨ}_1.$$

Өнім сапасының көрсеткіштерін талдау:

$$\begin{aligned} \Delta T &= (B_1 - B_0) \cdot V\text{ӨӨ}_1; \\ \Delta \text{П} &= [(B_1 - B_0) \cdot V\text{ӨӨ}_1] - [(\Theta_1 - \Theta_0) \cdot V\text{ӨӨ}_1], \end{aligned}$$

мұндағы B_0 және B_1 – сапаның өзгеру алдындағы және кейінгі өнімнің сәйкес бағасы; Θ_0 , Θ_1 – сапаның өзгеру алдындағы және кейінгі өнімнің өзіндік құнының сәйкес деңгейі; $V\text{ШӨ}_1$ – жоғары сапалы өндіріс өнімінің көлемі; $V\text{ӨӨ}_1$ – жоғары сапалы өткізілген өнім көлемі.

Шығарылатын өнімнің бәсекеге қабілеттілігін бағалау үшін бірнеше параметрлер бойынша сәйкестігін анықтау қажет:

- техникалық сипаттамасына қарай, яғни тауарлық өнімнің қасиеттері, мысалы бетон құрамында позелит қоспасы дұрыс қосылған жағдайда бетон араластырғыш машиналар ішінде қысқы кезде қатып қалмайды немесе қыста құйылған бетон жазда кеуіп үгітілмейді;

– эстетикалық жағы, яғни сыртқы пішіні, мысалы арнайы қаптарға салынып, қорапталған цемент өнімдеріне деген сұраныс әрқашан жоғары, оны тасымалдап жеткізу де, мөлшерлеп пайдалану да ыңғайлы болады;

– эргономикалық қасиеттері, яғни адам ағзасына, тірі табиғатқа келтіретін залалына қарай, адамзат пен басқа тіршілік иелеріне кері әсері жоқ өнімдерге сұраныс жоғары болады;

– нормативтік, қолданыстағы нормалар мен стандарттарға сәйкес шығарылған өнім сапасы жоғары, сәйкесінше сұраныс та жоғары;

– экономикалық, яғни тауар бағасының деңгейі, тұтынушы қаражатының мөлшері және басқа жағдайлар.

Шығарылатын өнімнің бәсекеге қабілеттігін бағалау үшін бәсекелес ұйым мәліметтерімен салыстыру қажет.

Ұйымның шығарған және сатқан өнімдерінің көлемін зерттей отырып, осы өнімге деген сұраныстың азаю тәуекелін де бағалаған жөн. Бұл ұйымға келетін мүмкін болатын материалдық және моральдық залал мөлшерін анықтауға мүмкіндік береді. Кез келген ұйым шығарған өнімінің белгілі бір бөлігі сатылмай қалған кезде қаншалықты зиян шегуі ықтимал екендігін білгені жөн. Шығарылған өнімге деген сұраныстың төмендеуін болдырмау шараларын алдын ала қолдануы қажет. Мұндай жағдайдың орын алуының келесідей себептері бар:

- өнімге деген сұраныс болжамын жасаудағы қателер;
- баға саясатының дұрыс еместігі;
- шикізаттың, жабдықтың, технологияның ескі болуы мен жұмысшылар біліктілігінің төмендігінің әсерінен өнімнің бәсеке қабілеттілігінің төмендеуі;
- өткізу және жарнамалау қызметтеріндегі кемшіліктер;
- сатып алушылардың тұтыну қабілетінің төмендігі;
- әлеуметтік-экономикалық, демографиялық себептер.

6.3. Жанама шығындарды талдау

Өнімнің өзіндік құнындағы жанама шығындар келесідей баптар бойынша көрсетіледі:

- құрылғыларды ұстауға және іске қосуға жұмсалатын шығындар;

- жалпы өндірістік және жалпы шаруашылық шығындары;
- коммерциялық шығындар.

Машиналар мен құрылғыларды ұстауға және іске қосуға жұмсалатын шығындар келесілерден тұрады: машиналар мен технологиялық құрылғылар амортизациясы, оларды жөндеу шығындары, іске қосу шығындары және т.б.

Амортизацияның жалпы сомасы ұйымдағы негізгі құралдар мен материалды емес активтердің санына, олардың құрылымына, кұнына және амортизация нормасы мен әдістеріне байланысты.

Құрылғыларды жөндеу шығындары жөндеу жұмыстарының көлеміне, олардың күрделілігіне, негізгі құралдардың тозу деңгейіне, қосалқы бөлшектер мен жөндеу материалдарының кұнына тәуелді.

Іске қосу шығындары жұмыс істеп тұрған құрылғылардың санына, олардың жұмыс істеу уақытына және оларды іске қосуға жұмсалған барлық шығындарға байланысты болады.

Шығындардың баптары бойынша жалпы өндірістік және жалпы шаруашылық шығындарын талдау үшін аналитикалық бухгалтерлік есеп мәліметтері қолданылады. Әрбір баптар бойынша жоспардан абсолюттік пен қатысты ауытқулар және олардың себептері анықталады. Жалпы өндірістік және жалпы шаруашылық шығындарының өзгеруіне әсер ететін факторларды келесі кесте түрінде көрсетейік.

22-кесте

Шығындарға әсер ететін факторлар және есептеу үлгісі

Шығындардың баптары	Шығындардың өзгеруіне әсер ететін факторлар	Әсер етуін есептеу
1	2	3
Басқару аппаратына төленетін жалақы	Қызметкерлердің саны мен орташа жалақысының өзгеруі	$Ж = \text{Қызметкерлердің саны} \cdot 1 \text{ қызметкерге төленетін жалақы мөлшері}$
Амортизация	НҚ кұны мен амортизация нормасының өзгеруі	$A = НҚ \cdot АН$
Коммуналдық төлемдер	Тұтынылған қызметтердің саны мен олардың кұндарының өзгеруі	$T = \text{Қызметтер көлемі} \cdot \text{Кұны}$

1	2	3
НҚ ағымдық жөндеу шығындары	Жұмыс көлемі мен олардың құндарының өзгеруі	$ЖШ = Жұмыс\ көлемі \cdot Құны$
Көлік құралдарын ұстауға жұмсалатын шығындар	Автокөліктердің саны мен 1 машинаны ұстау шығындарының өзгеруі	$K = KC \cdot ҮШ$
Іссапар бойынша шығындар	Іссапарлардың саны, ұзақтығы және іссапардың 1 күнінің орташа құны	
Өзіндік құнға қосылатын аударымдар мен салықтар	Салық базасының өзгеруі және олардың әрбір түрлері бойынша салықтың пайыздық ставкасы	

Сметаның орындалуын тексеру кезінде одан нақты шығындардың ауытқуын және олардың себептерін анықтау керек.

Коммерциялық шығындар қатарына: дайын өнімдерді жөнелту шығындары, ыдыстарға, жәшіктерге және қаптау материалдарына, жарнамаға, өткізу нарығын зерттеуге жұмсалған шығындар жатады.

6.4. Өнімнің өзіндік құнын төмендету резервтерін анықтау әдістемесі

Өнімдердің өзіндік құнын төмендету резервтерінің ($P \downarrow \Theta_K$) негізгі көздеріне:

- ұйымның өндірістік қуаттылығын неғұрлым толық пайдалану есебінен өнімдерді өндіру көлемін жоғарылату ($P \uparrow Ш\Theta$);
- еңбек өнімділігін, шикізаттарды, материалдарды, электр-энергиясын, отынды, құрылғыларды үнемді пайдалану, өндірістік емес шығындарды және өндірістік ысырапты қысқарту есебінен өнімдерді өндіру шығындарын азайту ($P \downarrow Ш$) жатады.

Өнім бірлігінің өзіндік құнын төмендету резервтерінің көлемі келесі формула бойынша анықталады:

$$P \downarrow \Theta_K = \Theta_{K_M} - \Theta_{K_H} = (Ш_H - P \downarrow Ш + Ш_K) / (Ш\Theta_H + P \uparrow Ш\Theta) - (Ш_H / Ш\Theta_H).$$

мұндағы $\Theta_{Қн}$ және $\Theta_{Қм}$ – өнім бірлігінің өзіндік құнының сәйкесінше нақты және мүмкін (болжанған) деңгейі; $\text{Ш}_н$ – есептік кезеңдегі өнімдерді өндіруге кеткен нақты шығындар; $P\downarrow\text{Ш}$ – өнімдерді өндіруге кеткен шығындарды азайту резерві; $\text{Ш}_к$ – өнімдерді өндіруді жоғарылату резервтерін игеру үшін қажетті қосымша шығындар; $\text{Ш}\Theta_n$ және $P\uparrow\text{Ш}\Theta$ – сәйкесінше өнімдерді өндірудің нақты көлемі мен ұлғайту резервтері.

Өнімдерді өндіруді ұлғайту резервтері өндірістік бағдарламаның орындалуын талдау барысында көрініс табады. Ұйымның қолында бар өндірістік қуаттылығын пайдалана отырып, өнімдерді өндіру көлемін ұлғайту кезінде тек қана ауыспалы шығындар (жұмысшылардың тікелей жалақысы, тікелей материалдық шығындар және т.б.) көбейеді, ал тұрақты шығындар сомасы, әдетте өзгермейді, соның нәтижесінде өндірілген өнімдердің өзіндік құндары төмендейді.

Шығындарды азайту резерві нақты шаралар есебінен (өндіріске неғұрлым жаңа, прогрессивті техникалар мен технологияларды енгізу) шығындардың әрбір баптары бойынша белгіленеді. Бұл жағдай жалақыны, шикізаттар мен материалдарды үнемдеуге әсер етеді.

Жаңа технологиялар мен басқа да шараларды өндіріске енгізу есебінен материалдық шығындардың төмендеу резервтерін ($P\downarrow\text{МШ}$) келесідей формулар бойынша анықтауға болады:

$$P\downarrow\text{МШ} = \sum (УР_1 - УР_0) \cdot \text{ВВП}_{\text{пл}} \cdot Ц_{\text{пл}},$$

мұндағы $УР_0$, $УР_1$ – жаңа технологияларды өндіріске енгізгенге дейін және одан кейін өнімдердің бірлігіне жұмсалған материалдық ресурстардың шығындары; $Ц_{\text{пл}}$ – материалдардың жоспарлық бағасы; $\text{ВВП}_{\text{пл}}$ – жоспарланған өндіріс көлемі.

Сату, ұзақ мерзімді жалға беру, қолданылмайтын, артық, керек емес НҚ істен шығару есебінен негізгі құралдарды ұстауға кеткен шығындарды азайту резервтері ($P\downarrow\text{НҚ}$) НҚ бастапқы құнын амортизация нормасына көбейту арқылы анықталады.

Өнімдерді өндіру ұлғайту резервтерін игеруге кететін қосымша шығындарға оның әрбір түрлері бойынша жеке-жеке есептеледі. Оның мөлшерін белгілеу үшін i өнімін шығаруды ұлғайту резервтерін есептік кезеңдегі ауыспалы шығындардың нақты деңгейіне көбейту керек:

$$\text{Ш}_к = P \uparrow \text{Ш}\Theta_i \cdot \text{В}_{ин}.$$

Мысалы, есептік кезеңдегі А өнімін нақты шығару 13 300 дананы құрайды, оны ұлғайту резерві – 1500 дана, барлық өнімдерді өндіру шығындарының нақты сомасы – 63840 мың теңге, барлық баптар бойынша шығындарды азайту резерві – 2130 мың теңге, өнімдерді өндіруді ұлғайту резервтерін игеруге кететін қосымша ауыспалы шығындар – 4890 мың теңге (1500 дана · 3260 теңге). Осыдан өнім бірлігінің өзіндік құнын төмендету резервтері келесідей болады:

$$\begin{aligned} P \downarrow \Theta Қ &= \Theta Қ_M - \Theta Қ_H = \\ &= (\text{Ш}_H - P \downarrow \text{Ш} + \text{Ш}_к) / (\text{Ш}\Theta_H + P \uparrow \text{Ш}\Theta) - (\text{Ш}_H / \text{Ш}\Theta_H) = \\ &= (63840 - 2130 + 4890) / (13300 + 1500) - (63840/13300) = \\ &= 4,5 - 4,8 = -0,3 \text{ мың теңге.} \end{aligned}$$

Осындай есептеулерді өнімдердің әрбір түрлері бойынша, ал қажет болған жағдайда әрбір инновациялық шаралар бойынша жүргізеді, бұл олардың тиімділігін неғұрлым толық бағалауға мүмкіндіктер береді.

Бақылау сұрақтары:

1. Өнімнің өзіндік құнын талдаудың ұйымдар үшін маңыздылығы қандай?
2. Өнімдердің жеке түрлерінің өзіндік құнын талдаудың қандай әдістемелері бар?
3. Өнімнің өзіндік құнын талдаудың міндеттеріне не кіреді?
4. Өнім жеке түрлерінің өзіндік құнын талдау дегенді қалай түсінесіз?
5. Жанама шығындарды талдау қалай жүзеге асырылады?
6. Өнімнің өзіндік құнын төмендету резервтерін анықтаудың қандай әдістемесі бар?

Тәжірибелік тапсырмалар

1-тапсырма.

Өнім бірлігінің өзіндік құнын анықтаңыз, қорытындылаңыз.

Көрсеткіштер	Жоспар	Нақты	Ауытқуы
1	2	3	4
Өндіріс көлемі, бірлік	5760	5040	

1	2	3	4
Тұрақты шығындар сомасы, млн а.б.	6912	7056	
Өнім бірлігіне келетін айнымалы шығындар сомасы, мың а.б.	2800	3100	
Өнім бірлігінің өзіндік құны			

2-тапсырма.

Өнім бірлігінің өзіндік құнына қатысты өндіріс көлемі, тұрақты шығындар және айнымалы шығындар бойынша факторлық талдау жасаңыз, қорытындылаңыз. Тізбектелген қойылым әдісін пайдаланыңыз.

Көрсеткіштер	Жоспар	Нақты	Ауытқуы
Өндіріс көлемі, бірлік	5760	5040	
Тұрақты шығындар сомасы, млн а.б.	6912	7056	
Өнім бірлігіне келетін айнымалы шығындар сомасы, мың а.б.	2800	3100	
Өнім бірлігінің өзіндік құны	4000	4500	

3-тапсырма.

Төменде келтірілген ұйымның мәліметтері бойынша өндірілген өнімнің өзіндік құнын анықтап, оның ұйым қызметінің нәтижесіне ықпалын бағалаңыз.

	Жыл басы, мың тг	Жыл соңы, мың тг
1	2	3
Негізгі материалдар	17000	15000
Аяқталмаған өндіріс	19000	23000
Дайын өнім	33000	24000
Сатылып алынған материалдар		83000
Негізгі өндіріс жұмысшыларының еңбекақысы		48000
Жабдықтар мен өндірістік ғимараттың амортизациясы		36000

1	2	3
Сату шығындары		27000
Әкімшілік шығындары		35000
Осы жылдық түсім сомасы		320000

4-тапсырма.

Кесте мәліметтері бойынша өнім көлемінің өзгерісіне сандық және сапалық факторлардың ықпалын анықтаңыз, сәйкес қорытындылар жасаңыз.

Көрсеткіштер	Жоспар	Нақты	Ауытқуы
Өндіріс көлемі, мың теңге	8440	8880	
Жұмысшылар саны, адам	145	143	
Бір жұмысшыға келетін өнім шығарылымы, мың тг			

5-тапсырма.

Кесте мәліметтері бойынша шығындар баптарына қатысты талдау жасаңыз, үнемділік (артық жұмсау) мөлшерін анықтаңыз. Шығындар құрылымын (%) табыңыз.

Көрсеткіштер	Жоспар	Нақты	Ауытқуы	
			Мың теңге есебінде	Пайыз есебінде
1	2	3	4	5
Материалдық шығындар, мың теңге	28168	31746		
Материалдық шығындар, үлес салмағы, %				
Еңбекақы шығындары, мың теңге	26650	27905		
Еңбекақы шығындары, үлес салмағы, %				
Негізгі құралдар амортизациясы, мың теңге	3150	3500		
Негізгі құралдар амортизациясы, үлес салмағы, %				

1	2	3	4	5
Өзге шығындар, мың теңге	19984	21017		
Өзге шығындар, үлес салмағы, %				
Шығындар сметасы, мың теңге	77952	84168		
Шығындар сметасы, үлес салмағы, %	100	100		

7. ҰЙЫМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

7.1. Қаржылық жағдайды талдаудың маңыздылығы мен міндеттері

Қаржылық жағдайды талдаудың негізгі мақсаты қаржы ресурстарының пайдаланылуын объективті бағалау негізінде ішкі шаруашылық резервтерді қаржылық жағдайды нығайту және төлем қабілеттілікті жоғарылату үшін анықтау болып табылады.

Қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- активтердің құрамы мен құрылымын, олардың жағдайын және қозғалысын бағалау;
- меншікті және қарыз капиталының көздерінің құрамы мен құрылымын, олардың жағдайын және қозғалысын бағалау;
- ұйымның қаржылық тұрақтылығының абсолюттік және салыстырмалы көрсеткіштерін талдау, олардың өзгеру деңгейін бағалау;
- шаруашылық субъектісінің төлем қабілеттілігін және оның балансының активтері өтімділігін талдау.

Қаржылық жағдайды талдаумен ұйымның басшылары және сәйкес қызмет бөлімдері ғана айналыспайды, сонымен бірге ұйымның қатысушылары мен инвесторлары – ресурстарының тиімді пайдаланылуын зерделеу; банктер несиелеу жағдайын және тәуекел деңгейін анықтауды бағалау; салық инспекциясы – бюджетке қаражаттардың түсу жоспарының орындалуын анықтау мақсатында жүргізіледі. Осыған орай талдау ішкі және сыртқы болып бөлінеді.

Ішкі талдау ұйымда, оның қызмет бөлімдерімен жүргізіледі және мұндай талдаудың нәтижелері ұйымның қаржылық жағдайын жоспарлау мен болжамдау және оларды бақылау үшін пайдаланылады. Талдаудың мақсаты – ұйымның қалыпты қызмет етуі үшін жағдай жасау және пайданы ұлғайту үшін ақша қаражаттарының түсімін жоспарлы түрде қамтамасыз ету және меншікті және қарыз қаражаттарын оңтайлы тәсілмен орналастыру.

Сыртқы талдау жариялы қаржылық есептілік негізінде бақылаушы органдармен, инвесторлармен, материалдық және

қаржылық ресурстарды жеткізушілермен жүзеге асырылады. Оның мақсаты – пайданы жоғары көлемде қамтамасыз етіп және жоғалтуларды болдырмау үшін тиімді қаражат салымдары мүмкіндігін анықтау.

Ішкі талдаумен салыстырғанда сыртқы талдаудың келесідей ерекшеліктері бар:

- талдау субъектілерінің, яғни ұйымның қызметі туралы ақпаратты пайдаланушылардың көптігі;
- талдау субъектілерінің мақсаттары мен мүдделерінің әртүрлілігі;
- нақты әдістемесі мен стандарттарының бар болуы;
- талдаудың тек сыртқы есептілікке бағдарлануы;
- тек сыртқы есептілікті қолданғандықтан талдау міндеттерінің шектелуі;
- ұйымның қызметі туралы ақпаратты пайдаланушылар үшін талдау нәтижелерінің жоғары деңгейде ашықтығы.

Сыртқы талдау жарияланған есеп беру мәліметтері мен ұйымның қызметі туралы шектеулі ақпараттарға негізделеді. Ішкі талдау үшін негізгі ақпарат көзі болып бухгалтерлік баланс және оған қосымшалар табылады.

Ішкі талдау ұйымның қызметі туралы, оның ішінде ұйымның қызметін басқаратын шектеулі тұлғалардың қолы жететін барлық ақпараттарды қолданады.

Ұйымның қаржылық жағдайын талдаудың мазмұнына келесілер кіреді:

- қаржылық жағдайды жалпы бағалау;
- баланс активтері мен пассивтерінің құрамын, құрылымын және динамикасын талдау;
- өтімділікті және төлем қабілеттілікті талдау;
- қаржылық тұрақтылықты және несие қабілеттілікті талдау;
- ұйымның банкрот болу ықтималдылығын талдау.

7.2. Қаржылық жағдайды экспресс-талдау және оның кезеңдері

Қаржылық есепті тексеру барысында аналитикалық шаралардың жүргізілуі қойылған мақсаттарға, сондай-ақ әртүрлі

ақпараттық, мерзімдік, әдістемелік, кадрлық және техникалық камтамасыз ету факторларына байланысты болады.

Аналитикалық қызметінің логикасы оны, яғни қаржылық жағдайды талдауды екі модульдік құрылым түрінде ұйымдастыруды көздейді:

- қаржылық жағдайды экспресс-талдау;
- қаржылық жағдайды тереңдетіп талдау.

Экспресс-талдаудың мақсаты ұйымның қаржылық жағдайы мен даму динамикасын көрнекті түрде және қарапайым бағалау болып табылады.

Экспресс-талдаудың үш кезеңде жүргізілуі орынды:

- 1) дайындық;
- 2) қаржылық есептілік нысандарына алдын ала шолу жасау;
- 3) экономикалық оқу және есептілік нысандарын талдау.

Бірінші кезеңнің мақсаты – қаржылық жағдайды талдаудың мақсатқа сәйкестілігі туралы шешім қабылдау және оның оқуға дайындығына көз жеткізу.

Бірінші міндет аудиторлық есепте берілген ақпараттардың дәлдігі және олардың қолданылып жүрген нормативтік құжаттарға сәйкестігі туралы баға берілген аудиторлық қорытындымен танысу арқылы шешіледі.

Есептің оқуға дайын екендігін тексеру аса күрделі емес және белгілі бір деңгейде техникалық сипатта болады. Мұнда есеп берудің формальды нысаны және мәні бойынша көзбен шолу және қарапайым есептік тексеру жүргізіледі: барлық нысандар мен қосымшалардың, деректемелер мен қойылған қолдардың барлығы анықталады; есептік нысандарды толтырудың дұрыстығы мен түсінікті болуы салыстырылып тексеріледі; баланс валютасы мен барлық аралық жиынтықтар тексеріледі; есеп нысандары көрсеткіштерінің өзара үйлесімділігі және олардың арасындағы негізгі бақылау қатынастары тексеріледі, т.б. тексерулер жүргізіледі.

Екінші кезеңнің мақсаты – балансқа қосымша түсіндірме хатпен танысу.

Бұл есептік кезеңдегі жұмыс жағдайларын бағалау қызметтегі негізгі көрсеткіштердің тенденцияларын анықтау, сондай-ақ шаруашылық субъектісінің мүліктік және қаржылық жағдайындағы сапалы өзгерістерді анықтау үшін қажет.

Ережеге сай, түсіндірме хатта ұйым қандай есеп саясатын жүргізетіндігі айтылады, сондай-ақ ұйымның қаржылық жағдайына әсер етуі мүмкін белгісіз жағдайлар мен қандай да бір тәуекелдер туралы қаржылық есепте көрсетілмеген кез келген ресурстар мен міндеттемелер туралы мәліметтерден тұратын басқа да маңызды ақпараттар ашылып көрсетіледі. Сонымен қатар мұнда есепті жылдағы ұйым қызметінің шаруашылық және қаржылық нәтижесіне әсер еткен негізгі факторлары, сондай-ақ ұйымдағы жылдық бухгалтерлік есепті қарастыру қорытындысы және таза табысты тарату бойынша шешімдер айтылады.

Түсіндірме хатта ұйымның бірқатар жылдардағы жұмысының маңызды экономикалық және қаржылық көрсеткіштердің динамикасы, болашақтағы капитал салымдары, жүргізілетін экономикалық шаралары мен басқа да жылдық бухгалтерлік есептің мүмкін болатын пайдаланушыларын қызықтыратын ақпараттар болуы тиіс. Мысалы, бұл хатта пайыздық мөлшерлемелер, несиені өтеу мерзімі, төлем кезектілігі және несиелік келісімшарттарына байланысты басқа да ерекшеліктер ашылып көрсетілуі тиіс.

Талдау жүргізуші басқа да қосымша ақпараттармен, мысалы, нарықтық географиялық сегменттер туралы, салалық ерекшеліктер және басқа да мәліметтермен танысуы қажет.

Түсіндірме хатпен танысқаннан кейін экспресс-талдаудың негізгі, үшінші кезеңіне – яғни экономикалық оқу және есепті талдауға көшу керек. Оның мақсаты ұйымның қаржылық жағдайын және қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесін жалпылама бағалау болып табылады. Мұндай талдау түрлі көрсеткіштер мүддесінде белгілі бір нақтыланған деңгейде жүргізіледі. Сондықтан да объективті, әсіресе субъективті факторлардың әсерін есептегенде бұл талдауды жүргізудің түрлі нұсқалары болуы мүмкін.

Экспресс-талдаудың негізгі элементтерінің бірі жылдық есеппен жұмыс істей алу болып табылады, соның ішінде ұйымның қаржылық жағдайын бағалау мен талдау үшін оның негізгі ақпараттық үлгісі болып табылатын бухгалтерлік баланспен жұмыс істеу.

Бухгалтерлік баланстың маңыздылығы сонша, көбіне қаржылық жағдайын талдауды балансты талдау деп те атайды.

Балансты оқи білу дегеніміз – оның әрбір бабының мазмұнын, оны бағалау тәсілін, ұйым қызметіндегі рөлін, басқа да баптармен байланысын білу, бұл өзгерістердің сипаттамасы кәсіпорын экономикасы үшін мынадай мүмкіндіктер береді:

- ұйым туралы едәуір көлемді ақпараттар алу;
- ұйымның меншікті айналым қаражаттарымен қамтамасыз етілу деңгейін анықтау;
- баланстың қандай баптарының есебінен айналым қаражаттарының көлемі өзгергендігін анықтау;
- аналитикалық көрсеткіштерді есептемегеннің өзінде ұйымның жалпы қаржылық жағдайына баға беру.

Балансты оқуға:

- зерттеу кезеңіндегі баланс валютасының өзгерісін бағалау;
- баланс валютасының өсу қарқынын өндіру көлемінің өсу қарқынымен, өнімді өткізу, жиынтық және таза табыстың өсу қарқынымен салыстыру;
- баланс бөлімдерінің, топтарының және жекелеген баптарының негізгі өзара байланысын зерттеу;
- баланстың жеке бөлімдері мен баптарының өзгеру сипатын талдау жатады.

Талдаудың осы сатысында ұйымның қызметі туралы алғашқы түсінік қалыптасады, ұйым мүлкі мен оның қалыптасу көздерінің құрамындағы өзгерістер, көрсеткіштер арасындағы өзара байланыс, ұйым қаражаттарын орналастырудың дұрыстығы, оның ағымдағы төлем қабілеті және басқалар анықталады. Осы мақсатта баланстың актив және пассив бөлімдерінің жеке баптарының арақатынасын, олардың баланс валютасындағы үлес салмағын анықтайды, өткен кезеңмен салыстырғанда баланстың негізгі баптарының құрамындағы ауытқуы сомасын есептейді.

Есепті оқу және талдай білу табиғи және белгілі бір дәрежеде тек мамандандырылған бухгалтерлер үшін ғана емес, сонымен қатар менеджерлер, аналитиктер, консультанттар үшін де өмірлік қажеттілік болып отыр.

7.3. Ұйым активтерін қалыптастыру көздерін талдау

Баланс мәліметтері негізінде экспресс-талдау жүргізгеннен кейін ұйым активтерін қалыптастыру көздеріне талдау жасаудың маңыздылығы бар.

Баланстың пассивтеріне ұйымның кредиторлар, жұмыскерлер, инвесторлар алдында ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді міндеттемелері, сонымен бірге ұйымның жарғылық капиталы, эмиссиялық табысы, сатып алынған үлестік құралдары, резервтері, бөлінбеген табысы кіреді. Баланстың пассивінде келтірілетін деректер меншікті және қарыз капиталының құрылымында қандай өзгерістер болғанын анықтауға мүмкіндік жасайды. Ұйымның қаржылық жағдайы көбінде өзінің құзырында қандай қаражаттары бар екендігіне және олардың қайда салынғанына байланысты.

Ұйымның активтерінің қалыптасу көздері болып меншікті капитал, сонымен бірге қарыз капиталы қызмет етеді.

Талдау процесінде талдау кезеңінде меншікті және қарыз қаражаттары өсуінің қалай жүргеніне, сырттан тартылған қаражаттардың негізгі түріне, меншікті және қарыз қаражаттарының өсуінің немесе төмендеуінің жалпы тенденциясына меншікті және қарыз қаражаттарының жалпы өзгерісіне көңіл аудару қажет.

Пассивтерді талдау ішкі шаруашылық резервтерді анықтау төлем қабілеттілікті қалпына келтіруді қамтамасыз ету және міндеттемелердің уақытына қайта құрылымдау жүргізу және орындалу мүмкіндігі мақсатында жүргізіледі. Ол ұйым балансының баптары бойынша жүргізіледі және меншікті қаражаттардың көздерін, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерді талдаудан тұрады. Баланс пассивтерінің құрылымын зерттеу ұйымның төлем қабілетсіздігіне әкеліп соғатын қаржылық тұрақсыздығының мүмкін болатын бірден-бір себептерін анықтауға мүмкіндік береді. Тұрақсыздылықтың себебі шаруашылық қызметті қаржыландыру үшін сырттан тартылған көздердегі қарыз қаражаттарының рационалды емес жоғары үлесі болуы мүмкін. Меншікті қаражаттардың кез келген үлесінің көбеюі ұйымның қаржылық тұрақтылығын нығайтуға жағдай жасайды.

Меншікті қаражаттарды қалыптастыру көздерін талдау ұйым үшін маңызды болып табылады. Жоғарыда атап өткеніміз-

дей, ұйымның меншікті қаражаттар көздеріне жарғылық капитал, эмиссиялық табыс, меншікті үлестік құралдар, резервтер, сонымен бірге бөлінбеген табыс жатады және олар бухгалтерлік баланстың «Капитал және резервтер» деп аталатын V бөлімінде көрсетіледі.

Ұйымда өсудің жоғары тенденциясын көрсететін меншікті капитал бар болса, онда бұл жағдай әлеуетті кредиторлар, инвесторлар, қарыз берушілер және акционерлер үшін нарықтық жағдайда қосымша кепіл болып табылады. Ұйымның өзі үшін меншікті капитал жарғылық қызметті жүзеге асыру және қызмет сферасын кеңейтудің негізгі көздерінің бірі болады.

Сондықтан пассивтердің құрылымын талдаған кезде бірінші кезекте қаржыландыру көздерінде нақты меншікті капиталдың үлесі қандай екеніне көңіл аударады. Қарыз қаражаттарының өсу қарқынымен салыстырғанда меншікті қаражаттардың өсу қарқынының жоғарылығы ұйымның қаржылық жағдайының нығайуына мүмкіндік жасайды.

Балансты қарастыру кезінде баланс пассивтердегі меншікті және қарыз капиталының арақатынасын талдаудың маңызы зор. Меншікті капиталдың үлесі көп болған сайын ұйымның қаржылық тұрақтылығы жоғары, сыртқы кредиторларға тәуелділігі төмен және оған банкрот болу қатері жоқ екенін міндетті түрде түсіну керек. Меншікті капиталға қажеттілік ұйымның өзін-өзі қаржыландыру талаптарымен түсіндіріледі. Ол ұйымның дербестілігінің және тәуелсіздігінің негізі болып табылады. Бірақ ұйымның қызметін тек меншікті қаражаттар есебінен қаржыландыру әсерінен өндірістің маусымдық сипатта болуында әрқашан тиімді бола бермейді. Онда жеке кезеңдерде банк шоттарында үлкен қаражат жиналып қалады да, ол басқа кезеңдерде олардың жетіспеушілігі болатынын ескеру керек. Бұдан басқа, егер қаржылық ресурстарға баға онша жоғары болмаса, ол ұйым несиелік ресурстарға төлемей-ақ салынған капиталға жоғары деңгейде қайтарымды қамтамасыз ете алатын болса, онда қарыз қаражаттарын тарта отырып, меншікті капиталдың рентабельділігін жоғарылата алады.

Қаржыландыру көздерінде резервтер мен бөлінбеген табыстың бар болуы ұйымның тиімді жұмыс істегенін білдіреді, өйткені меншікті капиталдың бұл бөлігі шаруашылық қызмет процесінде құралады.

Ұйымның меншікті капиталына талдау жұмыстары жүргізілгеннен кейін оның міндеттемелерін талдауға көшуге болады. Ұйымның міндеттемелері дегеніміз кең мағынада қарызға алынған қаражаттар болып табылады, оларды өтеу уақыты бойынша қысқа мерзімді (1 жылға дейінгі уақытта) және ұзақ мерзімді (1 жылдан жоғары уақытта) деп бөлуге болады.

Ұйымның міндеттемелеріне төлеу уақыты жетпеген кредиторлық берешектер де жатқызылады. Талдау мақсаты үшін кредиторлық берешектің жалпы сомасының ішінде жеткізушілер мен мердігерлер алдындағы, берілген вексельдер бойынша, алынған аванстар, табыстарды төлеу бойынша құрылтайшыларға берешек, еншілес және тәуелді қоғамдар алдындағы берешектерді бөліп қарау керек.

Тартылған қаражаттар ішінде ерекше бапты тұрақты пасивтер деп аталатын топ алады, оның талдауы келесі бағытта жүргізіледі. Еңбекақы бойынша қызметкерлер алдындағы ұйымның берешегі – бюджетпен әлеуметтік сақтандыру және қамтамасыз ету органдары алдындағы берешек.

Қарыз қаражаттарын ұйымның айналымына тарту, егер олар айналымда ұзақ уақытта тұрып қалмаса және уақытында қай-

тарылғанда қаржылық жағдайдың уақытша жақсаруына ықпал етеді. Керісінше жағдайда уақытынан асып кеткен кредиторлық берешек пайда болады да, соңында айыппұл төлеуге және қаржылық жағдайдың нашарлауына әкеліп соғады. Сондықтан талдау процесінде кредиторлық берешектің құрамын, олардың пайда болу ұзақтылығы мен себептерін зерттеу қажет. Қысқа мерзімді кредиторлық берешектің тез өсуі оның айналымдылығының төмендеуіне әкеледі.

Қарыз капиталының құрылымындағы қаржылық тұрақтылықты жоғарылататын және төлем қабілеттілікті жоғалту тәуекелін төмендететін ұзақ мерзімді міндеттемелердің үлесінің жоғары болуы жағымды жайт болып табылады. Сонымен бірге егер ұйымның қаражаттары негізінен қысқа мерзімді міндеттемелер есебінен құралған болса, онда оның қаржылық жағдайы қарыз қаражаттарын пайдалануды қысқа мерзімде қайтару қажеттілігі себебінен тұрақсыз болады. Сондықтан меншікті және қарыз капиталының арақатынасының оңтайлылығына ұйымның

қаржылық жағдайы байланысты болады. Дұрыс қаржылық стратегия жасау көптеген ұйымдарға өз қызметінің тиімділігін жоғарылатуға көмектеседі.

Енді шартты мәліметтер негізінде «А» ЖШС қаржылық жағдайына әсер ететін көрсеткіштерге талдау жасайық.


23-кесте

«А» ЖШС қысқа мерзімді міндеттемелерінің құрамы мен құрылымы

Көрсеткіштер	31.12.2016		31.12.2017		Есептік кезеңдегі өзгеріс (+,-)		
	Сомасы, мың теңге	үлесі, %	Сомасы, мың теңге	үлесі, %	Абсолюттік ауытқу, мың теңге	Қатысты ауытқу, %	Үлесіндегі ауытқу
ҚМ қаржылық міндеттемелер	-	-	13 866	4	+13 866	-	+4
Салық бойынша міндеттемелер	7 669	8,5	22 190	6,4	+14 521	+189	-2,1
Басқа міндетті және ерікті төлемдер бойынша міндеттемелер	128	0,1	-	-	-128	0	-0,1
ҚМ кредиторлық қарыздар	82 500	91,4	104 134	30	+21 634	+26	-61,4
Өзге де ҚМ міндеттемелер	-	-	206 427	59,6	+206 427	-	+59,6
Жиыны	90 296	100	346 617	100	+256 321	+284	0

Ұйымның қысқа мерзімді міндеттемелері кесте мәліметтеріне сәйкес есептік жыл ішінде 256 321 мың теңгеге ұлғайған.

Бұл өзгеріске себеп болған: негізінен, қысқа мерзімді кредиторлық қарыздардың 26 пайыз ұлғаюы және салық бойынша міндеттемелердің шамамен 3 есеге өсуі. Алайда қысқа мерзімді кредиторлық қарыздардың өсуі ұйымның қаржылық тұрақтылығына күмән келтіреді. Талдау нәтижелерін келесі график түрінде көрсетуге болады.



1-сурет. «А» ЖШС қысқа мерзімді міндеттемелерінің құрамы мен құрылымы

«А» ЖШС қысқа мерзімді міндеттемелерінің құрамы мен құрылымына талдау жасалғаннан кейін ұзақ мерзімді міндеттемелерді талдауға кірісеміз.

24-кесте

«А» ЖШС ұзақ мерзімді міндеттемелерінің құрамы мен құрылымы

Көрсеткіштер	31.12.2016		31.12.2017		Есептік кезеңдегі өзгеріс (+,-)		
	Сомасы, мың теңге	үлесі, %	Сомасы, мың теңге	үлесі, %	Абсолюттік ауытқу, мың теңге	Қатысты ауытқу, %	Үлесіндегі ауытқу
ҰМ қаржылық міндеттемелер	94 396	100	93 767	100	-629	-0,66	0
Жиыны	94 396	100	93 767	100	-629	-0,66	0

Кесте мәліметтеріне талдау жасай отырып, ұйымның ұзақ мерзімді активтерінің құрамын тек ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер құрайтынын көруге болады. Есептік кезең ішінде ұзақ мерзімді активтердің 629 мың теңгеге азайғаны байқалады, яғни өзгеріс мөлшерінің маңыздылығы төмен. Бұл ұйымның міндеттемелері бойынша тұрақтылығын куәландырады.

Келесі кезекте «А» ЖШС меншікті капиталының құрамы мен құрылымына талдау жасайық. Ол үшін осы ұйымның қаржылық есептілік мәліметтерін пайдалана отырып келесі кестені құрастырайық.

25-кесте

«А» ЖШС меншікті капиталының құрамы мен құрылымы

Көрсеткіштер	31.12.2016		31.12.2017		Есептік кезеңдегі өзгеріс (+,-)		
	Сомасы, мың теңге	үлесі, %	Сомасы, мың теңге	үлесі, %	Абсолюттік ауытқу, мың теңге	Қатысты ауытқу, %	Үлесіндегі ауытқу
Жарғылық капитал	110	+0,32	110	+0,69	0	0	+0,37
Бөлінбеген пайда (өтелмеген залал)	-33 984	-100,32	-15 987	-100,69	+17 997	-52,96	-0,37
Жиыны	-33 874	100	-15 877	100	+17 997	-53,13	0

Кесте мәліметтеріне талдау жасайтын болсақ, «А» ЖШС-ның меншікті капиталының құрамы «Жарғылық капитал» және «Бөлінбеген пайда (өтелмеген залал)» баптарынан тұратынын байқаймыз. Ұйымның бухгалтерлік балансында көрсетілген меншікті капитал бөлімінің сандық көрсеткіші 2016 және 2017 есептік жылдар бойынша (-33 874 және -15 877) теріс мәнді болып табылады. Мұндағы негізгі себеп – өтелмеген залалдың болуы. Бұл ұйымның өндірістік қызметінің тиімсіздік сипатын білдіреді, яғни аталған ұйымның шығыстары кірістерінен артып кеткен; ұйым шығынды болып табылады. Мұндай теріс мәнді

көрсеткіш «А» ұйымының жұмыс сапасына жағымсыз әрі кәсіпкерлік қызығушылық деңгейін төмендетеді. Алайда есептік кезең ішінде өтелмеген залал мөлшері 17 997 мың теңгеге немесе 52,96 пайызға азайып, ұйымның көрсеткішін жақсартқан. Ұйымның тұрақты түрде қызмет етуі жарғылық капиталға сәйкесінше әсер етпеген және «Жарғылық капитал» бабында өзгеріс болмаған. Сондықтан жалпы меншікті капитал шамамен 2 есе немесе 17 997 мың теңгеге артқан. «А» ұйымына өтелмеген залалды жабу үшін қаржылық-шаруашылық қызметті оңтайландыру мақсатында орындалуы тиіс іс-шаралар жоспарын жасау керек.

Ұйым капиталының қалыптасу көздерінің динамикасы мен құрылымына талдау жүргізу үшін келесі кестені құрастырайық.

26-кесте

«А» ЖШС капиталының қалыптасу көздерінің динамикасы мен құрылымы

Капитал көздері	Қолда бар қаражаттар, мың теңге			Қаражаттардың құрылымы, %		
	01.01.2016	31.12.2017	өзгеруі	01.01.2016	31.12.2017	өзгеруі
Меншікті капитал	-29 120	-15 877	+13 243	-15 %	-8%	+7%
Қарыздық капитал	228 281	211 767	-16 514	115 %	108%	-7%
Барлығы	199 161	195 890	-3 271	100 %	100%	0%

Активтердің қалыптасу көздеріне талдау жасау процесінде меншік және қарыз капиталдың көлемі белгіленеді, активтердің есептік кезең ішіндегі өзгерістердің себептері анықталады. Алайда меншікті капиталға аса назар аудару керек, өйткені меншікті қаражаттар көздерінің қоры дегеніміз – бұл ұйымның қаржылық тұрақтылығының негізі.

7.4. Ұйым активтерін орналастыру көздерін талдау

Қаржылық есептіліктің маңызды элементтерінің бірі болып табылатын активтерді талдау кезінде олардың нақты бар екендігі, құрамы, құрылымы және оларда болған өзгерістер зерттеледі. Активтердің құрылымына талдау жүргізу олардың орналасуы туралы мәліметтер алуға мүмкіндіктер береді. Белгілі бір есептік кезең ішінде активтердің көбеюі ұйымның дамуы туралы куәландырады.

Баланс активтері дегеніміз – ұйымға тиесілі ақша қаражаттары мен мүліктерінің жиынтығы: ғимарат, машиналар және қондырғы, қорлар, инвестициялар, авторлық құқық және т.б. Кең мағынада бұл ақшалай құндылыққа ие және ақшалай бағаланатын кез келген құндылық.

Баланс активтерінде ұйымның меншігіндегі капиталдың орналасуы туралы деректер, яғни оның нақты мүлікке және материалдың құндылыққа салымы туралы, сонымен бірге бос ақшалардың қалдықтары туралы мәліметтер бар. Орналасқан капиталдың әрбір түріне баланстың әрбір бабы сәйкес келеді. Баланс активтерінің мәліметтері бойынша ұйымның активтерінде қандай өзгерістер болғаны, оның жылжымайтын мүлігі қандай бөлігін, ал қандай бөлігін айналым қаражаттары, оның ішінде өндірісте және айналым сферасында құрайтыны жайлы анықтауға болады.

Баланс активтерінің баптарын топтастырудың басты белгісі болып олардың өтімділік деңгейі саналады. Бұл белгі бойынша баланстың барлық активтері қысқа мерзімді активтерге (баланстың I бөлімі) және ұзақ мерзімді активтерге (баланстың II бөлімі) бөлінеді.

Баланс активтерінің құрамы мен құрылымы капиталдың көлемі мен құрылымына тәуелді. Сол себепті активтерді талдау олардың қалыптасу көздерін және өтімділікті талдаумен байланысты. Талдау процесінде динамикадағы жалпы баланс валютасындағы қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді активтердің үлес салмағын, қаражаттар орналасуындағы ауытқуы мен өзгеруін есептей отырып, баланс активтерінің құрылымын анықтау қажет.

Баланс активтері құрылымының өзгерісін зерттеу маңызды ақпарат алуға мүмкіндік жасайды. Мүліктегі айналым қаражаттары үлесінің жоғарылауы:

– ұйым қаражаттарының айналымдылығы жылдамдығына жағдай жасайтын активтердің мобильді құрылымын қалыптастыруды;

– қысқа мерзімді активтердің бір бөлігін ұйымның және басқа дебиторлардың дайын өнімін тұтынушыларды несиелеуге қарай бұру, ал ол өндірістік процестегі айналым қаражаттарының бұл бөлігінің нақты имобильді екенін;

– өндірістік базаны бұруды білдіреді.

Жалпы айтқанда, «өтімді» баланстың белгілері:

1) баланс валютасы есеп беру кезеңінің соңында басымен салыстырғанда жоғарылаған;

2) қысқа мерзімді активтердің өсу қарқыны ұзақ мерзімді активтердің өсу қарқынына қарағанда жоғары;

3) ұйымның меншікті капиталы қарыз капиталынан артық және оның өсу қарқыны қарыз капиталының өсу қарқынынан жоғары;

4) дебиторлық және кредиторлық берешектердің өсу қарқыны біркелкі болып келеді.

Активтер құрылымындағы өзгерістердің себептері туралы нақты тұжырым жасау үшін баланс активтерінің бөлімдеріне және жеке баптарына, атап айтқанда, ұйымның өндірістік әлеуетінің жағдайын бағалауға негізгі құралдармен материалдық емес активтердің тиімді пайдаланылуына, қысқа мерзімді активтерді айналым жылдамдығына талдау жүргізу керек.

Қысқа мерзімді активтерді талдау. Қысқа мерзімді активтер ұйым мүлкінің мобильді бөлігін құрайды, өйткені олар бір жылда толық айналым немесе бірнеше айналым жасайды. Олардың жағдайы және тиімді пайдаланылуы – оның сәтті қызметінің негізгі шарты. Ұйым жұмысының ырғақтылығы, жоғары нәтижелігі көбінде оның айналым қаражаттарымен қамтамасыз етілуіне байланысты. Қысқа мерзімді активтерді алуға бөлінетін қаражаттардың жетіспеушілігі өндірістің қысқаруына, өндірістік бағдарламалардың орындалуына әкеледі. Қаражаттарды оларға нақты қажеттілігінен артық жұмсау ресурстардың қозғалыссыздығынан оларды тиімсіз пайдалануға әкеліп соғады. Қысқа мерзімді активтердің абсолюттік және қатысты мөлшерінің жоғарылауы өндіріс ауқымының кеңеюіне немесе инфляция факторының әсерін ғана сипаттап қоймай, сонымен бірге олар-

дың айналымының ақырындауын көрсетеді, ол өз кезегінде олардың жалпы көлемінде қажеттіліктің өсуіне объективті әсер етеді.

Ақша қаражаттарының көбеюі тәртіп бойынша ұйымның қаржылық жағдайының нығаюын білдіреді. Ақша сомасы барлық бірінші кезектегі төлемдерді жабу үшін жететіндей болуы керек. Ұзақ уақыт аралығында ақша қалдықтарының болуы айналым капиталын дұрыс пайдаланбау нәтижесінде болады. Оларды пайда алу мақсатында айналымға жіберу керек: өзінің өндірісін кеңейту немесе басқа ұйымдардың акцияларына салу, өнімді (жұмыс, қызмет) сату, басқа активтерді сату бойынша қаржы-шаруашылық операцияларды жүргізу процесінде дебиторлық берешек пайда болады. Дебиторлық берешекті талдау қысқа мерзімді активтердің ішіндегі үлес салмағын анықтау жолымен жүзеге асырылады. Содан кейін бір жыл ішіндегі оның сомасының өзгеру динамикасы зерделенеді: жыл соңындағы қалдықтар жыл басындағы сомамен салыстырылады; оның жағдайы бағаланады.

Баланс активтеріндегі дебиторлық берешектің жоғары үлесі ұйымның өзінің сатып алушыларына коммерциялық несие беру үшін кеңінен қолданылады. Ұйымның дебиторлық берешектері дер кезінде қайтарылмаса, онда ол ағымдағы шаруашылық қызметін қамтамасыз ету үшін кредиторлық берешегін көбейте отырып, несие алуға тиіс болады.

Дебиторлық берешекті талдағанда оны қалыпты және уақытынан асып кеткен деп бөлу керек. Уақытынан асып кеткен дебиторлық берешектің болуы қаржылық қиыншылықты тудырады, капиталдың айналымдылығын азайтады. Талдау процесіндегі дебиторлық берешектің динамикасын, құрамын, себептерін және пайда болу ұзақтығын, оның құрамында қайтарып алу үшін күттірмейтін шаралар қабылдауға қайтарып алу уақыты келгендер бойынша мүмкіндіктердің бар жағын зерделеу қажет.

Дебиторлық берешекті талдай отырып, оның сомасын кредиторлық берешек мөлшерімен салыстырып және айналымдылығын анықтау керек. Дебиторлық берешектің айналымдылығының төмендігі тауарлы несиенің берілуімен, ұзақ уақытқа вексельмен берешекті рәсімдеу, сатып алушылардың шоттарды тө-

леу қабілетсіздігі, болмаса дебиторлық берешекті қайтарып алу бойынша жұмыстың нашарлығымен түсіндіріледі. Ұйымдар есептесу және келісім тәртіптерін сақтағанда үлкен көлемде дебиторлық берешегі болмау керек, өйткені бұл айналым қаражаттарының ауысуына, олардың айналымдылығының азаюына, ең соңында қосымша қаражат көздерінің қажеттілігінің пайда болуына әкеледі және ұйымның қаржылық жағдайын нашарлатады. Сонымен бірге ұйымның өндірістік циклі ұзарады. Дебиторлық берешек көп болған сайын ұйымда ақша қаражаттары аз болады. Ұйымның қаржылық жағдайына өндірістік қорлар жағдайы үлкен әсер етеді. Сондықтан қаржылық жағдайды бағалау үшін қорлар туралы мәліметтерді талдау керек. Қорлар оңтайлы болуы керек, яғни өндіріс уақытында және толық көлемде барлық қажетті ресурстармен қамтамасыз етілуі керек және де сол уақытта олар қоймаларда жатып қалмауы қажет.

Қорлардың құрылымын зерделеген кезде қысқа мерзімді активтердің элементтері шикізат, материалдар және басқа соларға ұқсас құндылықтар аяқталмаған өндіріс шығындары, дайын өнім және қайта сатуға арналған тауарлар, тиелген тауарлар өзгерісі тенденцияларын анықтауға басты көңіл аударған дұрыс. Өндірістік қорлардың үлес салмағының жоғарылауы:

1) ұйымның өндірістік әлеуетінің өскенін;

2) өндірістік қорларға салым жасау арқылы ұйымның ақшалай активтерін инфляция әсерінен болатын құнсызданудан қорғауға тырысуды;

3) таңдалынған шаруашылық стратегияның рационалды еместігі, соның салдарынан қысқа мерзімді активтердің елеулі бөлігі өтімділігі төмен бөлшектерге салынғанын білдіреді.

Ұзақ мерзімді активтерді талдау. Ұзақ мерзімді активтер бухгалтерлік баланста нетто бағамен келтіріледі. Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер қалдық құнымен, ал басқа қалған ұзақ мерзімді активтер нақты өзіндік құны бойынша көрсетіледі. Бұл бағалау ұйымды сатқан болмаса жапқан кезде ұзақ мерзімді активтерді сатып алуға болатын ақшалай қаражаттардың сомасы туралы мәлімет бере алмайды.

Ұзақ мерзімді активтердің мөлшері құрылыстың және сатып алудың, қайтарымсыз қосылудың, жарғылық капиталға салымның жабу нәтижесінде шығып қалудың есебінен түсулер

нәтижесінде өзгеруі мүмкін. Сондықтан талдау процесінде бастапқы және қалдық күн түрінде немесе ұзақ мерзімді активтердің нақты өзіндік құнымен; құндық және табиғи көрсеткіштер түрінде қолданылады.

Активтер құрамында ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардың болуы осы салымдардың инвестициялық бағыттылығын көрсетеді. Сондықтан ұйымның қор портфелінің құрамына енетін эмиссиялық бағалы қағаздардың табыстылығына, өтімділігіне және тәуекеліне баға беру керек.

Баланстың екінші бөлімінің құрамында материалды емес активтердің болуы ұйымның таңдап алған стратегиясының инновациялық түрде екенін жанама көрсетеді, өйткені ол қаражаттарды патенттерге, лицензияларға, бағдарламалық өнімдерге және басқа интеллектуалды меншіктер объектілеріне салады. Материалды емес активтердің тиімді пайдаланылуына жеке-жеке талдау жүргізу ұйымның басшылығы үшін өте маңызды.

Бухгалтерлік баланс мәліметтері негізінде активтердің құрамы мен орналасуына талдау жүргізу үшін келесідей кесте құрасытыру қажет.


27-кесте

«А» ЖШС активтерінің құрамы мен орналасуы

Көрсеткіштер	31.12.2016		31.12.2017		Есептік кезеңдегі өзгеріс (+,-)		
	Сомасы, мың теңге	үлесі, %	Сомасы, мың теңге	үлесі, %	Абсолюттік ауытқу, мың теңге	Қатысты ауытқу, %	Үлесіндегі ауытқу
1	2	3	4	5	6	7	8
Активтер жиыны: оның ішінде:	150 818	100	424 507	100	+273 689	+181,47	-
Қысқа мерзімді активтер	129 303	85,73	381 409	89,85	+252 106	+194,97	+4,12
Ұзақ мерзімді активтер	21 516	14,27	43 098	10,15	+21 582	+100,3	-4,12

1	2	3	4	5	6	7	8
Мобильді және имобильді қаражаттардың арақатынасының коэффициенті	6,01	-	8,85	-	-	-	-

Кестеде келтірілген мәліметтерді талдау арқылы есептік кезең ішінде ұйым активтерінің 273 689 мың теңгеге немесе 181,47 пайызға өскенін көруге болады. Бұл ұйымның одан әрі дамуын, өндірістік процестердің нығаюын куәландырады. 2016 және 2017 жылдары ұйым активтерінің көп бөлігі қысқа мерзімді активтерге орналасқан, яғни активтер негізінен айналыста болып табылады. Сондай-ақ қысқа мерзімді активтердің есептік кезеңдегі өзгерісі 252 106 мың теңгеге ұлғайғанын көрсеткен. Сәйкесінше, ұйымның мобильді және имобильді активтер арасындағы арақатынас жоғары көрсеткішті көрсеткен. Бұл активтердің айналымдылығының жылдам даму тенденциясын дәлелдейді.





2-сурет. «А» ЖШС активтерінің құрамы

«А» ЖШС қысқа мерзімді активтерінің құрамы мен құрылымы

Көрсеткіштер	31.12.2016		31.12.2017		Есептік кезеңдегі өзгеріс (+,-)		
	Сомасы, мың теңге	Үлесі, %	Сомасы, мың теңге	Үлесі, %	Абсолюттік ауытқу, мың теңге	Қатысты ауытқу, %	Үлесіндегі ауытқу
Ақша қаражаттары	2 734	2,11	6 617	1,73	+3 883	+142	-0,38
ҚМ қаржылық инвестициялар	-	0	-	0	-	-	-
ҚМ дебиторлық қарыздар	(1863)	-1,43	17 080	4,49	+15 217	+816,8	+5,92
Қорлар	118 495	91,64	254 337	66,68	+135 842	+114,6	-24,96
Ағымдағы салықтық активтер	9 866	7,63	22 577	5,92	+12 711	+128,8	-1,71
Сатуға арналған ҮМ активтер	-	0	-	0	-	-	-
Өзге де ҚМА	71	0,05	80 798	21,18	+80 727	+1137	+21,13
Жиыны	129 303	100	381 409	100	+252 106	+195	0

«А» ЖШС қысқа мерзімді активтерінің құрамында үлесі ең көп болып қорлар (91,64 және 66,68 пайыз) табылады, яғни сатылмай жатқан қорлардың бар екендігін тексеру қажет. Ақша қаражаттары 2 еседен артық мөлшерге көбейсе де, жиынтық активтер құрамындағы үлесі өте аз. Бұл ұйымның қысқа мерзімді міндеттемелерін өтеудегі қаражаттар жеткіліксіздігін тудыруы мүмкін. Дебиторлық қарыздардың теріс шаманы көрсетуінің себебін анықтау қажет, өйткені дебиторлық қарыздардың өзгерісі ұйымдағы қаржылық тұрақтылыққа ықпал етеді. Сонымен қатар өзге де қысқа мерзімді активтердің есептік кезең ішіндегі ауытқуы өте жоғары көрсеткішке ие (қатысты ауытқуы +1137 пайыз), бұл өзгерістің пайда болу себептерін анықтап, оның үлесін төмендету бойынша іс-әрекеттер жасалынуы керек.



3-сурет. «А» ЖШС қысқа мерзімді активтерінің құрамы


29-кесте

«А» ЖШС ұзақ мерзімді активтерінің құрамы мен құрылымы

Көрсеткіш-тер	31.12.2016		31.12.2017		Есептік кезеңдегі өзгеріс (+,-)		
	Сомасы, мың теңге	үлесі, %	Сомасы, мың теңге	үлесі, %	Абсолюттік ауытқу, мың теңге	Қатысты ауытқу, %	Үлесіндегі ауытқу
1	2	3	4	5	6	7	8
Негізгі құралдар	21 505	99,95	42 885	99,51	+21 380	+99,4	-0,44

1	2	3	4	5	6	7	8
Материалдық емес активтер	11	0,05	213	0,49	+202	+1836	+0,44
Жиыны	21 516	100	43 098	100	+21 582	+100,3	0

Кесте мәліметтеріне сәйкес ұзақ мерзімді активтер 100,3 пайызға немесе 21 582 мың теңгеге ұлғайған. Сәйкесінше, негізгі құралдар да шамамен 2 есеге көбейген. Ұзақ мерзімді активтердің құрылымын талдай отырып, негізгі құралдардың өте жоғарғы үлесін байқауға болады. Бұл өндірістік процестің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Материалдық емес активтердің есептік кезең ішіндегі қатысты ауытқуы +1836 пайыз, яғни өзгеріс мөлшері өте жоғары.



4-сурет. «А» ЖШС ұзақ мерзімді активтерінің құрамы

Активтер – бухгалтерлік баланста қаржылық жағдайын айқындайтын элемент. Активтердің құрамы мен құрылымын, динамикасын талдау арқылы ұйымның нақты қаржылық жағдайын анықтап, даму тенденцияларын айқындауға болады.


7.5. Баланс өтімділігін талдау

«Өтімділік» ұғымы латын тілінен аударғанда «*Liquidus*» – «ағымды, сұйық» деген мағынаны береді.

Тәжірибеде «ұйым өтімділігі» және «баланс өтімділігі» деген терминдер пайдаланылады.

Баланс өтімділігі ұйымның өз міндеттерін жабу үшін активтерін ақша қаражаттарына айналдыру қабілеттілігін көрсетеді, яғни төлем жүргізуге қажетті қаражаттар ішкі көздер есебінен іздестіріледі.

Ал ұйым өтімділігі – бұл баланс өтімділігіне қарағанда неғұрлым кең түсінік, яғни егер ұйымның инвестициялық тартымдылығы жоғары болса, төлемдерді жүргізу үшін қажетті ақша қаражаттарын сыртқы көздер есебінен де тартуы мүмкіндігін білдіреді.



5-сурет. Ұйымның төлем қабілеттілігі мен өтімділігінің көрсеткіштері арасындағы байланыс көрсетілген

Баланс өтімділігін талдау – өтімділіктерінің біртіндеп төмендеуі бойынша топтастырылған активтерді міндеттемелерді өтеу (төлеу) мерзімділігінің деңгейі бойынша топтастырылған пассивтермен салыстыру.

Баланс өтімділігін талдаудағы негізгі мақсат ұйымның міндеттемелерін өз активтерімен жабу көлемін анықтау, яғни ақша қаражаттарының міндеттемелерді жабу мерзіміне сай келуін анықтау болып табылады.

Баланс өтімділігін талдау үшін баланстың активтерін олардың өтімділіктеріне, ал пассивтерін олардың төлем жеделділігіне байланысты келесідей топтарға жинақтаймыз:

Ұйым активтері өтімділік деңгейлері бойынша төмендегідей топтарға бөлінеді:

A_1 – өтімділігі неғұрлым жоғары активтер (абсолютті өтімді): ақша қаражаттары, қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар.

A_2 – тез сатылатын активтер: қысқа мерзімді дебиторлық қарыздар, жөнелтілген тауарлар, қысқа мерзімге берілген аванстар. Осы топтағы активтердің өтімділігі тауарлардың өз уақытында жөнелтілуіне, өнімдеріне деген сұранысқа, оның бәсекеге қабілеттілігіне, сатып алушылардың төлем қабілеттілігіне, есеп айырысу формаларына тәуелді болады.

A_3 – жай (баяу) сатылатын активтер: ҚМА-ның қалған баптары жатады, қорлар, аяқталмаған өндіріс, дайын өнімдер. Бұл топтағы активтердің ақша қаражаттарына айналуы үшін біраз уақыт қажет.

A_4 – сатылуы қиын активтер: ҰМА-ның барлық баптары жатады.

Баланс пассивтері төлемдердің жеделділігіне бойынша 4 топқа бөлінеді:

P_1 – неғұрлым тез төленуі қажетті міндеттемелер (1 ай ішінде): қысқа мерзімді кредиторлық қарыздар, банк несиелері.

P_2 – өтеу мерзімі 1 жылға дейінгі қысқа мерзімді міндеттемелер. ҚММ: қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер, салықтар бойынша міндеттемелер, басқа ерікті және міндетті төлемдер бойынша міндеттемелер.

P_3 – ҰММ: баланстың ҰММ барлық баптар жатады.

P_4 – тұрақты міндеттемелер: баланстың 5 бөліміндегі барлық баптар жатады

Баланс өтімділігін анықтау үшін активтер және пассивтер бойынша топтарда көрсетілген қорытындыларды салыстыру қажет. Ұйым балансы келесідей қатынастар сақталған жағдайда өтімді деп саналады:

1. $A_1 \geq P_1$.

2. $A_2 \geq P_2$.

3. $A_3 \geq P_3$.

4. $A_4 \leq P_4$.

Алғашқы 3 топтағы теңсіздіктер орындалса, онда баланс өтімді деп табылады және оның үшеуінің орындалуы төртінші теңсіздіктің орындалуына алып келеді. Сондықтан актив пен пассив бойынша алғашқы үш топтың жиындарын салыстыру

маңызды орын алады. Төртінші теңсіздік «баланстау» (теңестіруші) сипатын алады, сонымен қатар оның терең экономикалық мәні бар: оның орындалуын қаржылық тұрақтылықтың ең төменгі шарттарының сақталғандығын, яғни ұйым айналысында меншікті айналым қаражаттарының барын дәлелдейді.

A_1 мен P_1 -ді салыстыру алдағы 3 айға дейінгі мерзімге қатысты төлем жасау мүмкіндігін көрсетеді (келіп түскен түсімдер мен төлемдердің арақатынасын білдіреді).

A_2 мен P_2 нәтижелерін салыстыру алдағы 6 айға қатысты (3-тен 6 айға дейінгі мерзім) төлем жасау мүмкіндігін көрсетеді, яғни алдағы уақыттағы төлем тәртібі жағдайының жақсаруы немесе нашарлауы туралы қорытынды жасауға болады. Демек, ағымдағы төлем қабілеттілікті көрсетеді.

A_3 пен P_3 -ті салыстыру перспективалық өтімділікті анықтайды, яғни ұзақ мерзімді төлем қабілеттілікті болжауға мүмкіндік береді.

A_4 пен P_4 -ті салыстыру ұйымның күйреу жағдайында немесе жабылатын кезде орындалуы қажет болып табылады. Себебі бұл арақатынас ұйымның меншік иелерінің алдындағы міндеттемелерін жаба алу мүмкіндігін көрсетеді.

Ұйымның баланс өтімділігін талдау үшін келесідей кесте құрастыруға болады.

30-кесте

Ұйымның баланс активтерінің өтімділік дәрежесі және пассивтерінің төлеу мерзімінің жеделдігі бойынша баптарының тобы

Актив	Сомасы, теңге		Пассив	Сомасы, теңге		Төлем артықшылығы, жетіспеушілігі	
	2016 ж.	2017 ж.		2016 ж.	2017 ж.	2016 ж.	2017 ж.
1	2	3	4	5	6	7	8
Ең өтімді активтер	2734	6617	Неғұрлым тез төленуге тиісті міндеттемелер	82500	310561	-3883	-228061
Тез өткізілетін активтер	8073	120455	Қысқа мерзімді міндеттемелер	7797	36056	-112382	-28259

1	2	3	4	5	6	7	8
Баяу өткізілетін активтер	118495	254337	Ұзақ мерзімді міндеттемелер	94396	93767	-135842	629
Қиын өткізілетін активтер	21516	43098	Тұрақты міндеттемелер	-33874	-15877	-21582	-17997
Жиыны	150818	424507	Жиыны	150818	424507	-273689	-273689

Кесте мәліметтерінен ұйым балансының өтімділігіне қатысты төлемнің жетіспеушілігі орын алғаны анықталды.

Баланс баптарының өтімділігін сипаттайтын жалпылама көрсеткіш жалпы өтімділік коэффициенті деп аталады.

$$K_{\text{ж.}} = \frac{a_1 A_1 + a_2 A_2 + a_3 A_3}{a_1 П_1 + a_2 П_2 + a_3 П_3},$$

мұндағы a_1, a_2, a_3 – үлестік коэффициентер. Оларға қатысты келесідей шектеулер бар:

$$\begin{aligned} a_1 &\geq a_2 + a_3 \\ a_2 &\geq a_3 \\ a_3 &\geq 0. \end{aligned}$$

Үлестік коэффициенттер мәні келесі түрде нақты анықталған:

$$a_1 = 1; a_2 = 0,5; a_3 = 0,3.$$

Үлестік коэффициенттер орнына қою арқылы формуламыз келесі түрге енеді:

$$K_{\text{ж.}} = \frac{A_1 + 0,5A_2 + 0,3A_3}{П_1 + 0,5П_2 + 0,3П_3}.$$

Өтімділіктің жалпы коэффициентінің мәні 0,9-дан кем болмауы қажет. Жалпы өтімділік коэффициент 0,9-ға тең немесе

одан жоғары болса, онда бұл ұйымның барлық міндеттемелері бойынша есеп айырысу қабілетін көрсетеді.

7.6. Ұйымның төлем қабілеттілігін талдау

Төлем қабілеттілік – ұйым өзінің барлық міндеттемелерін өз уақытында орындау қабілеттілігі. Төлем қабілеттілік және өтімділік деген түсініктер бір-біріне өте жақын, бірақ өтімділік неғұрлым кең мағынаны білдіреді. Ұйымның төлем қабілеттілігі баланстың өтімділік деңгейіне тәуелді.

Төлем қабілеттілікке талдау жүргізу кезінде оны 2-ге бөліп қарастырамыз:

1. Ағымдағы төлем қабілеттілігі.
2. Болашақтағы төлем қабілеттілігі.

Ағымдағы төлем қабілеттілігі баланс құрылған нақты күнге анықталады. Ұйымның банктік және банктік емес мекемеге немесе жеткізушілерге мерзімі өтіп кеткен қарыздары болмаса, төлем қабілеттілігі бар деп саналады

Болашақтағы төлем қабілеттілігі алдағы нақты бір күнге оның төлем қаражаттарын бірінші кезекте өтелетін міндеттемелермен салыстыру арқылы анықталады.

Төлем қабілеттілік төлем қабілеттілік коэффициенті арқылы көрінеді. Бұл коэффициент былай анықталады:

$$K_{\text{т.к.}} = \frac{\text{қолда бар ақша қаражаттарының сомасы}}{\text{төленуі қажетті міндеттемелер сомасы}}$$

Егер осы коэффициент 1-ге тең немесе одан жоғары болса, ұйымның төлем қабілеттілігі бар деп саналады. Ал коэффициент мөлшері бірден аз болса, онда төленуге тиісті қаражаттардың жетіспеу себептерін анықтауды талап етіледі.

Ағымдағы төлем қабілеттілік төлем календарының көмегімен анықталуы мүмкін. Осы құжат негізінде кредиторлармен, банктермен өз уақытында есеп айырысуларды қамтамасыз ететін іс-шаралар жасалады. Төлем календары аналитикалық есеп мәліметтері, банк көшірмелері негізінде жасалады.

Ұйымның төлем қаражаттары мен қарыздары туралы ақпараттар

Көрсеткіштер	Сомасы, мың тг
Жеткізушілердің төлеуге ұсынған шоттары	2020
Мүліктерді сақтандыру бойынша қарыздар	54
Ағымдық шоттағы ақша қаражаттарының қалдықтары	190
Сатуға арналған қысқа мерзімді бағалы қағаздар	225
Өтелуі қажетті қысқа мерзімді банктік несие	281
Құрылыс ұйымының төлеуге ұсынған шоты	112
Сатып алушылардың төлеуі қажетті шоттары	2061
Жеткізушіге берілген векселдер	162
НҚ сатудан түсетін ақша қаражаттары	495
Өзге де ақшалай түсімдер	45
Салықтар бойынша бюджет алдындағы қарыздар	657
Жалақы бойынша қарыздар	828
Әлеуметтік сақтандыру аударымдары бойынша қарыздар	108
Материалдарды сатудан түсетін ақшалай түсімдер	207
Жалақы бойынша депоненттелінген қарыздар	11
Кассадағы ақша қаражаттарының қалдығы	38
Дебиторлық қарыздар	189
Мерзімі өткен шоттар бойынша сатып алушылардан түсетін ақшалай түсімдер	205

Осы ақпараттар негізінде келіп түсетін төлем қаражаттары мен төлем міндеттемелерін анықтаймыз.

Қолда бар және келіп түсетін төлем қаражаттары мен төлем міндеттемелерін салыстыру

Төлем қаражаттары	Сомасы, мың тг	Төлем міндеттемелері	Сомасы, мың тг
1	2	3	4
Ағымдық шоттағы ақша қаражаттарының қалдықтары	190	Жеткізушілердің төлеуге ұсынған шоттары	2020
Сатуға арналған қысқа мерзімді бағалы қағаздар	225	Мүліктерді сақтандыру бойынша қарыздар	54
Сатып алушылардың төлеуі қажетті шоттары	2061	Өтелуі қажетті қысқа мерзімді банктік несие	281
НҚ сатудан түсетін ақша қаражаттары	495	Құрылыс ұйымының төлеуге ұсынған шоты	112

1	2	3	4
Өзге де ақшалай түсімдер	45	Жеткізушіге берілген векселдер	162
Материалдарды сатудан түсетін ақшалай түсімдер	207	Салықтар бойынша бюджет алдындағы қарыздар	657
Кассадағы ақша қаражаттарының қалдығы	38	Жалақы бойынша қарыздар	828
Дебиторлық қарыздар	189	Әлеуметтік сақтандыру аударымдары бойынша қарыздар	108
Мерзімі өткен шоттар бойынша сатып алушылардан түсетін ақшалай түсімдер	205	Жалақы бойынша депоненттелінген қарыздар	11
ЖИЫНЫ	3655	ЖИЫНЫ	4233
Төлем міндеттемелерінің төлем қаражаттарынан артуы	578		
БАЛАНС	4233	БАЛАНС	4233

Көрсетілген ақпараттар нақты күндегі ұйым өз қарыздарының тек 86,3 пайызын (3655 : 4233) ғана өтей алатындығын көрсетеді.

Болашақтағы төлем қабілеттілікті бағалау үшін ұйым өтімділіктің динамикалық және статикалық көрсеткіштерін қолданады.

Ұйымның төлем қабілеттілігіне неғұрлым терең зеттеулер жүргізу үшін динамикалық көрсеткіштерді көрсететін мынадай коэффициенттерді қосымша есептеуге болады:

1. Өнімдерді (жұмыстар мен қызметтерді) сатудан алынған табыс сомасы / ҚММ-дің орташа сомасы.

Бұл есептеуде белгілі бір кезеңдегі ақша қаражаттарының ағынын (баланс жасалған күндегі емес) көрсетеді.

2. Ақша қаражаттарының жеткіліктілік коэффициенті. Бұл ұйымда шығындарды жабу үшін ақша қаражаттарының нақты бар екендігін көрсетеді. Бұл коэффициент келесідей формула бойынша есептеледі:

$$K_{\text{а.к.ж}} = \text{өнімдерді сатудан немесе қызмет көрсетуден түскен табыстар сомасы} / (\text{күрделі шығыстар} + \text{құрылтайшыларға төленетін төлемдер сомасы} + \text{айналым қаражаттарының өсімі (есептік жыл – өткен жыл)}).$$

Осы коэффициенттің 1-ге тең болуы ұйымның сырттан тартылған қаражаттарсыз жұмыс істеуге қабілетті екендігін көрсетеді. Егер көрсеткіштердің мәні 1-ден төмен болса, онда ұйымның өндіріс деңгейін ұстап тұруға қабілетсіз екендігін көрсетеді

3. Ақша қаражаттарын капиталдандыру коэффициенті ұйым активтеріне салынған инвестициялар деңгейін анықтауда қолданылады және келесі формула бойынша есептеледі:

Сатудан алынған табыс – төленген дивидендтер /
Негізгі құралдардың бастапқы құны + инвестициялар + басқа активтер + меншікті айналым қаражаттары.

Ақша қаражаттарының капиталдандыру деңгейі 8-10 пайыз мөлшерінде болса, жеткілікті деп есептелінеді.

Болашақтағы төлем қабілеттілікті бағалау үшін ұйым активтерінің ақша қаражаттарына айналу жылдамдағын және соған дайын екендігін көрсететін өтімділіктің статикалық көрсеткіштері кеңінен қолданылады. Олар:

1. Абсолютті өтімділік коэффициенті:

$K_{аө} = \text{ақша қаражаттары} + \text{қысқа мерзімді инвестициялар} /$
 $\text{қысқа мерзімді міндеттемелер сомасы.}$

Бұл коэффициент баланс жасалған күнде немесе жақын уақыт аралығында ҚММ қандай бөлігі қолда бар ақша қаражаттары есебінен өтелетіндігін көрсетеді. Оның мөлшері жоғары болған сайын, қарыздарды өтеу кепілдігі жоғары болады. Бұл көрсеткіш көбінесе жеткізушілерді қызықтырады (0,25-ке тең немесе одан жоғары): $K \geq 0,2 - 0,5$.

2. Аралық жабу коэффициенті:

$K_{жабу} = \text{ақша қаражаттары} + \text{қысқа мерзімді қаржылық}$
 $\text{инвестициялар} + \text{қысқа мерзімді дебиторлық қарыздар} /$
 $\text{қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер (қысқа мерзімді банктік қарыздар, банктік емес несие-қаржы мекемелерінен алынған несиелер).}$

Бұл коэффициент ҚММ қандай бөлігі тек ақша қаражаттары есебінен ғана емес, сонымен бірге дебиторлардан түсетін қаражаттар есебінен жабылатындығын көрсетеді.

Мәні 0,7-1 аралығында болған тиімді.

3. Ағымдық өтімділік коэффициенті (2-ге тең немесе одан көп; 1:1 қатынас): $K_{aғ\text{ө}} = \text{ҚМА} / \text{ҚММ}$.

Ол қысқа мерзімді міндеттемелерді қысқа мерзімді активтермен жабу деңгейін және ұйымның төлем мүмкіндіктерін көрсетеді (қорларды сату есебінен де).

Барлық ұйымдар үшін осы көрсеткіштің жалпы шамасын негіздеу мүмкін емес, себебі ол қызмет сферасына, активтердің құрылымы мен сапасына, өндіріс-коммерциялық цикл ұзақтығына, кредиторлық берешекті жабу жылдамдығына тәуелді. Сол үшін ұйымды осы көрсеткіш деңгейіне байланысты салыстыруға болмайды. Оны тек ұйымның динамикасын зерттегенде пайдалану керек.

Бақылау сұрақтары:

1. Ұйымның қаржылық жағдайын талдау мен міндеттері қандай?
2. Экспресс-талдау дегеніміз не және ол қандай мүмкіндіктер береді?
3. Ұйым активтерінің құрамы мен құрылымын талдау қалай жүзеге асырылады?
4. Ұйым активтерінің пайда болу көздерін талдау әдістемесі қандай?
5. Ұйымның төлем қабілеттілігі дегенді қалай түсінесіз?
6. Төлем қабілеттіліктің динамикалық және статикалық көрсеткіштері қалай есептеледі?
7. Баланс өтімділігі дегенді қалай түсінесіз?
8. Баланс активі мен пассивінің баптары өтімділігі мен төлем жеделдігіне қарай қалай топтастырылады?
9. Жалпы өтімділік коэффициенті қалай анықталады?
10. Актив және пассив баптарын топтастырып, оларды өзара салыстырудың мәні неде?

Тәжірибелік тапсырмалар

1-тапсырма.

Кесте мәліметтері бойынша жалпы төлем қабілеттілік коэффициентін анықтаңыз, сәйкес қорытындылар жасаңыз.

Көрсеткіштер	2016 жыл	2017 жыл	Ауытқу	
			Сомасы, мың теңге	Қатысты ауытқу, %
1	2	3	4	5
1. Қысқа мерзімді активтер: ақша қаражаттары, мың тг	9971	26549		

1	2	3	4	5
2. Қысқа мерзімді (жедел) міндеттемелер, 3. мың тг	3212122	4723277		
4. Төлем қабілеттілік коэффициенті				

2-тапсырма.

Кесте мәліметтері бойынша төлем қабілеттіліктің статикалық көрсеткіштерін анықтаңыз, сәйкес қорытындылар жасаңыз.

Көрсеткіштер	2016 жыл	2017 жыл	Нормативті мәні
Ақша қаражаттары, мың тг	9971	26549	
Дебиторлық берешек, мың тг	1357789	1261110	
Қысқа мерзімді активтер жиыны, мың тг	3392373	4204200	
Қысқа мерзімді міндеттемелер, мың тг	4864707	5461095	
Абсолютті өтімділік			$K_{a.o} > 0,2/0,5$
Аралық өтімділік			$K_{ap.o} > 1$
Ағымдағы өтімділік			$K_{ж.ө} > 2$

3-тапсырма.

Компанияның балансы бойынша көлденең талдау жасап, қорытынды келтіріңіз.

Баланс баптары	2016 жыл	2017 жыл	Ауытқу	
			Сомасы, мың теңге	Қатысты ауытқу, %
Баланс валютасы	3649753	4466694		
Қысқа мерзімді активтер	3392373	4204200		
Ұзақ мерзімді активтер жиыны	257380	262494		
Қысқа мерзімді міндеттемелер	4864707	5461095		
Капитал	-1214454	-994901		

4-тапсырма.

Компанияның балансы бойынша көлденең талдау жасап, қорытынды келтіріңіз.

Баланс баптары	2016 жыл	2017 жыл	2016 жыл, үлесі %	2017 жыл, үлесі %
Баланс валютасы	3649753	4466694		
Қысқа мерзімді активтер	3392373	4204200		
Ұзақ мерзімді активтер жиыны	257380	262494		
Қысқа мерзімді міндеттемелер	4864707	5461095		
Капитал	-1214454	-994901		

5-тапсырма.

Кесте мәліметтері бойынша активтер мен пассив баптарының топтарын өзара салыстырыңыз, төлем артықшылығын (жетіспеушілігін) және баланс өтімділігінің жалпы коэффициентін анықтаңыз.

Актив	Жыл басы	Пассив	Жыл соңы	Төлем жетіспеушілігі / артықшылығы
A ₁	247695	П ₁	148603	
A ₂	301900	П ₂	4082003	
A ₃	157567	П ₃	124868	
A ₄	2678091	П ₄	-970221	
Баланс	3385253	Баланс	3385253	

8. ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ

8.1. Қаржылық тұрақтылық түсінігінің экономикалық мәні

Нарықтық экономика жағдайындағы ұйым тұрақтылығы оның бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың маңызды факторларының бірі болып табылады. Басқаша айтқанда, ұйымның тұрақты қызмет етуінің кепілі – оның тұрақтылығы. Енді осы түсініктің экономикалық мәнін ашуға тырысайық.

Үлкен экономикалық сөздікте бұл түсінікке келесідей анықтама берілген: «Тұрақтылық – беріктік, ауытқымау, жоғалтулар мен зияндылық тәуекелділіктеріне шалдықпайтын».

Экономикалық әдебиеттерде тұрақтылық түсінігі келесідей түрде түсіндіріледі:

1. Тұрақтылық – саясат, экология, демография, экономика, технология сияқты жүйе элементтерімен өзара байланыста көрінетін жүйелілік категориясы. Екі жүйелік элементтің арасындағы байланыстардың үзілуі дағдарыстық жағдайларға және жүйенің барлық элементтерінің арасындағы байланыстардың үзілуіне әкеледі. Осылайша, әлеуметтік-саяси және экономикалық терең дағдарыстар пайда болады.

2. Тұрақтылықта қандай да бір күшті басқаратын «генетикалық код» бар, бұл құбылыстардың қайта қалпына келуіне және дамуына әсер етеді. Тоқыраудың орнына келетін экономикалық өсу – бұл ішкі жүйелік байланыстардың қайта қалпына келуіне мүмкіндіктер беретін нәтиже.

3. Тұрақтылық – бұл динамикалық категория. Тек қана уақыт бойынша құбылыстарды бақылау арқылы тұрақты немесе тұрақсыз даму туралы айтуға болады. Тұрақтылық әрқашан да уақыттық сипаттармен анықталады. Өндірістің тоқырауы тұрақтылықты көрсетпейді, бірақ одан кейін тұрақты даму үшін қажетті платформаны құрады.

Сонымен, «тұрақтылық» – бұл қаржы-шаруашылық қызмет процесінде қалыптасатын, көптеген факторлар әсер ететін кешенді түсінік.

Ұйым тұрақтылығын көрсететін, экономистер қолданатын анықтамаларды келесідей белгілері бойынша үш топқа біріктіруге болады:

- ұзақ уақыт бойы сыртқы әсер етулерге төтеп бере алатын ұйым қабілеттілігінің бар болуы;
- ұйымның дамуына мақсатты тұжырымдаудың бар болуы;
- ұйымның бір қалыпты жағдайының болуы.

Көрсетілген барлық белгілер, сөзсіз түрде тұрақтылық түсінігіне жатады. Осы айтылғандарды біріктіре отырып, авторлар ұйымның тұрақты дамуын даму, қозғалыс тұрғысынан қарастырады. Ал қозғалыстың негізінде процесс болатындығы белгілі. Сондықтан да тұрақтылық қандай да бір белгілер немесе сипаттар арқылы емес, керісінше ұйым ішінде болып жатқан процесстер арқылы анықталады.

Нарықтық экономикада қызмет ететін ұйымдар үшін тұрақтылық ең алдымен *жалпы* болып табылады.

Нарық жағдайында ұйымның жалпы тұрақтылығы, әдетте өнімдерді сату мен қызметтер көрсетуден жеткілікті мөлшерде табыс алуды талап етеді. Демек, ұйымның жалпы тұрақтылығы ең алдымен табыстардың шығыстардан көп болуын қамтамасыз етуді талап ететді.

Ұйымның жалпы тұрақтылығының келесідей түрлері бар:

- маркетингтік;
- өндірістік;
- әлеуметтік;
- экологиялық;
- қаржылық.

Маркетингтік тұрақтылыққа әсер ететін факторларға келесілер жатады:

- жарнама. Өнімді неғұрлым көп жарнамалаған сайын, оған деген сұраныс артады. Бұл ұйым үшін жақсы жағдай болып табылады;
- тұтынушылардың табыс деңгейі. Тұтынушылардың табыстары көп болса, ұйым тұрақтылығының деңгейі де жоғары болады;
- сұраныс пен ұсыныстың болуы. Сұраныс – бұл өнім сапасының көрсеткіші. Ол жоғары болған сайын, ұйым үшін

жақсы болады. Ал нарықтағы тауарға деген сұраныс ұсынысты жоғарылатады.

Өндірістік тұрақтылыққа әсер ететін факторлар:

– шикізаттар мен материалдар қорының көп болуы, ұйымның өндірістік аспектідегі тұрақтылығын көрсетеді;

– өндіріс көлемі және өнімдер шығару. Егер ұйымда сұранысы жоғары шығарылатын өнімдер көлемі жоғары болса және ол ұйымға пайда әкелсе, онда бұл ұйым өндірістік тұрғыдан тұрақты деп саналады;

– жаңа технологияларды қолдану. Егер ұйым өнім өндіру барысында жаңа технологияларды қолданса, онда өнім жоғары сапалы, ал ұйым тұрақты болып табылады;

– өнімдерді сату. Дайын өнім өз сатып алушысын неғұрлым тезірек табуы керек, олай болмаған жағдайда ұйым оларды сақтау және модернизациялау үшін өзінің қаражаттарын жоғалтады.

Әлеуметтік тұрақтылыққа әсер ететін факторлар қатарына келесілер жатады:

– білім деңгейі. Ұжымның білімділік деңгейі жоғары болған жағдайда, тез және өте аз шығындармен алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге болады;

– жұмыс күші нарығы. Жұмыс күшінің ұсынысы жоғары болған сайын, жұмысшылар соғұрлым жақсы жұмыс істейді;

– еңбекақы және еңбек жағдайы. Адамдардың қандай жағдайда жұмыс істегендеріне байланысты, оларға олардың еңбектері төленеді. Соған байланысты сол адамдардың жағдайы жақсарайды, сәйкесінше әлеуметтік тұрақтылық жоғарылайды;

– демографиялық мәселелер. Елдегі туу неғұрлым жоғары болған сайын, елдегі демографиялық жағдай жақсарайды.

Экологиялық тұрақтылыққа әсер ететін факторларға төмендегілер жатады:

– табиғатты сақтау қызметі. Табиғатты сақтау бойынша қызметтерді жүзеге асыра отырып, кейбір ұйымдар экологиялық жағдайды жақсартуға әсер ететін болады;

– техногендік факторлар. Бұл факторлар қоршаған ортаға ғана кері әсер етіп қоймай, сонымен бірге олардың салдарларын жоюға көп қаражаттар бөлуді талап етеді.

Жалпы тұрақтылықтың басты және негізгі компоненті – *қаржылық тұрақтылық*. Себебі ұйымның жетістікпен жұмыс

істеуіне әсер ететін маңызды факторлардың бірі қаржылық тұрақтылық болып табылады. Өйткені жеке алып қарастырылған ұйымдардың қаржылық тұрақтылығына жалпы мемлекеттің тұрақтылығы тәуелді болатыны белгілі.

Қаржылық тұрақтылықты талдау белгілі бір есептік кезең ішінде ұйым өзінің қаржылық ресурстарын қаншалықты деңгейде дұрыс басқарғандығын анықтауға мүмкіндіктер береді.

Ұйымның қаржылық ресурстары жағдайының нарық талаптарына сәйкес келуі және ұйымның даму қажеттіліктеріне жауап беруі маңызды болып табылады. Бұл қаржылық тұрақтылықтың төмен болуы ұйымның төлем қабілетсіздігіне әкелуінің бірден-бір себебі екендігін білдіреді. Сонымен, қаржылық тұрақтылықтың мәні қаржылық ресурстарды тиімді қалыптастырумен, бөлумен және пайдаланумен анықталады. Демек, қаржылық тұрақтылық – бұл серіктестің сенімділік критерийі. Оны әртүрлі авторлар түрлі белгілері бойынша қарастыратын көрсеткіштердің белгілі бір жүйесі сипаттайды және қаржы-шаруашылық қызмет процесінде қалыптасатын, көптеген факторлар әсер ететін кешенді түсінік. Қаржылық тұрақтылық түсінігінің теориялық схемасын келесі сурет түрінде көрсетуге болады.



6-сурет. Қаржылық тұрақтылық түсінігінің теориялық схемасы

8.2. Ұйымның қаржылық тұрақтылығына әсер ететін факторлар

Ұйымның қаржылық тұрақтылығы ұйым өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық ортаның тұрақтылығы ретінде қарастырыла отырып, сонымен бірге ол ұйым қызметінің нәтижесі мен ішкі және сыртқы факторлардың өзгеруіне де тәуелді болады.

Ұйымның қаржылық тұрақтылығына әртүрлі факторлар әсер етеді:

- ұйымның тауар нарығындағы орны;
- сатып алушылар тарапынан сұранысқа ие рентабельді өнімдерді өндіру және сату;
- іскерлік қарым-қатынастағы ұйымның потенциалы;
- ұйымның кредиторлар мен инвесторларға тәуелділік деңгейі;
- төлем қабілеттілігі жоқ дебиторлардың болуы;
- ұйымның жүзеге асырып отырған шаруашылық және қаржылық операцияларының тиімділігі.

Қаржылық тұрақтылыққа әсер ететін факторларды екі топқа жіктеуге болады:

I. Қаржылық тұрақтылыққа әсер ететін ішкі факторлар:

- ұйымның салалық ерекшелігі;
- өндірілетін өнімдердің немесе көрсетілетін қызметтердің құрамы мен құрылымы, олардың жалпы төлем қабілеттілігі бар сұраныстағы үлесі;
- шығындардың көлемі және құрылымы, ақшалай табыстармен салыстарғанда олардың динамикасы;
- төленген жарғылық капиталдың мөлшері;
- ұйымның мүлктік жағдайы;
- ұйымның қаржылық ресурстарының құрамы мен құрылымы;
- өндірісті ұйымдастыру мен басқару технологиясы және моделі.

II. Ұйымның қаржылық тұрақтылығына әсер ететін сыртқы факторлар қатарына келесілер жатады:

- шаруашылықты жүргізуге жасалған экономикалық шарттар;

- қоғамдағы техника мен технологияның даму деңгейі;
- тұтынушылардың төлем қабілетті сұранысы;
- мемлекеттің жүргізіп отырған экономикалық, қаржылық және несиелік саясаттары;
- үкіметтің қабылдайтын шешімдері;
- ұйым қызметін реттейтін және оған бақылау жасайтын заңнамалық актілер;
- жалпы саяси және экономикалық тұрақтылық;
- салық және несие саясаты;
- бәсеке;
- қаржы нарығының даму деңгейі;
- валюта бағамдарының өзгеруі;
- серіктестермен орнатылған экономикалық байланыстар және т.б.

Экономикалық әдебиеттерде ұйымдардың қаржылық тұрақтылықтарына әсер ететін сыртқы факторларға толығырақ сипаттама беріп өтейік:


1. Экономикалық факторлар: ел экономикасының дағдарыстық жағдайы, жалпы өндірістің тоқырауы, инфляция, қаржы жүйесінің тұрақсыздығы, ресурстар бағаларының шамадан тыс өсуі, нарық конъюнктурасының өзгеруі, серіктес ұйымдардың төлем қабілеттіліктерінің болмауы және банкрот болуы.

2. Саяси факторлар: қоғамдағы саяси тұрақсыздық, мемлекеттің жүргізіп отырған сыртқы экономикалық саясаты, экономикалық байланыстардың үзілуі, сату нарығын жоғалту, экспорт және импорт шарттарының өзгеруі, шаруашылық кұқық, монополияға қарсы саясат, кәсіпкерлік қызмет туралы заңнамалық актілердің жетілмеуі және т.б. Ұйым мемлекеттік реттеу саласындағы күтпеген өзгерістер әсерінен де қиыншылықтарға тап болуы мүмкін.

3. Ғылыми-техникалық прогрестің дамуымен байланысты халықаралық бәсекелестіктің күшеюі.

4. Демографиялық факторлар: халықтың саны және құрамы, қажеттіліктерінің мөлшері және құрылымы, халықтың төлем қабілеттілігі бар сұранысы.

Келесі кезекте тұрақтылыққа қаржылық талдау жасау үшін қолданылатын көрсеткіштер жүйесіне сипаттама берейік. Ол үшін ең алдымен қаржылық тұрақтылыққа талдау жүргізу кезеңдеріне сипаттама берейік.



7-сурет. Ұйымның қаржылық тұрақтылығына талдау жүргізу кезеңдері

В.В. Ковалев тұрақтылықты қаржылық талдау үшін капитализациялау және жабу коэффициенттері деп аталатын көрсеткіштердің екі тобын бөліп қарастырады.

Бірінші топқа келесідей коэффициенттерді жатқызады:

- меншікті капиталдың шоғырлануы;
- сырттан тартылған капиталдың шоғырлануы;
- капитализацияланған қаражаттардың қаржылық тәуелділігі;
- капитализацияланған қаражаттардың қаржылық тәуелсіздігі;
- қаржылық левиридж деңгейі.

В.В. Ковалев пікірі бойынша, екінші топқа пайыздар мен салықтарды төлегенге дейінгі пайданы тұрақты қаржылық шығындар көлемімен салыстыру арқылы есептелетін көрсеткіштер жатады.

Ал ұйымның қаржылық тұрақтылығын бағалау үшін көптеген зерттеулер жүргізген Г.В. Савицкая мүлдем басқа көрсеткіштер қолдану керектігін ұсынады. Олардың қатарына келесідей көрсеткіштер жатқызылады:

- капиталдың бар болуы және оның орналасуы, капиталды пайдаланудың тиімділігі және интенсивтілігі;
- ұйым пассивтері құрылымының оңтайлылығы, оның қаржылық тәуелсіздігі және қаржылық леверидж деңгейі;
- ұйым активтері құрылымының оңтайлылығы және өндірістік тәуекелділік деңгейі;
- айналым активтерін қалыптастыру көздері құрылымының оңтайлылығы;
- ұйымның төлем қабілеттілігі және инвестициялық тартымдылығы;
- ұйымның банкрот болу тәуекелділігі;
- ұйымның қаржылық тұрақтылығының қоры (сату көлемінің зиянсыздық нүктесі).

Г.В. Савицкая көзқарасы бойынша қаржылық тұрақтылықты сипаттайтын көрсеткіштер қатарына келесілер жатады:

- қаржылық автономия коэффициенті немесе баланс валютасындағы меншікті капиталдың үлес салмағы;
- қаржылық тәуелділік коэффициенті немесе баланс валютасындағы қарыздық капиталдың үлесі;
- қаржылық тәуекелділік коэффициенті немесе қарыздық капиталдың меншікті капиталға қатынасы.

Танымал Ресей экономистерінің бірі Н.А. Русак қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерін төрт топқа біріктіріп қарастырады.

1. Сыртқы қарыздық қаражаттарға қаржылық тәуелсіздікті сипаттайтын капитал құрылымының көрсеткіштері.

2. Айналым қаражаттарының жағдайын сипаттайтын көрсеткіштер.

3. Айналымнан тыс қаражаттарының жағдайын сипаттайтын көрсеткіштер.

4. Ұйымның несиелер бойынша пайыздарды төлеуге қабілеттілігін сипаттайтын көрсеткіштер.

А.И. Ковалев пен В.П. Привалов қаржылық тұрақтылыққа талдау жасау үшін қолданылатын көрсеткіштер жүйесін үш топқа бөліп қарастырады, олар:

1-топ: Меншікті және қарыздық қаражаттардың өзара қатынастарын сипаттайтын көрсеткіштер жүйесі. Олар бұл көрсеткіштер жүйесіне келесідей коэффициенттерді кіргізеді: қаржылық автономия коэффициенті, қаржылық тәуелділік коэффициенті, инвестицияларды жабу коэффициенті.

Ұйым мысалында осы көрсеткіштерді анықтау үшін келесі кестені құрастырамыз.

33-кесте

Серіктестіктің қаржылық тұрақтылығының қатысты көрсеткіштері

Қаржылық тұрақтылықтың қатысты көрсеткіштері	2016 жыл	2017 жыл
1. Баланс валютасы, мың теңге	3649753	4466694
2. Меншікті капитал, мың теңге	-1214954	-994401
3. Сырттан тартылған капитал, мың теңге	4864707	5461095
4. Қысқа мерзімді активтер, мың теңге	3392373	4204200
5. Ұзақ мерзімді активтер, мың теңге	257380	262494
6. Меншікті айналыс капиталы (қаражаттары), мың теңге	- 1472334	- 1256895
Қаржылық автономия (тәуелсіздік) коэффициенті (2 / 1)	-0,332886636	-0,222625727
Тәуелділік коэффициенті (3 / 1)	1,332886636	1,222625727
Қаржыландыру коэффициенті (2 / 3)	0,750251351	0,817911792
Сырттан тартылған және меншікті капиталдың қатынасы коэффициенті (3 / 2)	-4,004025667	-5,491843834
Қаржылық тұрақтылық коэффициенті (инвестицияларды жабу коэффициенті) (Капитал + ҰММ / Баланс валютасына)	1	1

Кесте мәліметтері серіктестік қызметінің өте қауіпті жағдайда екендігін көрсетеді. Себебі тәуелсіздік коэффициенті қаншалықты төмен болса, соншалықты тәуелділік коэффициенті жоғары болып отыр.

2-топ: Айналым қаражаттарының жағдайын сипаттайтын көрсеткіштер жүйесі. Бұл көрсеткіштерді есептеу үшін келесідей коэффициенттерді ұсынады:

– ағымдағы активтердің меншікті айналым қаражаттарымен қамтамасыз етілу коэффициенті;

- тауарлы-материалдық қорлардың меншікті айналым қаражаттарымен қамтамасыз етілу коэффициенті;
- тауарлы-материалдық қорлар мен меншікті айналым қаражаттарының өзара қатынас коэффициенті;
- тауарлы-материалдық қорларды жабу коэффициенті;
- меншікті капиталдың маневрлену коэффициенті.

Меншікті айналым капиталының бар болуы ($M_{\text{айн.к.}}$). Бұл көрсеткіш меншікті капитал мен ұзақ мерзімді активтердің арасындағы айырма ретінде анықталады. Ол меншік айналым қаражаттарын сипаттайды. Алдыңғы кезеңмен салыстырғанда оның көбеюі ұйым қызметінің болашақтағы дамуын көрсетеді. Құрылысына қарай меншікті айналым капиталының бар болуын былай жазуға болады:

$$M_{\text{айн.к.}} = MK - YMA,$$

мұндағы MK – меншікті капитал; YMA – ұзақ мерзімді активтер.

$M_{\text{айн.к.}}$ көрсеткіші бірқатар маңызды талдау коэффициенттерін есептеп табу үшін пайдаланылады: кәсіпорынның ағымдағы активтерін жабу коэффициенті (бұл көрсеткіштің нормативті мәні 0,1-ден төмен болмау керек), тауарлы-материалдық қорларды жабу коэффициенті (бұл көрсеткіштің нормативті мәні 0,6-дан төмен емес) және т.б.

«А» ЖШС меншікті айналым капиталының көрсеткіші келесідей:

2016 жылы: $K = -1214954 - 257380 = -1472334$ мың теңге;

2017 жылы: $K = -994401 - 262494 = -1256895$ мың теңге.

Тауарлы-материалдық қорлардың меншікті және ұзақ мерзімді қарыздың қалыптасу көздерінің бар болуы ($M_{\text{а.к./үз.}}$).

Бұл көрсеткіш алдындағы көрсеткішті, яғни меншікті айналым капиталы мен ұзақ мерзімді міндеттемелер сомасын қосу жолымен келесі формула арқылы анықталады:

$$M_{\text{а.к./үз.}} = M_{\text{айн.к.}} + YMM,$$

мұндағы $M_{\text{айн.к}}$ – меншікті айналым капиталы; YMM – ұзақ мерзімді міндеттемелер.

«А» ЖШС тауарлы-материалдық қорлардың меншікті және ұзақ мерзімді қарыздың қалыптасу көздерінің мәні келесідей:

2016 жылы: $K = -472334 + 0 = -1472334$ мың теңге;

2017 жылы: $K = -1256895 + 0 = -1256895$ мың теңге.

Тауарлы-материалдық қорлардың негізгі қалыптасу көздерінің жалпы мөлшері алдыңғы көрсеткішті қысқа мерзімді несиелер мен қарыздар сомасына қосу жолымен, мына формула арқылы анықталады:

$$HK = M_{\text{а.к/үз}} + K_{\text{нк}},$$

мұндағы HK – негізгі көздер; $K_{\text{нк}}$ – қысқа мерзімді несиелер мен қарыздар.

«А» ЖШС тауарлы-материалдық қорлардың негізгі қалыптасу көздерінің мәні келесідей:

2016 жылы: $K = -1472334 + 451578 = -1020756$ мың теңге;

2017 жылы: $K = -1256895 + 597009 = -659886$ мың теңге.

Осы анықталған қорларды қамтамасыз етудің үш көрсеткішті қорларымен салыстыра отырып, келесі жағдайларды анықтаймыз:

1. Меншікті айналым капиталының артуы (+) немесе жетіспеушілігі (-).

2. Қорларды қалыптастырудың меншікті және ұзақ мерзімді көздерінің артуы (+) немесе жетіспеушілігі (-).

3. Қорларды қалыптастырудың жалпы көздерінің артуы (+) немесе жетіспеушілігі (-).

Қорлардың қамтамасыз ету көздерінің бар болуы арқылы ұйымның қаржылық жағдайын тұрақтылық дәрежесіне қатысты жіктеудің келесідей 4 жағдайын анықтайды:

1. Абсолютті тұрақты қаржылық жағдай келесідей теңсіздік арқылы сипатталады:

$$\text{Қорлар} < M_{\text{айн.к}} \text{ немесе } M_{\text{айн.к}} > \text{Қорлар.}$$

Бұл салыстырулар қорлардың меншікті қаражат көздері есебінен қамтамасыз етілетінін, яғни ұйым сыртқы қарыздарға тәуелсіз екендігін көрсетеді.

«А» ЖШС бойынша осы теңсіздікті тексеретін болсақ, онда:

2016 жылы: -1472334 мың теңге ~~+~~ 1195820;
2017 жылы: -1256895 мың теңге ~~+~~ 2031706.

«А» ЖШС бойынша бұл теңсіздіктің орындалмайтындығын анықтадық, яғни серіктестіктің қаржылық жағдайы абсолютті тұрақты болмайды. Шарттың орындалмауына байланысты келесі жағдайды қарастырамыз.

2. Қалыпты тұрақты қаржылық жағдай келесі теңсіздік арқылы сипатталады:

$M_{a.k/\gamma z} < \text{Қорлар} < \text{Қорлардың жалпы көздері.}$

Бұл теңсіздік қорлардың меншікті және ұзақ мерзімді көздерден кем болғанымен, жалпы негізгі көздерден кем болатындығын білдіреді.

«А» ЖШС бойынша осы теңсіздікті тексеретін болсақ, онда:

2016 жылы: -1472334 ~~+~~ 1195820 ~~-~~ -1472334.
2017 жылы: -1256895 ~~+~~ 2031706 ~~-~~ -1256895.

Серіктестік үшін бұл теңсіздіктің де орындалмайтындығын көреміз, яғни қорлар меншікті және ұзақ мерзімді қарыз қаражаттары көздерінен қаржыландырылады, сонымен қатар қарыз қаражаттарының есебінен қаржыландырылуымен қоса ұйымда әлі де өтелмеген міндеттемелерінің бар екендігі белгілі болды.

3. Тұрақсыз қаржылық жағдай келесі жағдайдың қалыптасуымен анықталады:

$\text{Қорлар} > \text{Қорлардың жалпы көздері.}$

«А» ЖШС бойынша бұл теңсіздіктің орындалуын тексереміз:

2016 жылы: 1195820 > -1020756;
2017 жылы: 2031706 > -659886.

Теңсіздіктің орындалуы серіктестіктің қаржылық тұрақсыздық жағдайы бар екендігі анықталған болатын.

3-топ: Айналымнан тыс қаражаттарының жағдайын сипаттайтын көрсеткіштер жүйесі. Оған келесідей коэффициенттерді есептеуді ұсынады:

- тұрақты активтер индексі;
- мүліктердің нақты құнының коэффициенті;
- амортизацияның жинақталу коэффициенті;
- ағымдағы активтер мен қозғалмайтын мүліктердің өзара қатынасы коэффициенті.

Осы жоғарыда айтылғандардан мынадай қорытынды шығаруға болады:

1) авторлар арасында тұрақтылыққа қаржылық талдау жасаудың бірыңғай анықталған көрсеткіштер жүйесі жоқ;

2) ұйымның қаржылық тұрақтылығын сипаттайтын көрсеткіштер жеке алып қарастырылған ұйымның, сонымен бірге жалпы қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады;

3) ұйымдардың тұрақтылығын талдау және бағалау мәселелері тек қаржылық ғана емес, сонымен қатар маңыздылығы жоғары жалпы экономикалық мәселелер қатарына жатқызылады.

8.3. Қаржылық тұрақтылықты меншікті және қарыздық капитал арақатынастарын талдау негізінде бағалау

Ұйымның қаржылық жағдайы мен тұрақтылығы көп жағдайда капиталды қалыптастыру көздері (меншікті капитал мен қарыздық капиталдың өзара қатынастарына) мен активтері (қысқа және ұзақ мерзімді активтердің өзара қатынастарына) құрылымдарының оптимальдылығына тәуелді болады.

Сондықтан да ең алдымен ұйым капиталын қалыптастыру көздерінің құрылымына талдау жасай отырып, қаржылық тұрақтылық пен қаржылық тәуекелділік деңгейлерін бағалау қажет. Осы мақсатпен келесідей көрсеткіштерге талдау жасалынады:

1. Меншікті капиталдың шоғырлану коэффициенті.
2. Қарыздық капиталдың шоғырлану коэффициенті.

3. Қаржылық тәуелділік коэффициенті.
4. Ағымдық қарыз коэффициенті.
5. Тұрақты қаржыландыру коэффициенті.
6. Капитализацияланған қаражаттардың қаржылық тәуелсіздік коэффициенті.
7. Капитализацияланған қаражаттардың қаржылық тәуелділік коэффициенті.
8. Қарыздарды меншікті капиталмен жабу коэффициенті.
9. Қаржылық леверидж немесе қаржылық тәуекел коэффициенті.

Енді осы коэффициенттердің әрқайсысының экономикалық мәндерін жеке-жеке ашып көрсетейік.

1. Меншікті капиталдың шоғырлану коэффициенті кейбір зерттеулерде қаржылық автономия немесе қаржылық тәуелсіздік коэффициенттері деп те аталады. Бұл коэффициенттің мәні ұйымның баланс валютасындағы меншікті капиталдың үлес салмағын көрсетеді. Сол арқылы ұйым активтерінің қандай бөлігі меншікті қаражаттар есебінен қалыптасып отырғанын анықтауға мүмкіндіктер береді.

Меншікті капиталдың шоғырлану коэффициенті келесі формуламен есептеледі:

$$K_{\text{авт}} = \text{Меншікті капитал} / \text{Баланс валютасы.}$$

Бұл коэффициенттің оптимальды мәні 0,5-тен жоғары болуы керек.

2. Қарыздық капиталдың шоғырлану коэффициенті ұйымның баланс валютасындағы қарыздық капиталдың үлес салмағын көрсетеді. Сол арқылы ұйым активтерінің қандай бөлігі қысқа және ұзақ мерзімді сипаттағы қарыздық қаражаттар есебінен қалыптасып отырғанын анықтауға мүмкіндіктер береді.

Қарыздық капиталдың шоғырлану коэффициенті келесі формуламен есептеледі:

$$K_{\text{төу}} = \text{Қарыздық капитал} / \text{Баланс валютасы.}$$

Бұл коэффициенттің оптимальды мәні 0,5-тен аз болуы керек.

3. Қаржылық тәуелділік коэффициенті – бұл қаржылық тәуелсіздік коэффициентіне кері көрсеткіш. Ол ұйымның меншікті қаражаттарының 1 теңгесіне активтерінің қандай сомасы келетінін сипаттайды. Егер көрсеткіштің мәні 1-ге тең болса, онда ұйымның барлық активтері тек қана меншікті капитал есебінен қалыптасқандығын көрсетеді.

Егер коэффициенттің мәні 1,5 болса, бұл жағдай активтерге салынған әрбір 1,5 теңгеге меншікті қаражаттардың 1 теңгесі келетінін көрсетеді, ал 0,5 теңге қарыздық капитал сомасы болып табылады.

Қаржылық тәуелділік коэффициенті мына формуламен есептеледі:

$$K_{\text{тәуелділік}} = \text{Баланс валютасы} / \text{Меншікті капитал.}$$

Бұл коэффициенттің оптимальды мәні 2 болуы керек.

4. Ағымдық қарыз коэффициенті – ұйым активтерінің қандай бөлігі қысқа мерзімді сипаттағы қарыздық қаражаттардан құралғандығын көрсетеді.

Осы коэффициент келесі формула бойынша есептеледі:

$$K_{\text{ағ. қарыз}} = \text{Қысқа мерзімді міндеттемелер} / \text{Баланс валютасы.}$$

5. Тұрақты қаржыландыру коэффициенті ұйым балансы активтерінің қандай бөлігі тұрақты көздер есебінен қалыптасқандығын көрсетеді. Егер ұйым айналысында ұзақ мерзімге алынған несиелер болмаса, онда осы коэффициенттің мөлшері қаржылық тәуелсіздік коэффициентінің мөлшеріне сәйкес келеді.

Тұрақты қаржыландыру коэффициенті келесі формуламен есептеледі:

$$K_{\text{ұмқт}} = \text{Меншікті капитал} + \\ + \text{Ұзақ мерзімді қарыздық капитал} / \\ \text{Баланс валютасы.}$$

Өз кезегінде ұзақ мерзімді қаржыландыру көздерінің құрылымына сипаттама беру үшін келесідей көрсеткіштерге есептеулер жүргізіледі және талдаулар жасалады.

6. Капитализацияланған қаражаттардың қаржылық тәуелсіздік коэффициенті келесі формуламен есептеледі:

$$K_{\text{кап тәуелсіздік}} = \frac{\text{Меншікті капитал}}{\text{Меншікті капитал} + \text{Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер}}$$

7. Капитализацияланған қаражаттардың қаржылық тәуелділік коэффициентінің мәнінің жоғары болуы, бір жағынан, сыртқы кредиторларға тәуелділіктің күшейгендігін көрсетсе, ал екінші жағынан, ұйымның қаржылық сенімділік деңгейін және банктер тұрғысынан ұйымға деген сенімділік деңгейін көрсетеді.

Капитализацияланған қаражаттардың қаржылық тәуелділік коэффициенті келесі формуламен есептеледі:

$$K_{\text{кап тәуелсіздік}} = \frac{\text{Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер}}{\text{Меншікті капитал} + \text{Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер}}$$

8. Қарыздарды меншікті капиталмен жабу коэффициенті төлем қабілеттілік коэффициенті деп те аталады. Көрсеткіштің мәні келесі формуламен есептеледі:

$$K_{\text{жабу}} = \frac{\text{Меншікті капитал}}{\text{Қарыздық капитал}}$$

9. Қаржылық леверидж немесе қаржылық тәуекел коэффициенті қарыздық капиталдың меншікті капиталға қатынасын көрсетеді және келесі формула бойынша есептеледі:

$$K_{\text{жабу}} = \frac{\text{Қарыздық капитал}}{\text{Меншікті капитал}}$$

Егер бұл көрсеткіштің мәні 1-ден жоғары болса, онда ұйымның қарыздық капиталға деген тәуелділігінің бар екенін білдіреді.

Осы коэффициент ұйымның қаржылық тұрақтылығын көрсететін негізгі индикаторлардың бірі болып саналады. Оның мәні неғұрлым жоғары болған сайын осы ұйымға салынған капитал тәуекелділігінің жоғары екендігін көрсетеді.

Ұйымның капитал құрылымында болған өзгерістерді бағалау инвесторлар мен ұйым тұрғысынан алып қарағанда әртүрлі болуы мүмкін. Банктер мен басқа да кредиторлар үшін егер клиенттің капиталындағы меншікті капиталдың үлесі неғұрлым жоғары болса, онда ол ұйым соғұрлым сенімді болып табылады. Бұл қаржылық тәуекелді азайтады.

Ұйымдар екі себептің әсерінен қарызға капитал тартуға қызығушылық танытады:

1. Қарыздық капиталға есептелетін пайыз шығыс ретінде қарастырылады және салық салынатын пайданың құрамына кірмейді;

2. Пайыздарды төлеу бойынша шығыстар әдетте ұйым айналысында қарыздық капиталды пайдаланудан алынған пайдадан төмен болады, нәтижесінде меншікті капиталдың рентабельділігі артады.

Нарықтық қатынастар жағдайында ұйымдардың меншікті капиталының үнемі ұлғаюы ұйымның қаржылық жағдайының жақсарғандығын білдірмейді. Керісінше, қарыздық капиталды пайдалану ұйымның икемділігін, оның несие алу және оны қайтару қабілеттілігін көрсетеді, яғни іскерлік әлемдегі оған деген сенімділікті жоғарылатады.

Жоғарыда қарастырылған көрсеткіштердің ішінде неғұрлым жалпылаушы көрсеткіш қаржылық леверидж коэффициенті болып табылады. Қалған барлық көрсеткіштер қандай да бір мөлшерде оның мөлшерін анықтайды.

Қарыздық және меншікті капиталдың арақатынастарының нормативі тәжірибеде нақты белгіленбеген. Олар экономиканың әртүрлі салаларындағы ұйымдар үшін бірдей болуы мүмкін емес. Ұйым активтерін қалыптастыруда меншікті және қарыздық капиталдың үлесі және қаржылық леверидж деңгейі ұйымның салалық ерекшеліктеріне тәуелді болады.

Капитал айналысы жай және айналымнан тыс активтерінің үлесі жоғары болатын салаларда қаржылық леверидж коэффициенті жоғары болуы мүмкін емес. Ал капитал айналымы жоғары және ұзақ мерзімді активтерінің үлесі төмен болатын ұйымдарда оның мөлшері жоғары болуы мүмкін.

Қаржылық леверидж коэффициентінің деңгейі тауарлар және қаржы нарықтарының конъюнктурасына, ұйымның негізгі

қызметінің рентабельділігіне, ұйымның өмірлік циклінің сатыларына, оның қаржылық стратегиясына тәуелді болады.

Қаржылық автономия, қаржылық тәуелділік және қаржылық леверидж коэффициенттерінің нормативтік мәнін анықтау үшін ұйым активтерінің құрылымына және ұйымды қаржыландырудың жалпы қабылданған тәсілдеріне мән беру керек. Осы мақсат үшін келесі кесте деректерін қолданамыз.

34-кесте

Ұйым активтерін қаржыландыру тәсілдері

Активтердің түрлері	Активтерді қаржыландыру тәсілдері		
	агрессивті	бірқалыпты	консервативті
Ұзақ мерзімді активтер	40 % – Ұзақ мерзімді қарыздық капитал 60 % – Меншікті капитал	30 % – Ұзақ мерзімді қарыздық капитал 70 % – Меншікті капитал	20 % – Ұзақ мерзімді қарыздық капитал 80 % – Меншікті капитал
Қысқа мерзімді активтердің тұрақты бөлігі	50 % – Ұзақ мерзімді қарыздық капитал 50 % – Меншікті капитал	20 % – Ұзақ мерзімді қарыздық капитал 80 % – Меншікті капитал	100 % – Меншікті капитал
Қысқа мерзімді активтердің ауыспалы бөлігі	100 % – Қысқа мерзімді қарыздық капитал	100 % – Қысқа мерзімді қарыздық капитал	50 % – Меншікті капитал 50 % – Қысқа мерзімді қарыздық капитал

Қысқа мерзімді активтердің тұрақты бөлігі – ұйымның операциялық қызметін жүзеге асыру үшін қажетті ең төменгі мөлшер. Оның мөлшері маусымдық өзгерістерге, өнімдерді өндіру және сату көлеміне байланысты болмайды. Әдетте, ол толығымен меншікті капитал және ұзақ мерзімді қарыздық капитал есебінен қаржыландырылады.

Қысқа мерзімді активтердің ауыспалы бөлігі – қызмет көлемінің маусымдық өзгерістеріне байланысты ауытқулар болып тұратын бөлік. Ол қысқа мерзімді қарыздық капитал есебінен қаржыландырылады. Ал консервативтік тәсіл кезінде меншікті капитал есебінен де бір бөлігі қаржыландырылуы мүмкін.

Сонымен, қаржылық леверидж коэффициентінің динамикасы келесідей факторлардың өзгеруіне тікелей байланысты:

1. Ұйым активтерінің құрылымына байланысты (ұзақ мерзімді активтердің үлес салмағының ұлғаюына және қысқа мерзімді активтердің азаюына байланысты қаржылық леверидж коэффициенті төмендейді, ал керісінше жағдай орын алғанда жоғарылайды).

2. Жүргізіліп отырылған қаржылық саясатқа байланысты (агрессивті, бірқалыпты, консервативті).

Сонымен, қаржылық тұрақтылықты есептеу үшін қолданылатын коэффициенттердің ішінде қаржылық леверидж коэффициенті пайда мен меншікті капитал мөлшерінің өзгеруіне де әсерін тигізеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Қаржылық тұрақтылық түсінігінің мәні неде?
2. Қаржылық тұрақтылыққа қандай факторлар ықпал етеді?
3. Қаржылық тұрақтылықты бағалаудың қандай әдістерін білесіз?
4. Қаржылық тұрақтылықты меншікті және қарыз капиталы көрсеткіштерінің өзара қатынасы арқылы бағалау қалай жүзеге асырылады?
5. Қаржылық тұрақтылықты арттырудың қандай жолдары бар деп ойлайсыз?

Тәжірибелік тапсырмалар

1-тапсырма.

«А» ЖШС қаржылық тұрақтылығының қатысты көрсеткіштерін анықтап, қорытынды жасаңыз.

1	2	3	4
1. Қаржылық тұрақтылықтың қатысты көрсеткіштері	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл
2. Баланс валютасы, мың теңге	87911	95761	113764
3. Меншікті капитал, мың теңге	38107	57986	77865
4. Ұзақ мерзімді міндеттемелер, мың теңге	49804	37775	35899
5. Қысқа мерзімді активтер, мың теңге	36060	30628	32619
6. Ұзақ мерзімді активтер, мың теңге	51851	65133	81145
7. Меншікті айналыс капиталы (қаражаттары), мың теңге	-13744	-7147	-3280

1	2	3	4
8. Қорлар, мың теңге	21905	7795	8792
Тәуелсіздік коэффициенті			
Тәуелділік коэффициенті			
Қаржыландыру коэффициенті			
Тартылған және меншікті капиталдың қатынасы коэффициенті			
Қаржылық тұрақтылық коэффициенті (инвестицияларды жабу коэффициенті)			

2-тапсырма.

«А» ЖШС қорлармен қамтамасыз етілу көрсеткіштерін анықтап, ұйымның қаржылық тұрақтылығына қатысты қорытынды жасаңыз.

1. Қаржылық тұрақтылықтың қатысты көрсеткіштері	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл
2. Баланс валютасы, мың теңге	87911	95761	113764
3. Меншікті капитал, мың теңге	38107	57986	77865
4. Ұзақ мерзімді міндеттемелер, мың теңге	49804	37775	35899
5. Қысқа мерзімді активтер, мың теңге	36060	30628	32619
6. Ұзақ мерзімді активтер, мың теңге	51851	65133	81145
7. Меншікті айналыс капиталы (қаражаттары), мың теңге	-13744	-7147	-3280
8. Қорлар, мың теңге	21905	7795	8792
<i>Меншікті айналым капиталы</i>			
<i>Тауарлы-материалдық қорлардың меншікті және ұзақ мерзімді қарыздың қалыптасу көздері</i>			
<i>Тауарлы-материалдық қорлардың негізгі қалыптасу көздерінің жалпы мөлшері</i>			

3-тапсырма.

«А» ЖШС маневрлік және қорларды жабу коэффициенттерін анықтаңыз, қорытынды жасаңыз.

1	2	3	4
1. Қаржылық тұрақтылықтың қатысты көрсеткіштері	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл

1	2	3	4
2. Баланс валютасы, мың теңге	87911	95761	113764
3. Меншікті капитал, мың теңге	38107	57986	77865
4. Ұзақ мерзімді міндеттемелер, мың теңге	49804	37775	35899
5. Қысқа мерзімді активтер, мың теңге	36060	30628	32619
6. Ұзақ мерзімді активтер, мың теңге	51851	65133	81145
7. Меншікті айналыс капиталы (қаражаттары), мың теңге	-13744	-7147	-3280
8. Қорлар, мың теңге	21905	7795	8792
Маневрлік коэффициенті			
Қорларды жабу коэффициенті			

4-тапсырма.

«А» ЖШС қаржылық тұрақтылығының қатысты көрсеткіштерін анықтап, қорытынды жасаңыз.

1. Қаржылық тұрақтылықтың қатысты көрсеткіштері	2016 жыл	2017 жыл
2. Баланс валютасы, мың теңге	95761	113764
3. Меншікті капитал, мың теңге	57986	77865
4. Ұзақ мерзімді міндеттемелер, мың теңге	37775	35899
5. Қысқа мерзімді активтер, мың теңге	30628	32619
6. Ұзақ мерзімді активтер, мың теңге	65133	81145
7. Меншікті айналыс капиталы (қаражаттары), мың теңге	-7147	-3280
8. Қорлар, мың теңге	7795	8792
Тәуелсіздік коэффициенті		
Тәуелділік коэффициенті		
Қаржыландыру коэффициенті		
Тартылған және меншікті капиталдың қатынасы коэффициенті		
Қаржылық тұрақтылық коэффициенті (инвестицияларды жабу коэффициенті)		

5-тапсырма.

«А» ЖШС қорлармен қамтамасыз етілу көрсеткіштерін анықтап, ұйымның қаржылық тұрақтылығына баға беріңіз.

1	2	3
1. Қаржылық тұрақтылықтың қатысты көрсеткіштері	2016 жыл	2017 жыл
2. Баланс валютасы, мың теңге	95761	113764
3. Меншікті капитал, мың теңге	57986	77865

1	2	3
4. Ұзақ мерзімді міндеттемелер, мың теңге	37775	35899
5. Қысқа мерзімді активтер, мың теңге	30628	32619
6. Ұзақ мерзімді активтер, мың теңге	65133	81145
7. Меншікті айналым капиталы (қаражаттары), мың теңге	-7147	-3280
8. Қорлар, мың теңге	7795	8792
<i>Меншікті айналым капиталы</i>		
<i>Тауарлы-материалдық қорлардың меншікті және ұзақ мерзімді қарыздың қалыптасу көздері</i>		
<i>Тауарлы-материалдық қорлардың негізгі қалыптасу көздерінің жалпы мөлшері</i>		

9. ҰЙЫМНЫҢ БАНКРОТ БОЛУ ЫҚТИМАЛДЫЛЫҒЫН ДИАГНОСТИКАЛАУ ӘДІСТЕРІ

9.1. Банкроттық және оның негізгі пайда болу себептері

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы (№176-V ҚРЗ) Заңы бойынша келесідей негізгі ұғымдар қолданылады:

– банкрот – дәрменсіздігі заңды күшіне енген сот шешімімен белгіленген борышкер;

– банкроттық – борышкердің сот шешімімен танылған, оны таратуға негіз болып табылатын дәрменсіздігі;

– дәрменсіздік – кредиторлардың ақшалай міндеттемелер бойынша талаптарын толық көлемде қанағаттандыруға, еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдармен еңбекақы төлеу бойынша есеп айырысуды жүргізуге, салыққа және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын төлеуді қамтамасыз етуге борышкердің сот белгілеген қабілетсіздігі.

Энциклопедиялық сөздікте келтірілгендей, банкроттық (итальян сөзі *Banco* – банк және *gotto* – құлдырау) – дәрменсіз, ұйымның немесе азаматтың қаржысыз болуы, осыған орай өз міндеттемелерін төлеуге дәрменсіз болуы.

«Банкрот» ұғымы экономикалық және құқықтық қатынастардың өзара тығыз байланысын сипаттайды. Құқықтық тұрғыдан, банкроттық – ұйымның жойылуына негіз болатын төлем қабілетсіздігінің құқықтық тұрғыда танылуы. Шетелдік экономист ғалымдардың көзқарастары бойынша банкроттық – борышкердің төлем қабілетсіздігінің сотпен анықталуы немесе оның балансы құрылымының қанағаттанарлықсыз болуы.

Отандық ғалымдарымыздың пікірінше, банкроттық – *біріншіден*, экономиканы сауықтыру және кәсіпкерлер мен мемлекеттің қызығушылығын қорғау құралы. *Екіншіден*, нарықтық экономикаға тән объективті құбылыс. Демек, нарықтық қатынастар банкроттықтың орын алу мүмкіндігін анықтайды, себебі

кәсіпкерлік қызмет нәтижесін алдын ала білу мүмкін емес, сәйкесінше банкроттық жоғалтулармен байланысты тәуекел болып табылады. *Үшіншіден*, өтпелі экономика жағдайында банкроттық – төлемдерді жүзеге асыру құралы, ол ұлттық өндірушіге деген қамқорлық нышаны.

Жалпы банкроттық өзінің мәні бойынша – нарықтық экономиканың қалыпты құбылысы, бәсекелік күрестің табиғи процесі. Ол бәсекелік күрес нәтижесі ретінде өндірістің дамуын, іскерлікті ынталандырады.

Көп жағдайда «төлем қабілетсіздік» және «банкроттық» түсініктерін бір ұғым деп қарап жатады, дегенмен оларды экономикалық тұрғыда ажыратуға болады. Осы екі түсінікке тән ажырату сипаттамаларын келесі кестеде келтіреміз.

35-кесте

Төлем қабілетсіздік және банкроттық түсініктерінің экономикалық тұрғыдағы айырмашылықтары

Тән сипаттамалары	Төлем қабілетсіздік	Банкроттық
Уақытқа қатысты	динамикалық	статикалық
Өндірістің қысқа циклінде пайда болуы	анықталмайды	анықталады
Өндірістің ұзақ циклінде пайда болуы	анықталады	анықталмайды
Капиталға қатынасы бойынша	Капиталды пайдалану тиімділігін арттыру үміті бар	Капитал ресурстары таусылған
Басқару бойынша	Басқаруды күшейту мүмкіндіктері бар	Басқару мүмкіндіктері таусылған
Шығындар бойынша	Ішкі шығындар басым	Сыртқы шығындар басым

Кесте мәліметтерін талдай отырып келесідей қорытындыға келуге болады: төлем қабілетсіздік уақытша құбылыс, оның нәтижесі әрқашан ұйымның жойылуына әкеле бермейді, ұйым үшін шешілуге тиісті басты мәселе банкроттықты алдын ала диагностикалау болып табылады.

Банкрот болу тәуекелін алдын ала диагностикалау ұйымның төлем қабілетсіздігін уақытылы анықтауға мүмкіндік береді жә-

не дер кезінде қажетті шешім қабылдау арқылы ол жағдайды түзетудің және реттеудің шаруашылық механизмдерін іске қосуға болады. Осыдан соң ұйымдардың банкрот болуына алып келетін объективті және субъективті, ішкі және сыртқы себептер анықталады.

Банкроттықтың пайда болу себептері:

I. Сыртқы факторлар.

1. Экономикалық: ел экономикасының дағдарыстық жағдайы, өндірістің жалпы тоқырауы, инфляция, қаржы жүйесінің тұрақсыздығы, шикізат бағаларының өсуі, нарық конъюнктураның өзгеруі, серіктестерінің төлем қабілетсіздігі және банкротқа ұшырауы.

2. Саяси: қоғамдағы саяси тұрақсыздық, мемлекеттің сыртқы экономикалық саясаты, экономикалық байланыстардың үзілуі, экспорт және импорт шарттарының өзгеруі, монополияға қарсы саясат пен кәсіпкерлік қызметті реттеу туралы заңдардың жетілмеуі.

3. ҒТП дамуына байланысты халықаралық бәсекелестіктің күшеюі.

II. Ішкі факторлар.

1. Тиімсіз өндірістік-коммерциялық қызмет немесе тиімсіз инвестициялық саясат әсерінен меншікті айналым қаражаттарының жеткіліксіздігі.

2. Өндірісті ұйымдастыру техникасы мен технологиясының төмен деңгейі.

3. Ұйымның өндірістік ресурстарын пайдалану тиімділігінің төмендеуі, соның әсерінен өзіндік құнның жоғары болуы.

4. Аяқталмаған өндіріс, аяқталмаған құрылыс, өндірістік қорлар, дайын өнімдер қалдықтарының нормативтен жоғары болуы, соған байланысты капитал айналымдылығы бәсеңдейді және оның тапшылығы пайда болады. Бұл жағдай ұйымның кредиторлық қарыздарын көбейтеді және банкроттыққа әкеледі.

5. Ұйым клиенттерінің өз қарыздарын уақытында төлемеуі немесе банкрот болу себебінен мүлдем төлемеуі. Бұл жағдай сол ұйымның қарыз алуына әкеледі, осылайша бір ұйымның банкрот болуы екінші ұйымның банкрот болуына әкеледі.

6. Өнімдерді өткізу нарығын зерттеу, тапсырыстар портфелін қалыптастыру, өнімдердің сапасы мен бәсекеге қабілеттілі-

гін арттыру, тиімді баға саясатын жасау бойынша маркетингтік қызметті ұйымдастыру деңгейінің төмен болуынан өткізу нарығының болмауы.

7. Ұйым айналысына тиімсіз шарттармен қарыздық қаражаттарды тарту, бұл жағдай ұйымның қаржылық шығындарын көбейтуге, шаруашылықтың рентабельділігін төмендетуге әкеледі.

8. Шаруашылық қызметтің тез және бақылаусыз кеңеюі, соның нәтижесінде ұйымның қорлары, шығындары және дебиторлық қарыздары сату көлемінен тез өседі. Осы жағдай қысқа мерзімді қарыздық қаражаттар тарту қажеттілігін тудырады, ал ол өз кезегінде меншікті айналым капиталынан асып кетуі мүмкін. Нәтижесінде ұйым банктердің және басқа да кредиторлардың бақылауына алынады және банкроттыққа негіз болуы мүмкін.

9.2. Банкрот болу ықтималдылығын бағалау әдістері

Банкроттық белгілерін 2 топқа бөлуге болады:

1-топқа жақын уақытта мүмкін болатын қаржылық қиындықтар және банкроттықтың ықтималдылығы туралы куәландыратын көрсеткіштер жатады. Олар:

- сату көлемінің төмендеуі;
- төлеу мерзімі кешіктірілген кредиторлық және дебиторлық қарыздардың болуы;
- өтімділік коэффициенті мәнінің төмен болуы және оның төмендеу тенденциясының байқалуы;
- қарыздық капитал үлесінің көбеюі;
- меншікті айналым қаражаттарының тапшылығы;
- шикізаттар мен дайын өнімнің нормативтен тыс болуы;
- тапсырыстар портфелінің қолайсыз өзгеруі;
- ұйым акцияларының нарықтық құнының төмендеуі.

2-топқа ұйымның ағымдық қаржылық жағдайын дағдарыстық деп қарауға негіз болып табылмайтын, бірақ сәйкес шаралар қабылдамаған жағдайда ол көрсеткіштердің тез төмендеу мүмкіндігі туралы белгі беретін көрсеткіштер жатады. Оларға:

- ұйымның қандай да бір нарыққа тәуелділігі;
- негізгі серіктестерін жоғалту;
- басқару аппаратының тәжірибелі қызметкерлерін жоғалту;

– күрделі салымдардың жеткіліксіздігі.

Мүмкін болатын банкроттықты анықтайтын осы жүйенің артықшылығына оның жүйелілігі мен кешенділігін жатқызуға болады, ал кемшілігі – шешім қабылдаудың күрделілігі, көрсеткіштердің ақпараттық сипаты.

Нақты анықталған көрсеткіштер жүйесі:

- ағымдағы өтімділік коэффициенті;
- меншікті айналым қаражаттарымен қамтамасыз етілу коэффициенті;
- төлем қабілеттілікті қалпына келтіру немесе жоғалту коэффициенті.

Ұйым балансының құрылымын қанағаттанарлықсыз деп, ал ұйымды төлем қабілеттілігі жоқ деп тану үшін келесі шарттардың біреуі орын алуы керек:

1) ағымдағы өтімділік коэффициенті жыл соңында нормативтік мәннен төмен (2-ден төмен);

2) меншікті айналым қаражаттарымен қамтамасыз етілу коэффициенті жыл соңында нормативтік мәннен төмен (0,3-тен төмен).

Ағымдағы өтімділік коэффициенті = ҚМА / ҚММ.

Меншікті айналым қаражаттарымен қамтамасыз етілу коэффициенті = (Меншікті капитал – Ұзақ мерзімді активтер) / Қысқа мерзімді активтер.

Егер осы аталған коэффициенттің мәні нормативтен төмен болса, бірақ осы көрсеткіштердің өсу тенденциясы байқалса, онда төлем қабілеттілікті қалпына келтіру коэффициенті анықталады (6 айға тең).

$$\begin{aligned} \text{Төлем қабілеттілікті қалпына келтіру коэффициенті} &= \\ &= K_{\text{өт1}} + 6 \cdot T(K_{\text{өт1}} - K_{\text{өт0}}) / K_{\text{өтнор}}, \end{aligned}$$

мұндағы $K_{\text{өт1}}$ және $K_{\text{өт0}}$ – жыл соңындағы және жыл басындағы ағымдағы өтімділік коэффициентінің нақты мәндері; $K_{\text{өтнор}}$ – ағымдағы өтімділік коэффициентінің нормативті мәні; 6 – төлем қабілеттілікті қалпына келтіру мерзімі, аймен; T – есептік кезең, аймен.

Егер төлем қабілеттілікті қалпына келтіру коэффициенті 1-ден артық болса, онда төлем қабілеттілікті қалпына келтірудің нақты мүмкіндіктері бар.

Төлем қабілеттілікті қалпына келтіру коэффициенті 1-ден кем болса, онда жақын уақыт аралығында төлем қабілеттілікті қалпына келтірудің нақты мүмкіндіктері жоқ.

Егер ағымдағы өтімділік және меншікті айналым қаражаттарымен қамтамасыз етілу коэффициенттердің мәні нормативке тең не одан жоғары болса, бірақ осы көрсеткіштердің төмендеу тенденциясы байқалса, онда төлем қабілеттілікті жоғалту коэффициенті анықталады (3 айға тең):

$$\text{Төлем қабілеттілікті жоғалту коэффициенті} = \\ = K_{\text{өт1}} + 3 : T(K_{\text{өт1}} - K_{\text{өт0}}) / K_{\text{өтнор.}}$$

Егер төлем қабілеттілікті жоғалту коэффициенті 1-ден артық болса, онда төлем қабілеттілікті 3 ай ішінде сақтаудың мүмкіндіктері бар.

Баланс құрылымын қанағаттанарлықсыз деп, ал ұйымды төлем қабілетсіз деп тану туралы қорытынды ұйымның төлем қабілеттілігін қалпына келтірудің нақты мүмкіндіктері жоқ болған жағдайда жасалады.

Баланс құрылымы қанағаттанарлықсыз, бірақ төлем қабілеттілікті қалпына келтіру мүмкіндіктері бар болған жағдайда ұйымды төлем қабілетсіз деп тануды 6 айға дейін кешіктіруге болады.

Қаржылық тұрақтылық көрсеткіштеріне негізделген рейтингтік бағалау.

Бұл әдістің мәні ұйымдарды қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерінің нақты мәндеріне және әрбір көрсеткіштің балмен көрсетілген рейтингісіне байланысты жіктеуге негізделеді.

Көптеген авторлар ұйымдарды келесідей кластарға бөліп қарастырады:

I класс – қаржылық жағдайы тұрақты ұйымдар;

II класс – қарыздарды қайтару бойынша тәуекелі бар, бірақ әлі тәуекелді деп қарастырылмайтын ұйымдар;

III класс – проблемалық ұйымдар, яғни есептелген пайыздарды қайтару мүмкіндіктері төмен;

IV класс – қаржылық сауықтыру шаралары жүргізілсе де, банкрот болу тәуекелі жоғары ұйымдар. Кредиторлар өз қаражаттарын жоғалту тәуекеліне барады;

V класс – тәуекелі жоғары ұйымдар.

Осы белгілерге сүйене отырып, талданып отырған ұйымның қай класқа жататындығы анықталады.

Дискриминанттық фактор модельдері. Қазіргі кезде Э. Альтман, Р. Таффлер, Г. Тишоу, У. Бивер сияқты танымал шетелдік экономистердің ұсынған модельдері жиі қолданылады.

Жиі қолданылатын модель Альтманның «Z-моделі» болып табылады. Модельдің ең қарапайым түрі 2 факторлы моделі болып табылады:

$$Z = - 0,3877 + K_{\text{ағымдағы өтімділік}} \cdot (- 1,0736) + K_{\text{тәуелділік}} \cdot 0,0579.$$

мұндағы ағымдағы өтімділік және қаржылық тәуелділік коэффициенттері келесідей формулалармен анықталады:

$$K_{\text{ағымдағы өтімділік}} = \text{ҚМА} / \text{ҚММ}.$$

$$K_{\text{тәуелділік}} = \text{Сырттан тартылған капитал} / \text{Баланс валютасы}.$$

Егер $Z < 0$ болса, күйреу ықтималдығы төмен.

Егер $Z > 0$ болса, күйреу ықтималдығы жоғары.

1968 жылы Э. Альтман 22 қаржылық коэффициентті зерттей отырып, 5 факторлы Z-моделін ұсынды.

$$Z = 1,2X_1 + 1,4X_2 + 3,3X_3 + 0,6X_4 + 1,0X_5,$$

мұндағы X_1 – меншікті айналым капиталы / баланс валютасы (таза өтімді активтер көлемін анықтайды); X_2 – бөлінбеген пайда / баланс валютасы; X_3 – жиынтық пайда / баланс валютасы; X_4 – меншікті капитал / қарыздық капитал; X_5 – сату көлемі (түсім) / баланс валютасы.

Егер $Z < 1,81$ болса, онда банкроттық ықтималдылық жоғары.

Егер $Z > 2,7$ және жоғары болса, онда ықтималдылық төмен.

Э. Альтман ұсынған 5 факторлы модельдің кеңінен қолданылатындығы белгілі. Сол себепті осы модельді қолданумен байланысты нақты ұйым мысалында 2015-2017 жылдарға арналған қаржылық есептілігі негізінде банкроттық ықтималдылығын бағалаймыз.

36-кесте

**«А» ЖШС-ның банкроттық ықтималдылығын бағалау
(5 факторлы Э. Альтман моделі)**

Көрсеткіш	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл
1. Меншікті айналыс капиталы	167513	104868	145806
2. Бөлінбеген пайда	-40662	-104075	-83182
1. Сырттан тартылған капитал	4719	14253	8693
2. Меншікті капитал	173930	110517	157473
3. Баланс валютасы	178649	124770	166166
4. Сатудан алынған табыс	113076	46807	106561
5. Жиынтық пайда	78383	-60496	19300
K1 (1/4)	0,96311	0,94889	0,92591
K2 (2/4)	-0,2338	-0,9417	-0,5282
K3 (7/5)	0,43875	-0,4849	0,11615
K4 (4/3)	36,8574	7,75395	18,1149
K5 (6/4)	0,65012	0,42353	0,67669
Z мәні	25,04	3,29	12,3
Банкроттық ықтималдылығы	Z > 2,7 өте төмен	Z > 2,7 өте төмен	Z > 2,7 өте төмен

Кесте мәліметтері бойынша қарастырылып отырған ұйымның 3 жыл бойы банкроттық ықтималдылығы өте төмен екені анықталды.

Сонымен қатар 1983 жылы Э. Альтман айналыста акциялары бар ұйымдар үшін өз формуласын ұсынады.

$$Z = 0,717X_1 + 0,847X_2 + 3,107X_3 + 0,42X_4 + 0,995X_5.$$

Коэффициенттің шекті мөлшері 1,23-ке тең.

1997 жылы Р. Таффлер келесі 4 факторлы формуланы ұсынды:

$$Z = 0,53X_1 + 0,13X_2 + 0,18X_3 + 0,16X_4,$$

мұндағы X_1 – салық салынғанға дейінгі пайда / ҚММ; X_2 – ҚМА/ міндеттемелер; X_3 – ҚММ / баланс валютасы; X_4 – түсім / баланс валютасы.

Егер $Z < 0,2$ болса, онда банкроттық ықтималдылық жоғары.

Егер $Z > 0,3$ және жоғары болса, онда ықтималдылық төмен.

У. Бивер ұсынған әдістеме бойынша ұйымдар банкроттық ықтималдығына қарай 3 топқа бөлінеді:

1-топ – банкроттық ықтималдығы төмен;

2-топ – банкроттыққа дейін 5 жыл уақыты қалған ұйымдар;

3-топ – банкроттыққа дейін 1 жыл уақыты қалған ұйымдар.

У. Бивер әдістемесі бойынша есептелуге тиісті көрсеткіштер келесі кестеде келтірілді.

37-кесте

У. Бивердің банкроттық ықтималдығын бағалау көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Есептеу тәртібі	1-топ	2-топ	3-топ
1. Бивер коэффициенті	(Таза пайда + амортизация) / Қарыз капиталы	0,4 : 0,45	0,17	-0,15
2. Ағымдағы өтімділік коэффициенті	Қысқа мерзімді активтер / Қысқа мерзімді міндеттемелер	2,0 : 3,2	1,0 : 2,0	$K < 1$
1. Экономикалық рентабельділік	Таза пайда / Баланс валютасы · 100	6 : 8	4 : 6	-22
4. Қаржылық леверидж, %	Сырттан тартылған капитал / Меншікті капитал · 100	< 37	40 : 50	80-нен жоғары
5. Меншікті айналыс капиталының коэффициенті	(Капитал-УМА) / Баланс валютасы	0,4	0,3 : 0,4	0,06-ға жуық

Жоғарыда келтірілген модельдердің ешқайсысын әмбебап деп атай алмаймыз, себебі олардың қолданылуы ұйымның қаржылық есептілігіндегі ақпараттың жеткіліксіздігіне байланысты қолданылуы, әсіресе сыртқы пайдаланушылар үшін шектеулі болуы мүмкін.

Дегенмен олардың әрқайсысы пайдаланылған жағдайда ұйымның банкроттық ықтималдығын бағалау мақсатында дұрыс шешім қабылдауға ықпал ете алады.

9.3. Ұйымның қаржылық жағдайын сауықтыру шаралары

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдаудың логикалық жалғасы – ұйым қызметінің кемшіліктерін жою жолдарын іздеу.

Жағымсыз жағдайлардың ауқымына байланысты ұйым жағдайын жетілдіруге қажетті іс-әрекеттер көлемі анықталады. Жеңіл қаржылық дағдарыс кезінде ағымдағы қаржылық жағдайды бірыңғайлау, яғни ақша қаражаттарының кірістері мен шығыстарын үйлестіру жеткілікті. Ал терең қаржылық дағдарыс жағдайы қаржылық жағдайды тұрақтандырудың барлық ішкі және сыртқы механизмдерін қолдануды қажет етеді. Ұйымның жағдайы апаттық деңгейге жеткенде қаржылық жағдайды жетілдірудің жолдарын іздестіру қажет, ал табылмаған жағдайда ұйымды жою туралы шешім қабылдауға мәжбүр болады.

Ұйымның қаржылық жағдайын тұрақтандырудың ішкі механизмдері ең алдымен ұйымның ағымдағы төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге бағытталуы тиіс. Ағымдағы төлем қабілетсіздікті жою мақсатында ұйым қаржылық жағдайды жетілдіру бойынша оперативтік шаралар жүргізу, яғни ағымдағы шығыстарды азайту және кейбір активтерді сату қажет. Осыдан кейін алдағы кезеңде ұйымның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған тактикалық шаралар жүргізілуі керек. Ұйымның толық қаржылық тұрақтылығының негізгі шарты – ұзақ мерзімді қаржылық теңдікті қамтамасыз ету. Сондықтан ұйымның стратегиялық шаралары қаржылық тұрақтылықты ұзақ мерзімді уақытқа дейін сақтап тұруға бағытталуы тиіс. Ұйымды дағдарыстан алып шығу үшін қаржылық жағдайды

тұрақтандырудың ішкі және сыртқы механизмдерінің жиынтығынан құралатын ұйымды сауықтыру бойынша бизнес-жоспар жасалынады. Ұйымның қаржылық жағдайын сауықтырудың бағыттарын қарастырайық.

Қаржылық сауықтырудың сыртқы көздері:

- дәрменсіз ұйымның басқа ұйыммен қосылуы;
- банктік кредиттер және дотациялар алу;
- факторингті пайдалану;
- лизингке сатып алу.

Қаржылық сауықтырудың ішкі көздері:

- өнім сапасы мен бәсеке қабілеттілігін арттыру;
- өнімдердің өзіндік құнын азайту;
- тұрақты шығындар мөлшерін азайту;
- өндірістік әлеуетті толық көлемде пайдалану;
- уақытша пайдаланылмай жатқан мүліктерді сату;
- инвестициялық тартымдылықты арттыру.

Ұйымның материалдық техникалық базасын жаңартудың ең тиімді жолдарының бірі – лизинг. Ол инвестициялаудың бір түрі болып табылады. Ли-зингтік операциялар бойынша жедел амортизацияны пайдалану өндіріс құралдарын оперативті түрде жаңартып отыруға мүмкіндік береді.

Ұйымға үлкен табыс әкелетін тиімді жобаларды іске асыру мақсатымен кредиттер тарту да ұйымды сауықтырудың негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Меншікті капиталдың жетіспеушілігін азайтудың бір жолы оның айналымдылық жылдамдығын арттыру болып табылады.

Меншікті қаржы ресурстарының көлемін арттыру жолдары:

- тұрақты шығындар сомасын азайту;
- айнымалы шығындар сомасын азайту;
- жедел амортизацияны пайдалану;
- пайдаланылмайтын мүліктерді сату;
- сыртқы әлеуметтік және т.б. бағдарламалардан бас тарту, инвестициялық белсенділікті төмендету.

Ұйымды қаржылық сауықтырудың негізгі бағыттарының бірі өндіріс табыстылығын арттыратын ішкі резервтерді іздеу болып табылады. Оған өндіріс қуаттылығын толық пайдалану, өнімнің сапасы мен бәсеке қабілеттілігін арттыру, өзіндік құнды

азайту, материалдық, еңбек және қаржы ресурстарын үнемді пайдалану жатады.

Жоғарыда жасалынған талдау бойынша ұйымның қаржылық тәуелсіздігіне келсек, ол ұзақ мерзімді қарыздардың жоқ болуы және ұйым қызметінің негізінен меншікті капиталмен қаржыландырылуына байланысты ұйым кредиторларға тәуелді емес, яғни қаржылық тұрақты. Талдау барысында анықталған ұйымның қаржылық тұрақтылығының әлсіз жақтары негізінен төлем қабілеттілік пен рентабельділіктің төмен болуынан туындап отыр. Осыған байланысты ұйымды қаржылық тұрақтандыру үшін төлем қабілеттік пен рентабельділікті арттыру жолдарын іздеу керек деген қорытындыға келеміз.

Ұйымның төменгі төлем қабілеттілігі мен рентабельділігін талдау кезінде ұзақ мерзімді міндеттемелерді алу қажет пе деген сұрақ туындайды. Бір жағынан, ұзақ мерзімді міндеттемелерді пайдаланбау ұйымның қаржылық тұрақтылығын, яғни тәуекелсіздігін білдірсе, екінші жағынан, ұзақ мерзімді міндеттемелер ұйымның төлем қабілеттігі мен рентабельділігін арттыруға көмектеседі. Бұл жағдайда «тәуекел-табыс» деген екі факторлы модельге тоқталып кеткен жөн. Бұл модельдің негізгі қағидаты – тәуекелсіз табыс жоқ. Демек, тәуекел мен табыстың қолайлы қатынасын тапқан жөн. Алайда ұйым өз пайдасын өзіндік құнды төмендету негізінде арттырса, қарыз қаражаттарын пайдалану қажеттілігі болмайды.

Сонымен, ұйымның қаржылық жағдайын жақсартудың бірнеше жолдарын атап көрсетуге болады: өзіндік құнды азайту қажет. Ол үшін өзіндік құнға факторлық талдау жасау, оның өсу себептерін анықтау және азайту жөнінде шаралар қолдану керек. Материалдық, еңбек және қаржылық ресурстарының тиімді пайдалануына көп көңіл бөлу қажет.

Сонымен қатар жаңа техникалар енгізу, ғылыми-зерттеу, тәжірибелі-конструкторлық және технологиялық жұмыстар жүргізуді ұмытпаған жөн. Бұл өндірістік шығындардың азаюына септігін тигізіп, ұйым табыстылығын арттырады.

Жоғарыда айтылғандарға қосымша ұйымның өндірістік қуаттылығына талдау жасау, олардың 100 пайыз көлемінде пайдаланылуын қамтамасыз ету және олардың қолданылмайтын бөлігін сату немесе жалға беру қажет.

Бақылау сұрақтары:

1. «Банкроттық» түсінігін қалай түсінесіз?
2. «Банкроттық» және «төлем қабілетсіздік» түсініктерін қалай ажыратуға болады?
3. Ұйымдардың банкрот болу себептері қандай?
4. Ұйымның банкрот болу ықтималдығын бағалаудың қандай әдістерін білесіз?
5. Дискриминанттық фактор модельдерін саралай отырып, олардың тиімділігіне қатысты қандай пікір айта аласыз?
6. Қаржылық сауықтырудың қандай шараларын ұсына аласыз?

Тәжірибелік тапсырмалар

1-тапсырма.

«А» ЖШС балансының негізгі баптары

Баланс баптары	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
1. Баланс валютасы, мың теңге	178649	124770	166166
2. Меншікті капитал, мың теңге	173930	110517	157473
3. Ұзақ мерзімді активтер, мың теңге	6417	5649	11667
4. Қысқа мерзімді активтер, мың теңге	172232	119121	154499
5. Қысқа мерзімді міндеттемелер, мың теңге	2878	18869	15792

Кесте мәліметтері бойынша ұйым балансының құрылымын қанағаттанарлық және ұйымды төлем қабілетті деп бағалауға бола ма? Есептеулердің нәтижесіне қатысты түсініктеме беріңіз.

2-тапсырма.

«А» ЖШС балансының негізгі баптары

Баланс баптары	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
1. Баланс валютасы, мың теңге	178649	124770	166166
2. Меншікті капитал, мың теңге	173930	110517	157473
3. Ұзақ мерзімді активтер, мың теңге	6417	5649	11667
4. Қысқа мерзімді активтер, мың теңге	172232	119121	154499
5. Қысқа мерзімді міндеттемелер, мың теңге	2878	18869	15792

Кесте мәліметтері бойынша ұйым балансының құрылымы қанағаттанарлықсыз және ұйымды төлем қабілетті деп бағалауға болмайтын болса, онда 6 ай ішінде төлем қабілеттілігін қалпына келтіруі мүмкін бе?

3-тапсырма.

«А» ЖШС балансының негізгі баптары

Баланс баптары	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
1. Баланс валютасы, мың теңге	178649	124770	166166
2. Меншікті капитал, мың теңге	173930	110517	157473
3. Ұзақ мерзімді активтер, мың теңге	6417	5649	11667
4. Қысқа мерзімді активтер, мың теңге	172232	119121	154499
5. Қысқа мерзімді міндеттемелер, мың теңге	2878	18869	15792

Кесте мәліметтерінде көрсетілгендей, Э. Альтманның екі факторлы моделі бойынша банкроттық ықтималдығына баға беріңіз.

**ҚАРАСТЫРЫЛҒАН ТАҚЫРЫПТАРДЫ БЕКІТУГЕ
ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ**

1.	Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін экономикалық талдау –
	Зерттелетін объектілердің бөлшектелген бөліктерін (элементтерін) біртұтас бөлікке біріктіру арқылы зерттейтін ғылыми тәсіл
	Экономикалық құбылыстар мен процестердің мәнін оларды құрамдас бөліктерге бөлу арқылы зерттейтін ғылыми тәсіл
	Экономикалық құбылыстар мен процестердің мәнін оларды құрамдас бөліктерге біріктіру арқылы зерттейтін ғылыми тәсіл
	Талдау жүргізу үшін қажетті ақпараттарды жинақтау, тіркеу және жалпылау тәсілі
	Нақты басқару шешімдерін қабылдау үшін жүргізілетін талдау
2.	Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін талдау пәні –
	Экономикалық құбылыстардың себептері
	Экономикалық құбылыстардың салдарлық байланысы
	Экономикалық құбылыстар мен процестердің себеп-салдарлық байланыстары
	Экономикалық құбылыстар мен процестердің даму тенденциялары
	Шаруашылық қызметтің экономикалық нәтижесі
3.	Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін талдау объектісі –
	Экономикалық құбылыстардың даму процестері
	Шаруашылық қызметтің экономикалық нәтижесі
	Бухгалтерлік есеп мәліметтері
	Статистикалық мәліметтер
	Оперативтік мәліметтер
4.	Нормативті-жоспарлы сипаттағы ақпараттар:
	Бухгалтерлік есеп және есептіліктің мәліметтері
	Статистикалық есеп пен есептіліктің мәліметтері

	Ұйымда жасалатын жоспарлардың барлық түрлері, яғни перспективті, ағымдық, жедел жоспарлар, сметалар және т.б.
	Жоғарыда аталғандарға жатпайтын мәліметтер
	Шаруашылық қызмет нәтижелері туралы мәліметтер
5.	Есептік сипаттағы ақпараттардың көздері:
	Бухгалтерлік, статистикалық және оперативтік есеп пен есептілік құжаттарындағы барлық мәліметтер
	Нормативті-құқықтық актілер
	Ұйымда жасалатын жоспарлар
	Заңнамалық актілер
	Ұйым өз қызметінде пайдалануға міндетті ресми құжаттар
6.	Есептік емес ақпарат көздеріне жататын құжаттар:
	Бухгалтерлік, статистикалық және оперативтік есеп пен есептілік құжаттарындағы барлық мәліметтер
	Ұйым өз қызметінде пайдалануға міндетті ресми құжаттар: заңдар, үкімдер, жарлықтар, жоғары басқару органдарының бұйрықтары, тексеру актілері
	Нормативті-құқықтық актілер
	Ұйымда жасалатын жоспарлар
	Заңнамалық актілер
7.	Зерттеу объектісіне байланысты ақпараттар қалай бөлінеді?
	Тікелей және жанама
	Ішкі және сыртқы
	Тұрақты және ауыспалы
	Интенсивті және экстенсивті
	Есептік және есептік емес
8.	Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін талдаудың міндеттерінің бірі:
	Ақпараттарды пайдаланушыларды нақты және дұрыс ақпараттармен дер кезінде қамтамасыз ету

	Ұйым туралы шынайы мәліметтерді қалыптастыру
	Жүргізілген шаруашылық операциялары туралы мәліметтерді жинақтау, тіркеу және жалпылау
	Ұйым қызметінің нәтижесіне объективті, субъективті, ішкі және сыртқы факторлардың әсер етуін зерттеу
	Басқару шешімдерін қабылдау
9.	Қаржы-шаруашылық қызметті талдаудың ұйымды басқарудағы рөлі:
	Ол есеп пен басқару шешімдерін қабылдау арасындағы байланыстырушы звено
	Ол ұйымды басқару үшін қажетті ақпараттарды жинақтау, жүйелеу және жалпылау жүйесі
	Ол ұйымның және оның құрылымдық бөлімшелерінің негізгі бағыттары мен мазмұнын анықтайды
	Ол қажетті статистикалық мәліметтерді жинақтайды
	Ол арқылы бухгалтерлік есеп жүргізіледі
10.	Зерттеу аспектілері бойынша экономикалық талдау қалай бөлінеді?
	Қаржылық, басқарушылық
	Салалық, салааралық
	Ішкі, сыртқы
	Перспективті, ретроспективті
	Оперативті, стратегиялық
11.	Экономикалық талдау салалық ерекшеліктері бойынша қандай түрлерге бөлінеді?
	Салалық және салааралық
	Перспективті және ретроспективті
	Ұйымшілік және ұйымаралық
	Ішкі және сыртқы
	Өндірістік және өндірістік емес
12.	Салалық экономикалық талдау – бұл:

	Сала қызметінің ерекшеліктері ескерілетін талдау
	Талдаудың салалық әдістерінің теориялық және әдістемелік негіздері болып табылады
	Болжамдық талдау
	Стратегиялық талдау
	Оперативті талдау
13.	Салааралық экономикалық талдау – бұл:
	Сала қызметінің ерекшеліктері ескерілетін талдау
	Талдаудың салалық әдістерінің теориялық және әдістемелік негіздері болып табылады
	Қысқа мерзімді талдау
	Стратегиялық талдау
	Оперативті талдау
14.	Экономикалық талдау уақыт белгілеріне байланысты қалай бөлінеді?
	Салалық және салааралық
	Перспективті және ретроспективті
	Ұйымшілік және ұйымаралық
	Қаржылық және басқарушылық
	Маркетингтік, логистикалық
15.	Перспективті талдау – бұл:
	Шаруашылық операциясы іске асырылғаннан кейін жүргізілетін талдау
	Белгілі бір нақты есептік кезеңге жүргізілетін талдау
	Ұйымның даму тенденциясын зерттеу үшін жүргізілетін талдау
	Қабылданған жоспарлардың орындалуын бақылау үшін жүргізілетін талдау
	Шаруашылық операциялары іске асырылғанға дейін жүргізілетін талдау
16.	Ретроспективті талдау – бұл:

	Ұйымның даму тенденциясын зерттеу және қабылданған жоспарлардың орындалуын бақылау үшін жүргізілетін талдау
	Шаруашылық операциялары іске асырылғанға дейін жүргізілетін талдау
	Болжамдық талдау
	Стратегиялық саясатты анықтау үшін жүргізілетін талдау
	Жоспарлар мен басқару шешімдерін негіздеу үшін жүргізілетін талдау
17.	Экономикалық талдау кеңістік белгілері бойынша қалай бөлінеді?
	Салалық және салааралық
	Қаржылық және басқарушылық
	Перспективті және ретроспективті
	Ұйымшілік және ұйымаралық
	Қысқа және ұзақ мерзімді
18.	Ұйымшілік талдау – бұл:
	Бір саладағы екі ұйымның қызмет нәтижелерін салыстыру үшін жүргізілетін талдау
	Сала қызметінің ерекшеліктері ескерілетін талдау
	Тек белгілі бір ұйымды және оның жеке сегменттерін ғана зерттеу үшін жүргізілетін талдау
	Өртүрлі саладағы ұйымдардың қызмет нәтижелерін салыстыру үшін жүргізілетін талдау
	Бір саладағы үш ұйымның қызмет нәтижелерін салыстыру үшін жүргізілетін талдау
19.	Ұйымаралық талдау – бұл:
	Сала қызметінің ерекшеліктері ескерілетін талдау
	Өртүрлі саладағы ұйымдардың қызмет нәтижелерін салыстыру үшін жүргізілетін талдау
	Тек белгілі бір ұйымды және оның жеке сегменттерін ғана зерттеу үшін жүргізілетін талдау
	Бір саладағы екі және одан да көп ұйымдардың қызмет нәтижелерін салыстыру үшін жүргізілетін талдау
	Ұйым филиалдарын зерттеу үшін жүргізілетін талдау

20.	Экономикалық талдау субъектілері (жүргізушілері) бойынша қалай бөлінеді?
	Ішкі және сыртқы талдау
	Кешенді және тематикалық талдау
	Сандық және сапалық талдау
	Қысқа және ұзақ мерзімді талдау
	Оперативті және стратегиялық талдау
21.	Экономикалық талдау зерттеу объектілерін қамту деңгейі бойынша қалай бөлінеді?
	Ішкі және сыртқы талдау
	Тұтастай жүргізілетін және іріктемелі талдау
	Кешенді және тематикалық талдау
	Сандық және сапалық талдау
	Қысқа және ұзақ мерзімді талдау
22.	Экономикалық талдау бағдарламаның мазмұны бойынша қалай бөлінеді?
	Сандық және сапалық талдау
	Қысқа және ұзақ мерзімді талдау
	Кешенді және тематикалық (тақырыптық) талдау
	Ішкі және сыртқа талдау
	Оперативті және стратегиялық талдау
23.	Ұйым қызметінің барлық тармақтарын және жақтарын қамтитын экономикалық талдау қағидасы:
	Тиімділік
	Демократиялылық
	Оперативтілік
	Кешенділік
	Әрекет етушілік

24.	Басқарудың әртүрлі деңгейлеріндегі (ұйым, сала, аймақ) жаппай қоғамдық құбылыстарды зерттеу үшін статистика органдары тарапынан жүргізілетін талдау:
	Әлеуметтік-статистикалық талдау
	Әлеуметтік-экономикалық талдау
	Маркетингтік талдау
	Инвестициялық талдау
	Басқарушылық талдау
25.	Объектінің бір бөлігін ғана зерттеу нәтижелері бойынша қорытындылар жасау үшін жүргізілетін талдау:
	Тұтастай талдау
	Іріктемелі талдау
	Кешенді талдау
	Тематикалық талдау
	Сыртқы талдау
26.	Белгілі бір нақты экономикалық құбылыстарға тән типтік белгілер негізінде ұйым экономикасының жағдайын диагностикалау үшін жүргізілетін талдау:
	Іріктемелі талдау
	Кешенді талдау
	Тематикалық талдау
	Сыртқы талдау
	Экспресс талдау
27.	Шикізаттарды жеткізушілерден бастап, өнімдерді өндіру және оларды сатумен аяқталатын тауар ағымдарын зерттеу үшін жүргізілетін талдау:
	Логистикалық талдау
	Қаржылық талдау
	Басқарушылық талдау

	Маркетингтік талдау
	Фундаменталдық талдау
28.	Экономикалық талдау әдісі – бұл:
	Салыстыру мен топтастыру әдістерін қолдану,
	Сатылмаған өнімнің қалдықтарын өзгерту әдісі
	Факторлық әдіс
	Ұйым қызметінің тиімділігін жоғарылату жолдарын іздестіру мақсатымен қызмет нәтижесін жүйелі және кешенді түрде зерттей отырып, оған әсер ететін факторларды анықтау және жалпылау
	Салыстырмалы бағалармен бағаланатын тауарлық өнімдер
29.	Факторлық талдау дегеніміз –
	Нәтижелік көрсеткіштердің көлеміне әсер ететін факторларды кешенді және жүйелі түрде зерттеу және анықтау әдістемесі
	Зерттеліп отырған құбылыстар мен процестерді эксперттік бағалауға және сапалық салыстырмалық сипаттамаларға негізделген талдау
	Математикалық әдістерді пайдалана отырып зерттеліп отырған құбылыстардың мәнін терең және кешенді зерттеу үшін жүргізілетін талдау
	Ұйым қызметіндегі экономикалық құбылыстар мен процестерді зерттеу үшін жүргізілетін талдау
	Экономикалық құбылыстар мен процестердің мәнін оларды құрамдас бөліктерге біріктіру арқылы жүргізілетін талдау
30.	Жоспардың орындалуы қалай есептеледі?
	Нақты / жоспар · 100
	Жоспар / нақты · 100
	Нақты / жоспар · 100 - 100
	Жоспар / нақты · 100 - 100
	Нақты / жоспар · 100
31.	Базалық кезеңдегі әрбір факторлық көрсеткіштерді ағымдық кезеңдегі нақты көрсеткіштермен біртіндеп ауыстыру жолымен жеке факторлардың нәтижелік көрсеткіштер көлемінің өзгеруіне әсер етуін анықтауға мүмкіндіктер беретін әдіс:

	Абсолюттік айырма әдісі		
	Салыстыру әдісі		
	Тізбектелген қойылымдар әдісі		
	Қатысты айырма әдісі		
	Интегралды әдіс		
32.	Жалпы өнім өндіру бойынша жоспардың орындалуының абсолютті ауытқуын анықтаңыз:		
	Өнім түрі	Өндіріс көлемі, млн.тг	
		Жоспар	Нақты
		Абсолютті ауытқу, млн.тг	
	А	15,0	15,4
	Б	12,5	10,3
	В	25,0	25,5
	Жиынтығы:		?
	-1,3 млн тг		
	-0,5 млн тг		
	0,7 млн тг		
	0,9 млн тг		
	-0,7 млн тг		
33.	Жалпы өнім өндіру бойынша жоспардың орындалуы анықтаңыз:		
	Өнім түрі	Өндіріс көлемі, млн.тг	
		Жоспар	Нақты
		Жоспардың орындалуы, %	
	А	15,0	16,4
	Б	12,5	11,3
	В	25,0	25,5
	Жиынтығы:	52,0	53,2
	?		
	101,3 %		
	102,3 %		
	98,0 %		
	100,0 %		
	90,5 %		
34.	А өнім өндіру бойынша жоспардың ауытқуын және орындалуын анықтаңыз:		

	Өнім түрі	Өндіріс көлемі, млн.тг		Жоспардан абсолюттік ауытқу	Жоспардың орындалуы, %
		Жоспар	Нақты		
	А	600	624	?	?
	-24 және -104 %				
	+24 және 104 %				
	1224 және 124 %				
	+24 және 124 %				
	-24 және 96 %				
35.	Б өнім өндіру бойынша жоспардан ауытқуды және оның орындалуын анықтаңыз:				
	Өнім түрі	Өндіріс көлемі, млн.тг		Жоспардан абсолюттік ауытқу	Жоспардың орындалуы, %
	Жоспар	Нақты			
	Б	400	360	?	?
	760 және 40 %				
	40 және -90 %				
	-40 және 90 %				
	50 және 100 %				
	-24 және 96 %				
36.	Мұнай өнімін өндіру бойынша нормативтен абсолюттік және қатысты ауытқуды анықтаңыз:				
	Өнім түрі	Жұмсалған ресурстар, тонна		Абсолюттік ауытқу, тонна	Қатысты ауытқу, %
Норма		Нақты			
	Мұнай	800	832	?	?
	+32 және +4 %				
	-32 және -4 %				
	+1632 және +104 %				
	1,5 және 10 %				
	+23 және +96 %				
37.	Шикізаттарды пайдаланудың нормативтен қатысты ауытқуын анықтаңыз:				

	Өнім түрі	Жұмсалған ресурстар, тонна		Қатысты ауытқу, %
		Норма	Нақты	
	А	500	550	?
	+50 және +110 %			
	-50 және -10 %			
	+50 және +10 %			
	-50 және +90 %			
	1150 және 1000 %			
38.	«Талдау» сөзі нені білдіреді?			
	Зерттеу және бағалау			
	Қаржылық сипаттағы ақпараттарды жинақтау, трансформациялау және пайдалану			
	Кәсіпорынның қаржылық механизмін, қаржылық ресурстарды қалыптастыру және пайдалану			
	Бөлу, бөлшектеу			
	Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін зерттеумен байланысты арнайы білім.			
39.	Ұйымның қаржылық жағдайын бағалау, қаржыландыру сұрақтарын шешу, қаржылық құралдардың барлық түрлерін пайдалану тиімділігін талдауға бағытталған талдау қалай аталады?			
	Оперативті кешенді экономикалық талдау			
	Қаржылық кешенді экономикалық талдау			
	Инвестициялық кешенді экономикалық талдау			
	Инновациялық кешенді экономикалық талдау			
	Маркетингтік кешенді экономикалық талдау			
40.	Ұйымның өз міндеттемелерін шегеріп тастағаннан кейінгі активтері:			
	Инвестиция			
	Активтер			

	Меншікті капитал
	Пассив
	Қосылған капитал
41.	Қаржылық талдаудың ақпараттық базасы:
	Қаржылық есептіліктің барлық нысандары
	Ұйым мүліктерінің құрамы мен құрылымын, ұйымның төлем қабілеттілігін және қаржылық тұрақтылығын бағалау
	Ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің өндірістік-қаржылық қызметтерінің әртүрлі аспектілері
	Ұйымға қызығушылық танытқан басқа тұлғалар мен ұйымдар
	Ұйым және оның қаржылық жағдайы
42.	Бизнестің ағымдық жағдайын, оның күшті және әлсіз жақтарын бағалауға, стратегиялық мәселелерін анықтауға бағытталған ұйымның ішкі ресурстары мен сыртқы мүмкіндіктерін кешенді талдау – бұл:
	Қаржылық талдау
	Әлеуметтік-экономикалық талдау
	Басқарушылық талдау
	Маркетингтік талдау
	Логистикалық талдау
43.	Ұйымның қаржылық жағдайын зерттеу, сол арқылы оның тұрақтылығын жоғарылату резервтерін іздестіру үшін жүргізілетін талдау:
	Қаржылық талдау
	Әлеуметтік-экономикалық талдау
	Басқарушылық талдау
	Маркетингтік талдау
	Логистикалық талдау
44.	Баланстың әрбір бабының мазмұнын, оның бағалау тәсілін, ұйым қызметіндегі рөлін, басқа да баптармен байланысын білу – бұл:

	Балансты талдау
	Балансты бағалау
	Балансты зерттеу
	Балансты оқи білу
	Баланстың салыстыруы
45.	Басқарушылық талдаудың объектісі:
	Ұйым, оның қаржылық жағдайы
	Ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің өндірістік-қаржылық қызметтерінің әртүрлі аспектілері
	Ұйымға қызығушылық танытқан басқа тұлғалар мен ұйымдар
	Қаржылық есептіліктің барлық нысандары
	Ұйым мүліктерінің құрамы мен құрылымын, ұйымның төлем қабілеттілігін және қаржылық тұрақтылығын бағалау
46.	Абсолютті өтімділік коэффициенті қалай есептеледі?
	Ақша қаражаттары + қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар / қысқа мерзімді міндеттемелер
	Ақша қаражаттары - қысқа мерзімді инвестициялар / қысқа мерзімді міндеттемелер
	Ақша қаражаттары + қысқа мерзімді қарыздар / қысқа мерзімді активтер
	Ақша қаражаттары + қысқа мерзімді инвестициялар / ұзақ мерзімді міндеттемелер
	Қысқа мерзімді міндеттемелер / ақша қаражаттары + қысқа мерзімді инвестициялар
47.	Тез өтімділік (аралық жабу) коэффициенті қалай есептеледі?
	Ақша қаражаттары + қысқа мерзімді инвестициялар / қысқа мерзімді міндеттемелер
	Ақша қаражаттары + қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар + қысқа мерзімді дебиторлық қарыздар / қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер
	Ақша қаражаттары + қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар + қысқа мерзімді дебиторлық қарыздар / ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер

	Қысқа мерзімді міндеттемелер / қысқа мерзімді активтер		
	Қысқа мерзімді активтер / қысқа мерзімді міндеттемелер		
48.	Ағымдық өтімділік коэффициенті қалай есептеледі?		
	Ақша қаражаттары + қысқа мерзімді инвестициялар / қысқа мерзімді міндеттемелер		
	Ақша қаражаттары + қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар + қысқа мерзімді дебиторлық қарыздар / қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер		
	Қысқа мерзімді активтер / қысқа мерзімді міндеттемелер		
	Ұзақ мерзімді активтер / ұзақ мерзімді міндеттемелер		
	Қысқа мерзімді міндеттемелер / қысқа мерзімді активтер		
49.	Есепті кезеңдегі қор сыйымдылығы коэффициентін анықтаңыз (мың тг):		
	Көрсеткіштер	Өткен жыл	Есепті жыл
	Өнімді өткізуден түскен табыс	42200	44640
	Негізгі құралдардың орташа жылдық құны	14628	14800
	Таза пайда	15000	17000
	Негізгі құралдың бастапқы құны	16000	16500
	0,34		
	0,33		
	3,01		
	2,88		
	0,37		
50.	Есепті кезеңдегі негізгі құралдардың қор қайтарымдылығы коэффициентін анықтаңыз:		

	Көрсеткіштер	Өткен жыл	Есепті жыл
	Өнімді өткізуден түскен табыс	22400	24800
	Негізгі құралдардың орташа жылдық құны	4400	4420
	Негізгі құралдардың қалдық құны	11000	12000
	Қор қайтарымдылығы коэффициенті		?
	5,9		
	5,6		
	6,0		
	6,1		
	6,3		
51.	Есепті кезеңдегі таза пайданы анықтаңыз: сатылған өнімдердің көлемі 500 дана; өнімнің 1 бірлігінің бағасы 4,8 тг; өнім бірлігінің өзіндік құны 4,2 тг.		
	300		
	2400		
	2100		
	4500		
	800		
52.	Сату рентабельділігін есептеңіз: пайда 3600 тг; өнімді өткізуден түскен түсім 12000, өнімнің 1 бірлігінің бағасы 50 тг.		
	38 %		
	26 %		
	2 %		
	23 %		
	30 %		
53.	Ұйымның банктен алынған несиелерін төлеу қабілеттілігі:		
	Қаржылық тұрақтылығы		
	Қаржы жағдайы		

	Төлем қабілеттілігі
	Төлем қабілетсіздігі
	Несиелік қабілеттілігі
54.	Тұрақты міндеттемелер қатарына жатады:
	Қысқа мерзімді несиелер мен заемдар
	Уақытында төленбеген кредиторлық борыш, қарыздар
	Ұзақ мерзімді несиелер мен заемдар
	Меншік капитал
	Қатысқан капитал
55.	Өндірілген өнімнің рентабельділігі қалай анықталады?
	Таза пайданы өнімді өткізуден түскен түсімге бөлумен
	Өнімді өткізуден түскен табысты таза табысқа бөлумен
	Жалпы табысты өнімді өткізуден түскен табысқа бөлумен
	Таза табысты жалпы табысқа бөлумен
	Таза табысты өнімнің өзіндік құнына бөлумен
56.	Жиынтық пайда қалай анықталады?
	Өнімді сатудан алынған түсім – сатылған өнімнің өзіндік құны
	Өнімді сатудан алынған табыс – кезең шығындары
	Негізгі қызметтен алынған табыс + негізгі емес қызметтен алынған табыс
	Салық салынғанға дейінгі әдеттегі қызметтен алынған табыс – салықтар
	Өнімді сатудан алынған табыс – салықтар
57.	Ұйымның дер кезінде өзінің барлық міндеттемелері бойынша төлемдер жүргізуге дайындығы:
	Қаржылық тұрақтылығы
	Қаржы жағдайы

	Төлем қабілеттілігі
	Төлем қабілетсіздігі
	Несиеге қабілеттілігі
58.	Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепте ұйым қызметі қандай түрлерге бөлініп қарастырылады?
	Операциялық, инвестициялық, қаржылық
	Қаржылық, басқару, салық
	Оперативті, бухгалтерлік, статистикалық
	Негізгі, қосымша
	Негізгі, негізгі емес
60.	Көлденең талдау арқылы келесіні анықтауға болады:
	Қаржылық есептілік баптарының өткен кезеңмен салыстырғанда абсолюттік және қатысты ауытқуын
	Жеке баптардың жалпы активтер ішіндегі үлес салмағын
	Алдыңғы жылдардың базалық жылмен салыстырғандағы ауытқуын
	Көрсеткіштердің өзара байланыстылығын
	Жекелеген факторлардың нәтижелі көрсеткішке әсерін
61.	Баланс өтімділігін сипаттайтын $A_1 \geq P_1$ теңсіздігі нені білдіреді?
	Өтімділігі неғұрлым жоғары активтер неғұрлым тез төленуі қажетті міндеттемелерден (1 ай ішінде) көп немесе оған тең болуы керек
	Өтімділігі неғұрлым жоғары активтер неғұрлым тез төленуі қажетті міндеттемелерден (1 ай ішінде) аз немесе оған тең болуы керек
	Тез сатылатын активтер ұзақ мерзімді міндеттемелерден көп болуы керек
	Сатылуы қиын активтер меншікті капиталдан көп болуы керек
	Активтер пассивтерден көп болуы керек
62.	«Ұйымның негізгі қызметінен түскен пайда / материалдық шығындар сомасы» формуласы нені көрсетеді?
	Материал сыйымдылығын
	Материал қайтарымдылығын

	Материалдық шығындардың 1 теңгесіне келетін пайда мөлшерін
	Өнімнің сапасын
	Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін
6.	Материал сыйымдылығы қалай анықталады?
	Ұйымның негізгі қызметінен түскен пайда / материалдық шығындар сомасы
	Материалдық шығындар сомасы / ұйымның негізгі қызметінен түскен пайда
	Өндірілген өнімдердің құны / материалдық шығындар сомасы
	Материалдық шығындар сомасы / өндірілген өнімдердің құны
	Материалдық шығындар сомасы / пайда
64.	Материал қайтарымдылығы қалай анықталады?
	Ұйымның негізгі қызметінен түскен пайда / материалдық шығындар сомасы
	Материалдық шығындар сомасы / ұйымның негізгі қызметінен түскен пайда
	Өндірілген өнімдердің құны / материалдық шығындар сомасы
	Материалдық шығындар сомасы / өндірілген өнімдердің құны
	Материалдық шығындар сомасы / пайда
65.	Негізгі құралдардың қозғалысын және техникалық жағдайын талдау үшін қандай коэффициенттер қолданылады?
	Қаржылық тұрақтылық коэффициенттері
	Өтімділік коэффициенттері
	Қор рентабельділігі және табыстылық коэффициенттері
	Қор қайтарымдылығы және қор сыйымдылығы коэффициенттері
	Жарамдылық, тозу, істен шығу, өсім және жаңарту коэффициенттері
66.	Сату рентабельділігін есептеңіз: таза табыс 3200 мың тг; өнімді өткізуден түскен табыс 12000 мың тг.
	22 %
	26 %

	26,66 %										
	26,35 %										
	26,6 %										
67.	Есепті кезеңдегі пайданы анықтаңыз: өткізу көлемі 5000 дана; өткізу бағасы 4,6 тг; өнімнің өзіндік құны 4,0 тг.										
	7000										
	3000										
	5750										
	1000										
	770										
68.	Д өніміне деген сұраныс икемділігінің коэффициентін анықтаңыз:										
	<table border="1"> <thead> <tr> <th rowspan="2">Өнім түрі</th> <th colspan="2">Өсім қарқыны, %</th> <th rowspan="2">Сұраныс икемділігінің коэффициенті</th> </tr> <tr> <th>Баға</th> <th>Сұраныс</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Д</td> <td>4</td> <td>7</td> <td>?</td> </tr> </tbody> </table>	Өнім түрі	Өсім қарқыны, %		Сұраныс икемділігінің коэффициенті	Баға	Сұраныс	Д	4	7	?
Өнім түрі	Өсім қарқыны, %		Сұраныс икемділігінің коэффициенті								
	Баға	Сұраныс									
Д	4	7	?								
	1,75										
	1,20										
	0,57										
	11										
	3										
69.	Өнімді шығару жоспарының орындалу пайызын есептеңіз: жоспар бойынша шығарылуы тиіс өнім – 70800 мың тг. Нақты шығарылғаны – 73200 мың тг.										
	102,32 %										
	103,38 %										
	104,5 %										
	110,23 %										
	115,0 %										
70.	Негізгі құралдар өтімділік дәрежесіне қарай активтердің келесі тобына жатады:										

	Баяу өтетін
	Қиын өтетін
	Тез өтетін
	Ең өтімді
	Өтпейтін
71.	Баланс өтімділігін талдаудың мәні:
	Өтімділіктерінің біртіндеп төмендеуі бойынша топтастырылған активтерді міндеттемелерді өтеу (төлеу) мерзімділігінің деңгейі бойынша топтастырылған пассивтермен салыстыру
	Өтімділіктерінің біртіндеп төмендеуі бойынша топтастырылған активтерді меншікті капиталмен салыстыру
	Өтімділік дәрежесі бойынша топталған қаражаттарды пассивтегі міндеттемелермен бағалау
	Пассив міндеттемелері бойынша топталған қаражаттарды активтің өтімділік дәрежесімен салыстыру
	Өтімділік дәрежесі бойынша топталған қаражаттарды пассивтегі міндеттемелермен салыстыру
72.	Қаржылық талдауда жекелеген көрсеткіштердің жиынтық көрсеткіштегі үлес салмағын анықтайтын әдіс:
	Коэффициенттер
	Трендтік талдау
	Тігінен талдау
	Көлденең талдау
	Факторлық талдау
73.	Қаржылық есептіліктің әрбір позициясын өткен кезең мәліметтерімен салыстыру – бұл:
	Коэффициенттер
	Трендтік талдау
	Тігінен талдау
	Көлденең талдау
	Факторлық талдау

74.	Қаржылық есептіліктің жеке позицияларының арасындағы қатынастар анықтау үшін жүргізілетін талдау:			
	Қаржылық коэффициенттер			
	Трендтік талдау			
	Тігінен талдау			
	Көлденең талдау			
	Факторлық талдау			
75.	Негізгі құралдарды пайдалану тиімділігін қай көрсеткіш сипаттайды?			
	Қор қайтарымдылығы			
	Тозу коэффициенті			
	Жарамдылық коэффициенті			
	Нақты күн коэффициенті			
	Амортизация сомасы			
76.	Қай теңсіздіктер жиыны баланс өтімділігін сипаттайды?			
	$A_1 \geq П_1, A_2 \geq П_2, A_3 \geq П_3, A_4 \leq П_4$			
	$A_1 \leq П_1, A_2 \geq П_2, A_3 \leq П_3, A_4 \geq П_4$			
	$A_1 \leq П_1, A_2 \geq П_2, A_3 \geq П_3, A_4 \geq П_4$			
	$A_1 \leq П_1, A_2 \leq П_2, A_3 \leq П_3, A_4 \geq П_4$			
	$A_1 \geq П_1, A_2 \leq П_2, A_3 \leq П_3, A_4 \geq П_4$			
77.	Трендтік әдісті пайдалана отырып, базистік жылға қатысы бойынша өндіріс көлемінің өзгеруін анықтаңыз:			
	Жылдар	Өндіріс көлемі		
		мың теңге	Базистік жылға қатысы, %	
		2009	9500	100
		2010	9690	?
2011	9600	?		
2010 ж. – 101; 2011 ж. – 102				
2010 ж. – 102; 2011 ж. – 101				

	2010 ж. – 102; 2011 ж. – 103			
	2010 ж. – 103; 2011 ж. – 102			
	2010 ж. – 103; 2011 ж. – 104			
78.	Трендтік әдісті пайдалана отырып, базистік жылға қатысы бойынша жұмыскерлер санының өзгеруін анықтаңыз:			
	Жылдар	Жұмыскерлер саны		
		Адам	Базистік жылға қатысы, %	
	2009	1200	100	
	2010	1150	?	
	2011	1100	?	
	2010 ж. – 95,8; 2011 ж. – 91,7			
	2010 ж. – 94,8; 2011 ж. – 90,7			
	2010 ж. – 93,8; 2011 ж. – 89,7			
	2010 ж. – 105; 2011 ж. – 107			
	2010 ж. – 90; 2011 ж. – 95			
79.	Трендтік әдісті пайдалана отырып, базистік жылға қатысы бойынша бір жұмыскердің өнімділігінің өзгеруін анықтаңыз:			
	Жылдар	Бір жұмыскердің өнімділігі		
		Мың теңге	Базистік жылға қатысы, %	
		2009	7,9	100
		2010	8,4	?
	2011	8,7	?	
	2010 ж. – 105; 2011 ж. – 107			
	2010 ж. – 103,9; 2011 ж. – 102,7			
	2010 ж. – 102,7; 2011 ж. – 103,9			
	2010 ж. – 110,1; 2011 ж. – 106,3			
	2010 ж. – 106,3; 2011 ж. – 110,1			
80.	Қаржылық есептіліктің қандай элементтері ұйымның қаржылық жағдайын бағалаумен байланысты?			
	Активтер, міндеттемелер, табыстар			
	Активтер, меншікті капитал, шығындар			
	Активтер, міндеттемелер, капитал			

	Меншікті капитал, шығындар және табыстар
	Табыстар, шығындар, міндеттемелер
81.	Негізгі құралдардың тиімді пайдаланылуын сипаттайтын көрсеткіштер:
	Іскерлік белсенділік коэффициенттері
	Өтімділік коэффициенттері
	Қор қайтарымдылығы, қор сыйымдылығы
	Тиімділік көрсеткіштері
	Қатысты көрсеткіштер
82.	Ұйымның қаржылық тұрақтылығы бағаланатын коэффициенттерді атаңыз:
	Өндірістік мақсаттағы мүліктер, негізгі құралдардың шынайы құны мен активтердің мобильділігі коэффициенттері
	Негізгі құралдардың тозуы, жарамдылығы, жанартылуы мен активтердің мобильділігі коэффициенттері
	Тәуелсіздік, тәуелділік, қаржыландыру, тәуекелділік коэффициенттері
	Айналымдылық коэффициенттері
	Рентабельділік коэффициенттері
83.	Негізгі құралдардың техникалық жағдайын сипаттайтын көрсеткіштер:
	Тозу және жарамдылық коэффициенттері
	Қор қайтымдылығы және қор сыйымдылығы коэффициенттері
	Қормен қаруландыру коэффициенті
	Негізгі құралдардың бастапқы және қалдық құндары
	Қаржыландыру және тәуелсіздік коэффициенттері
84.	Негізгі құралдардың тозу коэффициентін анықтау қажет: негізгі құралдардың бастапқы құны = 215, негізгі құралдардың қалдық құны = 105, тозу сомасы = 85.
	0,48
	0,10

	0,39
	0,45
	0,80
85.	Негізгі құралдардың тозу коэффициенті қалай анықталады?
	Негізгі құралдардың тозу сомасы / негізгі құралдардың қалдық құны
	Негізгі құралдардың тозу сомасы / баланс валютасы
	Негізгі құралдардың тозу сомасы / негізгі құралдардың бастапқы құны
	Негізгі құралдардың қалдық құны/ негізгі құралдардың бастапқы құны
	Негізгі құралдардың қалдық құны / баланс валютасы
86.	Негізгі құралдардың жарамдылық коэффициенті анықталады:
	Негізгі құралдардың тозу сомасы / негізгі құралдардың қалдық құны
	Негізгі құралдардың тозу сомасы / баланс валютасы
	Негізгі құралдардың тозу сомасы / негізгі құралдардың бастапқы құны
	Негізгі құралдардың қалдық құны/ негізгі құралдардың бастапқы құны
	Негізгі құралдардың қалдық құны / баланс валютасы
87.	Негізгі құралдардың қор қайтарымдылығы сипаттайды:
	Пайдалану тиімділігін
	Жарамдылық дәрежесін
	Тозу мөлшерін
	Нақты құнын
	Техникалық жағдайын
88.	Негізгі құралдардың жарамдылық коэффициенті сипаттайды:
	Пайдалану тиімділігін
	Пайдалану дәрежесін
	Тозу мөлшерін

	Нақты құнын
	Техникалық жағдайын
89.	Негізгі құралдардың қор сыйымдылығы есептеледі:
	Өнімді өткізуден түскен табыс / негізгі құралдардың орташа жылдық құны
	Таза табыс / негізгі құралдардың орташа жылдық құны
	Жалпы табыс / негізгі құралдардың орташа жылдық құны
	Негізгі құралдардың орташа жылдық құны / өнімді өткізуден түскен табыс
	Өнімнің өзіндік құны / негізгі құралдардың орташа жылдық құны
90.	Өнімді өткізуден түскен табыс пен өткізілген өнімнің өзіндік құны арасындағы айырма:
	Маржиналдық табыс
	Жиынтық пайда
	Негізгі қызметтен түскен табыс
	Таза пайда
	Қорытынды пайда
91.	Есепті жылға өнімді өткізуден түскен табысты анықтаңыз: өнім саны = 1400 дана, өнім бағасы = 5,5 тг.
	7000
	6600
	7700
	7720
	7800
92.	Өткізілген өнімнің өзіндік құны келесі қаржылық есептілік нысанында көрсетіледі:
	Бухгалтерлік баланс
	Пайда мен зиян туралы есеп
	Ақша қаражаттар қозғалысы туралы есеп

	Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп
	Түсіндірме хат
93.	Негізгі құралдардың баланстық құны дегеніміз:
	Бұл жинақталған тозу сомасын алып тастағандағы негізгі құралдардың бастапқы немесе ағымдағы құны
	Бұл бастапқы құн
	Бұл қалпына келтіру құны
	Бұл ағымдағы құны
	Бұл тозу сомасын алып тастағандағы өткізу құны
94.	Негізгі құралдардың жарамдылық коэффициентін анықтау: негізгі құралдардың бастапқы құны = 138, негізгі құралдардың қалдық құны = 78, тозу сомасы = 70.
	0,56
	0,50
	0,89
	0,04;
	0,80.
95.	Негізгі құралдардың жарамдылық коэффициентін мәліметтер бойынша есептеу: Баланс валютасы = 759, негізгі құралдардың бастапқы құны = 138, негізгі құралдардың қалдық құны = 68, тозу сомасы = 70, таза табыс = 59.
	0,51
	0,49
	2,02
	0,04
	0,08
96.	Негізгі құралдардың жаңарту коэффициенті анықталады:

	Келіп түскен негізгі құралдар құны / жыл соңындағы негізгі құралдар құны · 100
	Кезең аяғындағы негізгі құралдар құны / Келіп түскен негізгі құралдар құны · 100
	Есептен шыққан негізгі құралдар құны / Кезең аяғындағы негізгі құралдар құны · 100
	Кезең аяғындағы негізгі құралдар құны / Есептен шыққан негізгі құралдар құны · 100
	Негізгі құралдардың өсімше құны / Кезең аяғындағы негізгі құралдар құны · 100
97.	Негізгі құралдардың істен шығу коэффициенті қалай анықталады?
	Келіп түскен негізгі құралдар құны / Кезең аяғындағы негізгі құралдар құны
	Кезең аяғындағы негізгі құралдар құны / Келіп түскен негізгі құралдар құны
	Істен шыққан негізгі құралдар құны / Кезең басындағы негізгі құралдар құны
	Кезең аяғындағы негізгі құралдар құны / Істен шыққан негізгі құралдар құны
	Негізгі құралдардың өсімше құны / Кезең аяғындағы негізгі құралдар құны
98.	Негізгі құралдардың өсім коэффициенті анықталады:
	Келіп түскен негізгі құралдар құны / Кезең аяғындағы негізгі құралдар құны
	Кезең аяғындағы негізгі құралдар құны / Келіп түскен негізгі құралдар құны
	Есептен шыққан негізгі құралдар құны / Кезең аяғындағы негізгі құралдар құны
	Кезең аяғындағы негізгі құралдар құны / Негізгі құралдардың өсім сомасы
	Негізгі құралдардың өсім сомасы / Кезең басындағы негізгі құралдар құны
99.	Негізгі қызметтен түскен пайда / негізгі құралдың орташа жылдық құны – ол:
	Қор қайтарымдылығы
	Қор сыйымдылығы
	Қор қарулығы

	Интегралды көрсеткіш
	Қор рентабельділігі
100.	Активтерді өтімділік деңгейі бойынша топтастыру қалай жүргізіледі?
	Өтімділігі неғұрлым жоғары активтерден өтімділігі төмен активтерге қарай
	Өтімділігі төмен активтер өтімділігі жоғары активтерге қарай
	Өндіріс процесіндегі функционалдық рөлі бойынша
	Табысы төменінен жоғарыға қарай
	Табысы жоғарыдан төменіне қарай

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ

1. Дюсембаев К.Ш. Анализ финансовой отчетности: учебник / К.Ш. Дюсембаев. – Алматы: Экономика, 2009. – 365 с.
2. Экономикалық талдау негіздері: оқу құралы / Ж.З. Оралбаева, А.З. Арыстамбаева. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2014. – 131 б.
3. Экономикалық талдау теориясы: оқу құралы / Р.Е. Джаншанло, Ж.З. Оралбаева. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2016. – 187 б.
4. Қаржылық талдау: оқу құралы / Р. Е. Джаншанло, М. Байдаулетов, Э. А. Актуреева. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2017. – 287 б.
5. Басқарушылық талдау: оқу құралы / Р.Е. Джаншанло, А.З. Арыстамбаева. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2018. – 229 б.
6. Анализ хозяйственной деятельности предприятия: учебник / Г.В. Савицкая. – 6-е изд., испр. и доп. – М.: НИЦ ИНФРА-М, 2016. – 378 с.
7. Экономический анализ: учебник / Р.Е. Джаншанло. – Алматы: LEM, 2015. – 684 с.
8. Анализ и диагностика финансово-хозяйственной деятельности предприятия: учебник / А.Д. Шеремет. – 2-е изд., доп. – М.: ИНФРА-М, 2019. – 374 с.
9. Любушин Н.П. Комплексный экономический анализ хозяйственной деятельности: учеб. пособие для студентов вузов / Н.П. Любушин. – 3-е изд., перераб. и доп. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2016. – 448 с.
10. Бернстайн Л.А. Анализ финансовой отчетности: теория, практика и интерпретация: пер.с англ / Научн. ред. перевода чл.-корр. РАН И.И. Елисеева. Гл. редактор серии проф. Я.В. Соколов. – М.: Финансы и статистика, 2003. – 624 с.

ГЛОССАРИЙ

«Талдау» сөзі гректің *«analysis»* деген сөзінен шыққан, «бөлемін», «бөлшектеймін» дегенді білдіреді және қазіргі заманда талдау, бөлшектеу, ой таразысына салу дегенді білдіреді.

Көлденен (уақытша) талдау – есеп берудің әрбір позициясын өткен кезеңімен салыстыру.

Тікелей (құрылымдық) талдау – әрбір есеп позициясының жалпы нәтижеге тигізетін әсерін айқындай отырып, қорытынды қаржылық көрсеткіштердің құрылымын анықтау.

Трендтік талдау – барлық көрсеткіштер 100 пайыз деп алынатын базистік жыл деңгейінен, бірқатар жылдар көрсеткіштерінің салыстырмалы ауытқуын есептеу негізделеді.

Коэффициенттер салыстырмалы шамалар болып табылады, оларды есептеу кезінде шамалардың біреуін бірлік ретінде алып, ал екіншісін бірлікке қатынасы ретінде көрсетеді.

Салыстырмалы (кеністік) талдау – бұл фирмалардың, еншілес фирмалардың, бөлімшелердің және цехтердің жекелеген көрсеткіштері бойынша есебінің құрама көрсеткіштерін шаруашылық ішіндегі талдау, сондай-ақ берілген фирманың көрсеткіштерін орташа салалық және орташа жалпы экономикалық мәліметтері бар бәсекелес фирмалардың көрсеткіштерімен салыстырғандағы шаруашылық аралық талдау болып табылады.

Факторлық талдау – жекелеген факторлардың қорытынды көрсеткішке тигізетін әсерін зерттеудің детерминдік (анықтау) немесе реттелмеген тәсілдері көмегімен талдау.

Абсолюттік өтімділік коэффициенті қаражат қорының мөлшері ақша қаражаты мен қысқа мерзімді қаржылық салымдар қосындысының қысқа мерзімді қарыздар қатынасына тең.

Тез өтімділік коэффициенті – ақша қаражаты мен қысқа мерзімді қаржылық салымдар, қысқа мерзімді дебиторлық қарыздар қосындысының қысқа мерзімді міндеттемелер қатынасы.

Ағымдық өтімділік коэффициенті айналымдағы барлық активтерді қысқа мерзімді міндеттемелер жиынтығына бөлгенге тең.

Қарыздық қор капиталы – банктер мен қаржылық компаниялардың кредиттері, залалдар, кредиторлық берешек, лизинг, коммерциялық қағаздар және т.б.

Жеке капиталдың тұрақты өсу деңгейі есепті кезеңнің капиталды табыс сомасына бастапқы кезеңнің жеке капиталына бөлу жолымен анықталады.

Салық салуға дейінгі табыс – несие берушілерге пайыз сомасын төлегеннен кейінгі қорытынды.

Таза пайда – бұл кәсіпорындағы барлық салықтың, экономикалық санкциялар мен т.б. міндетті төлемдер төленгеннен кейінгі кәсіпорынның өз пайдалануына қалатын қаржы сомасы немесе табысы.

Есеп саясаты – субъектінің басшысы қабылдаған бухгалтерлік есепті оның қағидалары мен негіздеріне сәйкес жүргізуге және қаржылық есептілікті ашуға арналған әдістер жиынтығы.

Қаржылық талдау – ұйымның қаржылық механизмін тану, ұйымның оперативті және қаржылық қызметін жүргізуге қажетті қаржылық ресурстарды қалыптастыру мен пайдаланудың әдісі.

Басқарушылық есептілік – өндірілген өнімнің өзіндік құны, басқару есебі негізінде құрастырылатын есептілік жөніндегі ақпаратты қамтитын сыртқы пайдаланушыларға берілмейтін, коммерциялық құпия саналатын ақпараттар жиынтығы.

Қаржылық есептілік – ұйымның есепті кезеңдегі шаруашылық қызметінің нәтижелері мен қаржылық жағдайы жөніндегі акционерлер, банк, сақтандыру ұйымдары, үкімет ұйымдары үшін арнайы анықтамалықтарда, қаржылық газеттер мен бюллетеньдерде жарияланатын есептілік.

Операциялық қызмет дегеніміз – ұйымның табыс алуға бағытталған, инвестициялық және қаржылық қызметтен өзгеше негізгі қызметі.

Инвестициялық қызмет – ұзақ мерзімді активтерді сатып алу және сату, несиелерді алумен және берумен байланысты қызметі.

Қаржылық қызмет – нәтижесінде меншікті капитал мен қарыз қаражаттарының құрамы мен мөлшерінде өзгеріс туындайтын қызмет түрі.

Тікелей әдіс – негізгі ақша түсімдері мен төлемдерін ашу әдісі. Бұл әдіс табыстар мен шығыстар жөніндегі есептілік баптарын түзетуді талап етеді.

Жанама әдіс – таза табыс немесе зиян ағымдағы активтердің, міндеттемелердің, ақшалай емес операциялардың түзетілуін, инвестициялық және қаржылық қызмет нәтижелері болып табылатын табыстар мен шығыстарға түзетілуін талап ететін әдіс.

Жұмылдырылған қаражаттар – өндіріс процестерінде үнемі қозғалыста болатын қаражаттар. Оларға ағымдағы активтер жатады.

Жұмылдырылмаған қаражаттар – тұрақты өзгертуге ұшырамайтын қаражаттар, оларға ұзақ мерзімді активтер жатады.

Айналымдық коэффициенттері өнімдер (жұмыстар, қызметтерді) сатудан алынған табыстардың дебиторлық борыштардың орташа мөлшеріне қатынасы ретінде анықталады.

Дебиторлық борыштардың айналымдылығы күн ретінде есептеліп, қайтаруға қажетті күндер санын көрсетеді. Кезеңдегі күндер санын айналымдық коэффициентіне бөлу арқылы анықталады.

Ағымдағы активтердің айналымдық коэффициенті олардың қаралып отырған кезеңдегі айналымның жылдамдығын көрсетеді. Ағымдағы активтердің айналымдығын жеделдету оларды халық шаруашылығында қолдануға деген қажеттілігін азайтады.

Тәуелсіздік коэффициенті: $T_k = M_k : A_k$. Мұндағы M_k – меншікті капитал; A_k – аванстық капитал.

Осы коэффициент арқылы ұйымның қарыз капиталынан қаншалықты тәуелсіз екендігін және меншікті қаражаттарын қолдану мүмкіндігін көрсетеді.

Шетелдік экономистердің ойынша, тәуелсіздік коэффициенті сәйкесінше жоғары дәрежеде болғаны жөн. Бұл қаражаттар көздерінің құрылымын тұрақтандыруға мүмкіндік береді. Мұндай құрылым инвесторлар мен кредиторларды тартады. Меншікті қаражаттар көп болған сайын ұйым қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз етуге, нарық шарттарына сәйкес болуға мүмкіндік бе-

реді. Сол себепті кәсіпкерлер әртүрлі резервтерді ашу мен бөлінбеген табысты жарғылық капиталға тікелей қосу арқылы меншікті капитал мөлшерін арттыруды көздейді.

Тәуелділік коэффициенті: $K_t = CT_k / Ak$.

CT_k – сырттан тартылған капитал.

Бұл коэффициент жалпы аванстық капитал сомасындағы қарыздың үлесін көрсетеді. Оның мөлшері қаншалықты көп болса, соншалықты басым мөлшерде ұйым сыртқы көздерден қаржыландырылады.

Қаржыландыру коэффициенті: $K_k = M_k / CT_k$.

Бұл коэффициент мөлшерінің көп болуы банктер мен инвесторлар үшін қызығушылық тудырады. Коэффициент ұйым қызметінің қандай бөлігі меншікті қаражат, қандай бөлігі сырттан тартылған қаражат есебінен қаржыландырылатынын көрсетеді.

Қор қайтымдылығы – негізгі құралдардың қолданылуының негізгі көрсеткіші, сатудан алынған табысты негізгі құралдардың орташа жылдық құнына бөлу арқылы анықталады.

Қор сыйымдылығы – қор қайтымдылығына кері көрсеткіш, өнімдердің бір теңгесіне сәйкес келетін негізгі өндірістік құралдардың мөлшерін сипаттайды.

Материал қайтымдылығы өндірілген өнім санын материалдық шығындар сомасына бөлу арқылы анықталады. Бұл көрсеткіш қолданылған ресурстардың әрбір теңгесіне қанша өнім өндірілгенін көрсетеді.

Материал сыйымдылығы – материалдық шығындар сомасының өндірілген өнім санына қатынасы арқылы анықталады. Көрсеткіш бір өнім бірлігіне қанша материалдық шығын қажет екенін көрсетеді.

Оқу басылымы

Оралбаева Жанар Закарияновна
Арыстамбаева Альмира Заурембековна

ҰЙЫМНЫҢ ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ТАЛДАУ

Оқу құралы

Редакторы *К. Сәбит*
Компьютерде беттеген *Ү. Молдашева*
Мұқабасын безендірген *Я. Горбунов*

Мұқабаны безендіруде сурет
www.aigak.kz сайтынан алынды

ИБ №12737

Басуға 20.04.2019 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 ¹/₁₆.
Көлемі 11,62 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылым. Тапсырыс №2136.

Таралымы 120 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.



9 786010 438996